

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТЕРІН  
ӘДІСТЕМЕЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ**

**Астана – 2022**

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама).

**Орта білім беру ұйымдары педагогтерін әдістемелік сүйемелдеу –**  
Астана қаласы: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 410 б.

Осы әдістемелік ұсынымдарда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету бойынша үш маңызды тақырып қамтылған.

Әдістемелік ұсынымдардың бірінші тарауында педагогтердің зерттеу дағдысын дамытудың жолдары жазылған.

Екінші тарауында аттестаттау аясында авторлық бағдарлама әзірлеу және оны тарату бойынша кеңестер берілген.

Үшінші тарауында эссе жазудың шетелдік және отандық тәжірибелері зерделеніп, педагогтерге эссе жазудың талаптары мен шарттары ұсынылды.

Әдістемелік ұсынымдар педагогтердің кәсіби дағдысын жетілдіру контекстінде өзекті, сонымен қатар, олардың аттестаттаудан өтуінде көмекші құрал ретінде пайдалы ақпараттарды қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне және білім жүйесінде қызмет ететін мамандарға арналады.

## АЛҒЫ СӨЗ

XXI ғасырдың шарттары мен өзгерістері барлық саланың мамандары үшін жаңа талаптар қойды. Ғылымның қарқынды дамуы, технологиялардың жылдам жаңаруы, қоғамдық түсініктердің өзгеруі, индивидтердің жаңа жағдайға жылдам бейімделіп, уақыт талабына сай дағдыларды игеруін өзекті етті. Осындай шарттар шеңберінде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болу үшін өзінді-өзің үнемі жетілдіріп отырудың өзектілігі артты. Сол себепті қазіргі таңда ең жиі қолданылатын сөз тіркестерінің бірі «өмір бойы оқу» ұғымы болып отыр. Өмір бойы оқу, үнемі үйрену, әрдайым біліктілікті арттыру өз саласында сапалы маман болуға ұмтылған кез келген кадрдың өмірлік принциптеріне айналды.

Еңбек нарығына қажетті болашақ мамандарға бастапқы білім беретін және білім алушылардың өмірге көзқарасын қалыптастыруға көмектесетін орта білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби біліктілігі маңызды. Орта білім беру ұйымдарының педагогтері мемлекеттегі болашақ адам капиталы сапасының фундаментін қалайды, сонымен қатар келешек қоғамның ерекшелігін қалыптастыратын азаматтарға тәрбие береді және қажетті құндылықтар нәрін себеді. Осыған байланысты педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және оларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында осы әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдама педагогтер үшін өзекті үш тақырыпты қамтиды: ғылыми зерттеу жүргізу, авторлық бағдарлама әзірлеу және эссе жазу. Тақырыптар әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері және орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қажеттіліктері негізінде әзірленді. Бұл тақырыптар заманауи талаптар шеңберінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру контекстінде ғана өзекті емес, сонымен қатар нормативтік жүйеге енгізілген соңғы өзгерістер аясында педагогтердің аттестациядан өтуі тұрғысынан да маңызды. Осы үш мәселені бір әдістемелік ұсынымдарға біріктіру бір жағынан оқырманға тақырыптарды өзара байланыстырып беру тұрғысынан пайдалы болса, екінші жағынан оқырманға өзі үшін маңызды тараудың мазмұнына көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

Бірінші тарауда педагогтердің зерттеу дағдысын дамытудың жолдары көрсетілген. Бұл бөлімдегі ақпарат педагогтердің ғылыми зерттеу жүргізу, ғылыми мақала жазуына қажетті материалдарды қамтиды. Тарауда зерттеу жүргізетін тақырыпты таңдаудан бастап, оны жариялауға дейінгі аралықтағы процестің барлығы ықшамдалып берілген. Ұсынылған ақпараттың мазмұны педагогтің оқыту процесі мен ғылыми зерттеу жүргізу процесін қоса алып жүруіне пайдалы етіп құрылымдалған.

Екінші тарауда авторлық бағдарлама әзірлеу және оны тарату бойынша кеңестер берілген. Бұл тарауда берілген ақпарат педагогтердің біліктілік санатын жоғарылатуы үшін қажетті шарттардың бірі – авторлық бағдарлама дайындау бойынша мағлұматын кеңейтеді.

Үшінші тарауда эссе жазудың шетелдік және отандық тәжірибелері

зерделеніп, педагогтерге эссе жазудың талаптары мен шарттары ұсынылды. Бұл тараудың мазмұны теориялық ақпаратты практикалық жаттығулармен ұштастырып, педагогтерге шағын эссе жазу бойынша білімдері мен дағдыларын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жалпы, осы тарауда берілген ақпарат аттестаттау кезінде сапалы эссе жазуға көмектеседі.

Әдістемелік ұсынымдар педагогтердің кәсіби дағдысын жетілдіру, оларға әдістемелік көмек көрсету контекстінде өзекті. Сол себепті аталған материалдар облыстық және аудандық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің әдіскерлері үшін де қажетті құрал. Сонымен қатар, білім жүйесіндегі құрылымдарда қызмет ететін мамандарға, жалпы орта білім саласы мен педагогикалық қызметке қызығушылық танытатын көпшілікке танымдық тұрғыдан пайдалы. Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне және білім жүйесінде қызмет ететін мамандарға арналады.

## **ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

## **Глоссарий**

Әдістемелік ұсынымдаманың осы тарауында мына терминдер мен қысқарған сөздер төмендегі мағынада қолданылды (бұл тұста көптеген терминдердің, ұғымдардың анықтамасы ғылым бағытына, мектепке т.б. қарай өзгертiнiн ескеру қажет).

**Академиялық адалдық** – бiлiм алу, бiлiм беру және зерттеу процесi кезiнде дұрыс құндылықтар мен моральдi басшылыққа алу.

**Ақпараттандырлған келiсiм** – зерттеуге қатысушы тарапқа зерттеу туралы қажеттi ақпарат берiлгендiгiн растайтын зерттеушi мен зерттеуге қатысушы арасында жасалатын келiсiм.

**Әлеуметтiк феномен (құбылыс)** – индивидтiң, индивидтер арасындағы, қоғам iшiндегi мiнез-құлық, әрекеттер.

**Дедукциялық тәсiл** – зерттеу процесiн, дәлелдеудi жалпыдан жалқыға қарай құрылымдау (әдетте сандық тәсiлде қолданылады).

**Зерттеу болжамы** – зерттеудiң не нәрсенi анықтауға бағытталғанын тұжырымдаған жорамал сенiмi (әдетте сапалық тәсiлде қолданылады).

**Зерттеу гипотезасы** – зерттеудiң не нәрсенi тексеруге бағытталғанын тұжырымдаған нақты мәлiмдемесi (әдетте сандық тәсiлде қолданылады).

**Зерттеу дизайны (стратегиясы)** – зерттеудiң қалай iске асатындығы туралы зерттеушiнiң жоспары.

**Зерттеу нәтижелерiн жалпылау** – белгiлi бiр зерттеу нәтижесiнде алынған қорытындылардың нәтижесiн кең түрде (басқалар үшiн де) қолдануға болатынын жариялау.

**Зерттеу этикасы** – зерттеушi зерттеу жобасын академиялық адалдыққа сай жүргiзуде және оны iске асыру кезiнде зерттеуге қатысушыға қандай да бiр терiс ықпал етудi болдырмау және қауiпсiздiгiн қамтамасыз етуде басшылыққа алатын қағидалар.

**Индукциялық тәсiл** – зерттеу процесiн, дәлелдеудi жалқыдан жалпыға қарай құрылымдау (әдетте сапалық тәсiлде қолданылады).

**Келiсiм парағы** – зерттеуге қатысушыдан ақпараттандырылған келiсiм алу үшiн зерттеуге қатысушыға ұсынылатын зерттеу жобасы туралы қысқаша ақпарат.

**Корреляция** – екi немесе одан да көп айнымалы арасындағы байланыстың деңгейiн анықтау.

**Модельдеу** – құбылысты түсіну және түсіндіру мақсатында зерттеу жүргізу үшін тікелей сынақ өткізуге қиын жүйені, нысанды көшірмелеу

**Нарратив** – тұлғаның бір нәрсені туралы жазған немесе айтқан баяндауы, әңгімесі.

**Плагиат** – әдейі немесе байқамай басқа тұлғаға тиесілі мәтінді немесе идеяны өз атынан беру.

**Талдау** – мәнін түсіну мақсатында құбылысты, мәселені, ақпаратты бөліктерге бөлу

**Триангуляция** – зерттеудің сапасын арттыру үшін зерттеліп отырған мәселені бірнеше әдіспен немесе тәсілмен қарау. Триангуляция әдетте сапалық тәсілде жиі қолданылады. Аралас әдістен және көп-әдісті зерттеуден айырмашылығы триангуляция зерттеудің жарамды және сенімді екенін дәйектеу мақсатында көмекші әдістерді қолдануды білдіреді.

**Рандомизация** – зерттеуге қатысатын адамдарды, заттарды немесе орындарды кездейсоқ таңдау арқылы іріктеуде кететін бұрмалаушылықты азайту жолымен зерттеу процесінің шынайлығы мен сенімділігін арттыру

## Кіріспе

Мемлекеттегі білім жүйесін жетілдіру мен білім сапасын күшейту үшін педагогикалық зерттеулер маңызды. Педагогика саласындағы зерттеу жұмыстары білім беру мен білім алу, білім сапасын бағалау мен өлшеу, тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыру, білім саласындағы стандарттар мен оқу бағдарламасын жетілдіру, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сай оқыту мен тәрбиелеу, білім беру ұйымдарын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қажеттіліктеріне қарай жобалау мен жабдықтау, ішкі және сыртқы коммуникация жүйесін жетілдіру, білім алушы мен тәрбиеленушінің отбасылық жағдайы мен когнитивті ерекшеліктерінің алатын біліміне ықпалы, ата-аналармен және басқа да тараптармен сапалы байланыс орнату, білім саласындағы менеджменттің тиімділігін арттыру т.б. толып жатқан факторларды анықтауға көмектеседі. Білім беру саласындағы зерттеулер нәтижесінде жасалынған тұжырымдар білім жүйесін жақсарту мен білім берудің сапасын күшейту үшін ғылыми негізделген мемлекеттік шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, білім саласында еңбек ететін мамандар мен педагогтердің олардың қорытындысын пайдалану арқылы өз қызметін жақсартуға ұмтылуына жол ашады. Сапалы білім мемлекеттегі көзі ашық азаматтар мен білікті кадрлардың үлесін арттыру арқылы адам ресурстарын дамытуға септігін тигізіп, нәтижесінде қоғамның бақуаты жақсарады. Осындай маңыздылығына байланысты көптеген мемлекеттер педагогикалық зерттеулерді күшейтуге назар аударуда, соның нәтижесінде білім саласындағы ғылыми ізденістер саны жыл өткен сайын артып отыр.

Бұл бағытта практик ретінде педагогтердің де білім саласындағы зерттеулерге қосатын үлесі үлкен. Практик ретінде мұғалімдер білім алушыларды үнемі бақылау және оқытудағы жаңашылдықтардың, инновациялық технологиялар мен жаңа әдістемелердің білім сапасына ықпалын бағалау мүмкіндігіне ие. Сондай-ақ, олар ол бақылау мен бағалау процесін ұзақ уақыт жүргізе алады. Анығырақ айтқанда, педагог алдындағы білім алушыларға оқытудың қандай әдістемелері, технологиялары, коммуникация тәсілі оң ықпал ететінін бірнеше жыл бойы зерттейтін уақыт ресурсы бар. Осындай ұзақ бақылау барысында жастардың білім алуына оң және теріс ықпал ететін факторларды бағалай алады. Сонымен қатар, педагогтің зерттеумен айналысуы білім сапасын арттыру тұрғысынан өзекті. Педагогтің ғылыми талаптарға сәйкес жүргізген бақылауының және алынған қорытындыларын көпшілікпен бөлісуінің нәтижесінде білім сапасын арттыратын факторларды айқындауға және таратуға мүмкіндік береді. Оның үстіне бұл білім беру жүйесіне қатысты ғылыми әдіспен жиналған ақпарат көлемін ұлғайтып, ондағы процестер туралы кеңірек түсінік қалыптастырады. Педагогтердің зерттеумен айналысуының осындай артықшылықтарын ескеріп, осы әдістемелік ұсынымдар педагогтердің зерттеу құзыреттілігін



арттыру мақсатында ғылымда қалыптасқан соңғы ережелер мен талаптар бойынша ақпарат беру үшін жазылып отыр.

Зерттеу жүргізудің ғылыми ортада қалыптасқан талаптары, стандарттары, нормалары мен кезеңдері бар. Бұл талаптар мен стандарттар зерттеу бағытына қарамастан көп жағдайда барлық ғылым саласына ортақ болып келеді. Кез келген зерттеу басқа адамдар тарапынан мойындалуы үшін, әсіресе ғылыми қоғамдастық қабылдауы үшін ғылымда орныққан стандарттар шеңберінде жүргізілуі және академиялық ортада қалыптасқан ережелерді сақтауы шарт. Себебі ғылымдағы стандарттар зерттеу жүргізудің сан ғасырлық жиналған тәжірибесі негізінде құралған дәстүр және зерттеу жобасын сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін шаблон. Осы себепті академиялық дәреже беретін магистратура, докторантура сияқты бағдарламаларда алдымен ғылыми зерттеу жүргізудің академиялық ортада қалыптасқан ережелері мен талаптарын оқытуға көңіл бөледі. Академиялық ортадағы дискуссияға қосылу үшін зерттеушінің зерттеу жүргізуге қойылатын талаптарды меңгеруі және соларға сай әрекет етуі маңызды.

Әдістемелік ұсынымдардың осы тарауында педагогтердің құзыреттілігін арттыру мақсатында зерттеу процесін іске асырудың ғылымда орныққан талаптары мен нормалары туралы түсініктер жазылды. Әдістемелік ұсынымдардың педагогтердің зерттеу құзыреттілігі деп аталатын тарауы зерттеу жүргізудің дизайнында қарастырылатын компоненттер бойынша бірнеше бөлімге бөлінді. Тарауды ішкі бөлімдерге бөліп беру оқырманның ақпаратты қабылдауы үшін де ыңғайлы.

Алдымен зерттеу тақырыбын анықтау және негіздеу мәселесі қарастырылды. Бұл кезеңде қандай проблемалар кездесуі ықтимал екендігі жазылды. Тақырыпты таңдауда назар аударылуы тиіс элементтер сипатталды.

Одан кейін зерттеу дизайнын (жоспарын) әзірлеу бойынша түсінік берілді. Зерттеу дизайнын әзірлеудің маңыздылығы дәйектеліп, оны жасаудағы ерекшеліктер көрсетілді. Бірнеше зерттеу дизайны бойынша қысқаша ақпарат берілді.

Академиялық адалдық мәселесі үшінші бөлімде талқыланды. Зерттеушінің академиялық ортада репутациясын сақтау үшін қандай қателіктерге жол бермеуі қажеттігі, көңіл аударуы тиіс элементтер сипатталды.

Келесі бөлімде зерттеуді сапалы жүргізу үшін және қатысушыларға теріс ықпалын болдырмау мақсатында этикалық қағидаларды әзірлеудің өзектілігі жазылды. Этикалық қағидалардың қалай жасалатыны және қандай мәселелерге назар аудару қажеттігі баяндалды. Сандық және сапалық тәсілге қарай этикалық нормалардың өзгеретіні жазылды.

Әдебиетке шолу жасаудың тетіктері тақырыптың зерттелу деңгейін зерделеу бөлімінде сипатталды. Тақырыптың өзектілігін, осыған дейінгі зерттеулердің нәтижесіне сүйеніп жобаның гипотезасын немесе болжамдарын айқындау және зерттеу әдіснамасын анықтау үшін тақырыпқа қатысты әдебиеттерге шолу жүргізудің жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар, өзге

дереккөздерден алынған ақпаратты берудің негізгі үш жолы: дәйексөз келтіру немесе тікелей сілтеме жасау, өзге автордың жазғанын қайта жазу және өзге автордың ойын мазмұндау туралы айтылды.

Одан кейінгі тарауда ғылымда кең тараған сілтеме стильдері сипатталды. Бұл стильдердің ерекшеліктері туралы қысқаша мағлұматтар берілді. Сілтеме стилін дұрыс таңдаудың маңыздылығы айтылып өтті.

Келесі бөлімде зерттеу жүргізудің ең маңызды кезеңдерінің бірі зерттеудің әдіснамасын әзірлеу бойынша кеңестер берілді. Бұл бөлімде зерттеудің әдіснамасының өзектілігі түсіндіріліп, оны мысалдар шеңберінде көрсетіп бердік. Зерттеу жобасының шеңберінде дерек жинаудың әдістері сандық тәсіл және сапалық тәсіл болып бөлінетіні жазылды.

Сапалық тәсіл аясында зерттеу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері осы бөлімде қарастырылды. Сапалық тәсілге жататын әдістер, оларды қолдану туралы ақпарат берілді.

Одан кейін сандық тәсілдің зерттеу дизайны жазылды. Сандық тәсілдің кадамдары, деректер жинау әдістері, қолданылатын бағдарламалар, бұл тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталды.

Одан кейінгі үш бөлім білім саласында жиі қолданылатын үш әдіске арналды. Педагогикалық бақылау, іс-әрекетті зерттеу және жоспарлы оқытушылық интервенция әдістерін қолданып зерттеуді қалай іске асыруға болатыны туралы бастапқы ақпарат берілді. Бұл әдістердің көмегімен педагогтің өзінің негізгі жұмысын атқарып отырып зерттеу жүргізе алатыны көрсетілді.

Зерттеу нәтижесі көп жағдайда жарияланады. Сондықтан әдістемелік ұсынымдаманың бірнеше бөлімі зерттеу нәтижесінде ғылыми мақала жазу бойынша ақпарат беруге арналған. Алдымен зерттеуді мақала ретінде жариялаудың өзектілігі дәйектелді. Ғылыми мақаланың рәсімделуі, құрылымдау бойынша кең тараған тәртібі жазылды. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда зерттеу нәтижесін баяндаудың IMRaD (аббревиатура, ағыл.: Introduction, Methods, Results, and Discussion. Қаз.: Кіріспе, Әдістер, Нәтижелер және Талқылау) деп аталатын құрылымдық форматы жиі қолданылатыны туралы айтылып, осы аббревиатураның әрбір құрылымы сипатталды. Сонымен қатар, деректерді визуализациялау және кейбір ақпаратты қосымша ретінде беру бойынша да кеңестер берілді.

Әдістемелік ұсынымдаманың бұл тарауының мазмұны педагогке өзінің зерттеушілік құзыретін дамытуға септігін тигізеді. Осында берілген ұсынымдарды ескеру нәтижесінде жүргізілген зерттеу және әзірленген қолжазба сапалы өнім жариялауға көмектеседі. Сондықтан тараудың мазмұнымен мұқият танысу және зерттеушілік жұмыста ол ұсыныстарды басшылыққа алу маңызды.

## Зерттеу тақырыбын таңдау

Зерттеудің ең бірінші кезекте жүретін кезеңі – тақырыпты таңдау. Бұл жан-жақты ойлауды, талқылауды қажет ететін жұмыс. Себебі тақырып зерттеудің одан кейінгі кезеңдерін толық анықтайтын іргетас. Тақырыпты таңдау барысында бірнеше элементке назар аудару қажет. Сол элементтерді ескеріп барып әзірленген тақырып жақсы негізделген болып шығады. Төмендегі абзацтарда тақырып таңдауда назар аударылуы тиіс элементтер қысқаша сипатталады.

Бірінші кезекте зерттелетін мәселе, тақырып зерттеушіге қызықты болуы керек. Бұл тұста зерттеуші өзін толғандыратын, өзінің күнделікті тәжірибесінде байқаған және не себепті олай екенін түсінуге ұмтылған мәселені алса болады. Осы жерде зерттеуші өзінің негізгі жұмысына кедергі келтірмейтін, ондағы уақытын алмайтын мәселені тақырып ретінде алуға тырысуы маңызды. Басқаша айтқанда, зерттеуші өзінің еңбек шарты, жұмыс жағдайына ыңғайлы тақырыпты зерттеу ретінде алғаны абзал. Педагогтер үшін бұл оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары, білім сапасына ықпал ететін факторлар.

Кез келген зерттеу табиғаттағы, қоғамдағы бір мәселені шешуге, жетілдіруге немесе құбылыстың не себепті болып жатқанын тереңірек түсінуге бағытталады. Бұл дегеніміз зерттеудің нәтижесінде алынған дәлелдер қазіргі жағдайды жақсартуға септігін тигізетін, практикаға бағытталған жоба екенін көрсетеді. Сол себепті тақырыпты таңдағанда оның практикалық маңызын ойластырған дұрыс. Бұл зерттеудің нәтижесі қандай практикалық маңызға ие екенін жобалау қажет.

Екінші кезекте зерттеудің теориялық маңыздылығын ойлау қажет. Ғылыми зерттеу жұмыстары көп жағдайда бар теорияларды сынап көру, түзету, қолдану ауқымын кеңейту, болмаса жаңа теория ұсыну немесе теория жасау үшін тұжырымдар шығару үшін жасалады. Зерттеуші тақырыбын негіздегенде көп жағдайда зерттеу осылардың қайсысын жасауға бағытталғанын көрсетуі маңызды.

Келесі маңызды элемент зерттеудің ғылыми әдебиетке қосатын үлесін жазу. Бұл тақырып бойынша әдебиетке алдын-ала жасалған шолу негізінде жазылады. Осы жерде зерттеуші өзінің тақырыбы осы тақырыптағы басқа зерттеулерден қандай ерекшелігі барын көрсетеді. Мысалы, осы тақырыпта жүргізілген зерттеулер көбіне сапалық тәсілді қолданған, ал бұл зерттеуде сандық тәсіл қолданылатын болады. Тағы бір мысал, осыған дейінгі ізденістер білім алушылардың коммуникациялық дағдыларының сабақ үлгеріміне әсерін қарастырмаған, бұл зерттеу осы олқылықты толтырады. Бұл жерде міндетті түрде зерттелмеген мәселені емес, аз зерттелген немесе басқа қырынан қарағандығымен де маңыздылығын атап өтуге болады. Осылайша зерттеуші ғылыми әдебиетке қосатын маңызын да көрсетеді.

Жоғарыдағы жазылғандардан шығатын қорытынды зерттеу тақырыбын анықтау уақыт алатын және терең ойлауды қажет ететін процесс. Сол себепті

тақырып таңдау процесін бірнеше қадамдарға бөлу дәстүрі қалыптасқан. Тақырыпты белгілеуді кезеңдерге бөлу оны нақтылауды жеңілдетеді. Кестеде зерттеу тақырыбын айқындаудың үлгілік кезеңдері берілген.

### Зерттеу тақырыбын анықтаудың үлгілік кезеңдері

Қадамдар	Жасалатын жұмыс
Қызықты мәселені, идеяны таңдау	Зерттеуші өзін қызықтыратын, зерттеуге әлеуеті жететін бірнеше идеяны тандайды, оларды жазады. Жазылған идеяларға қатысты жарияланымдарға алдын-ала шолу жасап көреді. Бұл кезеңде бірнеше альтернативті тақырып жобасын жазып қоюға болады. Одан кейінгі кезеңдерде ол түзетіліп, нақты тақырып қалады.
Талқылау, ақылдасу	Жобадағы идеяларды басқа әріптестерімен, зерттеушілермен талқылайды. Нақты бір зерттелетін мәселені анықтайды.
Тақырыпты нақтылау	Зерттелетін мәселені нақты тақырыпқа айналдырады.
Тақырыпты тереңірек зерттеу	Тақырып бойынша материалдарға, ғылыми жарияланымдарға терең шолу жасалады. Тақырыптың мақсаты мен міндеттері, зерттеу барысында тексерілетін тұжырымдар жасалады.
Тақырыпты зерттеу сұрақтарына айналдыру	Зерттеу аясында жауабы ізделінетін сұрақтар белгіленеді. Зерттеу осы сұрақтардың жауабын табуға бағытталады.

Осы жерде ескере кету керек тағы бір мәселені – зерттеуші тақырыпты тек өзіне ғана емес, өзге адамдарға да түсінуге ыңғайлы етіп алуы маңызды. Зерттеу тақырыбы зерттелетін жұмыстың мазмұнын ашып тұруы керек және жұртшылыққа түсінікті болғаны жақсы. Өте ұзын және түсініксіз жазылған тақырып көп жағдайда басқа адамдардың қызығушылығын азайтады.

Зерттеу тақырыбы анықталғаннан кейін сол тақырыптан зерттеу сұрақтарын шығару қажет. Дұрыс құрылымдалған және проблемаға нақтыланған сұрақтар зерттеудің сапалы болуына ғана емес, жұмысты әрі

қарай жүргізудің жеңіл болуына септігін тигізеді. Өйткені дұрыс қойылған сұрақ, дұрыс жауаптарды алуға жол ашады.

Зерттеушілер зерттеу сұрағын әзірлеу барысында мынандай атрибуттерге көңіл бөлуді ұсынады.

1. Зерттеу сұрағы түпнұсқа, тақырыпқа сай болады.
2. Сұрақ зерттеу жүргізуге болатындай, іске асырылатындай болғаны жөн. Нақты айтқанда риторикалық, философиялық т.б. сұрақтар болмауы керек.
3. Зерттеу сұрағы түсінікті болуы керек. Оқырман зерттеу сұрағын оқығаннан кейін оның мақсатын, қандай мәселеге жауап іздейтінін түсіне алуы тиіс.
4. Зерттеу сұрағы нақты проблемаға бағытталған болуы тиіс. Кең сұрақтардың жауабы да түсініксіз, ұзынсонар жауап береді. Нақты проблемаға бағытталған тар сұрақтар болса, сол проблеманы шешуге арналған жинақы жауап алуға көмектеседі.
5. Зерттеу сұрағын қысқа етіп жазу қажет. Көп жағдайда зерттеу сұрағы бір сөйлеммен шектеледі. Ол сөйлемнің өзі қысқалау келеді.
6. Дегенмен зерттеу сұрағын дискуссия жүргізуге мүмкіндік беретіндей күрделі етіп құрылымдау қажет. Зерттеу сұрағы «иә» немесе «жоқ» деген жауапқа негізделген болмауы тиіс.

Бұл жерде ескере кететін мәселе сандық және сапалық тәсілдерге байланысты зерттеу сұрағының құрылымы өзгереді.

## Зерттеу дизайны (зерттеу стратегиясы)

Зерттеу тақырыбы мен сұрақтары анықталғаннан кейін зерттеу дизайнын жасау керек. Зерттеу дизайны зерттеу сұрақтарына жауап беретін стратегия болып табылады. Басқаша айтқанда зерттеу дизайны жұмыстың қалай жүргізілетіндігі, мәліметтердің қандай әдістермен жиналатындығы және өңделетіндігі, респонденттердің қалай таңдалатындығы, ықтимал зерттеу уақыты жазылатын жоспар. Кез келген жұмыс жоспары сияқты дұрыс түзілген зерттеу дизайны орындауды жеңілдетеді және көздеген нәтижеге жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу сапасына жұртшылықтың сенімділігін ұлғайтады.

Зерттеу дизайнының өзегін әдіснама құрайды. Зерттеуші алдымен зерттейтін проблеманы, зерттеудің өзектілігін, тақырыпты, зерттеу мақсатын, зерттеу сұрақтарын жазып болғаннан кейін, сол сұрақтарға жауап беру үшін қандай әдіснама қолданатынын жазады. Әдіснамаға байланысты зерттеу дизайнының атауы өзгереді. Төменде кең қолданылатын зерттеу дизайнының түрлері сипатталады.

Сипаттамалық (диагностикалық) зерттеу дизайны: проблеманы немесе ситуацияны сипаттауға бағытталады. Зерттеуші қалыптасқан жағдайды баяндауға ұмтылады. Мысалы, «білім алушылардың Ұлттық бірыңғай тестілеудегі көрсеткіштері жыл сайын қалай өзгеріп отыр?» немесе «Ата-анасы педагог болып қызмет ететін балалар педагог мамандығын қаншалықты жиі таңдайды?» деген сияқты алынған мәліметтер негізінде ситуацияны сипаттайтын зерттеулер жүргізеді. Мұндай зерттеулердің нәтижесінде алынған мәліметтер оның себебін анықтауға бағытталған болашақ ізденістерге көмектеседі.

Түсінуге бағытталған зерттеу дизайны: бұрын зерттелмеген, аз зерттелген мәселенің мәнін түсіндіруге бағытталған. Мұндай зерттеу стратегиясы бір ситуацияның, әлеуметтік ортаның ішкі астарын зерделеуді көздейді. Мысал ретінде мынандай ойдан шығарылған кейсті беруге болады. Педагог өз тәжірибесінде табиғаты жақсы жерде, далада өскен балалардың әдебиетке бейім екенін байқайды. Сондықтан ол «не себепті табиғат аясында өскен бала әдебиетке жақын?» деген сұраққа жауап іздейді. Әдеби шолу барысында бұл мәселенің өте аз зерттелгенін, тек публицистикалық жарияланымдар бар екенін анықтайды. Сол себепті осы жағдайды түсінуге және басқаларға түсіндіруге ұмтылған зерттеу дизайнын жасайды.

Эксперименттік зерттеу дизайны: жасалған өзгерістердің тиімділігін сынақ арқылы бақылауға көмектеседі. Көп жағдайда экспериментке қатысушыларды екі топқа бөледі, бірінші топқа жаңа өзгеріс ұсынылады, екінші топқа бұрынғы жүйе ұсынылады. Нәтижесінде қос топтың арасындағы көрсеткіштер салыстырылады, егер өзгерістер ұсынылған топтың көрсеткіші жоғары болса, онда жаңалық тиімді деген сөз. Мысалы, «виртуалды шынайылықты қолдану білім алушылардың білім сапасына қаншалықты ықпал етеді?» деген сұраққа жауап беру мақсатында эксперимент жүргізіледі.

Сынаққа қатысатын білім алушыларды екі топқа бөліп, біріншісін виртуалды шынайылық технологиясымен оқытады, екіншісін дәстүрлі әдістемемен білім алады. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін екі топтың білім сапасы тексеріледі. Соның нәтижесінде тиісті ұсыныстар шығарылады.

Корреляциялық зерттеу дизайны: бұл екі немесе бірнеше өзгермелінің арасында байланыс бар немесе жоқтығын анықтауға бағытталған. Осындай зерттеу дизайны бір мәселемен екінші мәселе арасында себеп-салдарлық байланысты анықтауға да септігін тигізеді. Бұл дизайнға мысал ретінде «ата-анасының білім деңгейі мен баланың оқу үлгерімі арасында қаншалықты байланыс бар» деген сұрақты алып көруге болады. Алдымен білім алушылардың сабақ үлгерімі көтеріледі, одан кейін олардың ата-аналарының білім дәрежесі. Егер ата-анасының білім дәрежесі жоғарылаған сайын білім алушының да оқу көрсеткіші жақсарып отыратындығы анықталса, онда оң корреляция бар, кері көрсеткіш анықталған жағдайда теріс корреляция бар деген тұжырым жасалады.

Жалпы, зерттеу дизайны тек әдістерді ғана емес, сонымен қатар одан кейінгі кезеңдерді де қамтитын жоспар. Сондықтан бұл жоспарды нақты және түсінікті етіп құру өзекті.

## Академиялық адалдық

Кез келген сала секілді ғылыми ортада да зерттеушінің өз ісін дұрыс, сапалы және адал атқаруы маңызды. Зерттеушілердің осындай қасиеттерге ие болуын талап ететін ұғым «академиялық адалдық» деп аталады. Академиялық адалдық түсінігінің өзі көптеген ішкі түсініктерден тұрады. Ол ішкі түсініктер төмендегі суретте берілген. Осы жерде суретте берілген әрбір түсініктің өз категориясы барлығын, олармен кеңірек танысу үшін арнайы әдебиеттерді оқу қажеттігін айтып өту маңызды. Академиялық адалдық бойынша әдебиеттер көп, тіпті арнайы сайттар, ғалымдардың қауымдастықтары бар. Мысалы, The International Center for Academic Integrity (ICAI) - <https://academicintegrity.org/> сияқты ұйымдар.

Академиялық адалдықтың қажеттілігі көп жағдайда мынандай факторлармен негізделеді. Алдымен зерттеудің сапалы болуын, зерттеушінің өз мақсатына жету жолында түрлі бұрмалаушылықтарға бармауын қамтамасыз етеді. Жұртшылық үшін кез келген ғалым академиялық қоғамдастықтың мүшесі. Сондықтан зерттеушінің абыройы тек ғалымның жеке тұлғасы үшін ғана емес, сонымен қатар ғылыми қоғамдастықтың репутациясы тұрғысынан да өзекті. Осы себепті ғылыми ортада академиялық адалдық мәселесіне қатты көңіл бөлінеді.

Екіншіден, зерттеушінің өзге әріптестерінің еңбектерін бағалауын, оларға құрметпен қарауын сұрайды. Бұл дегеніміз зерттеуші өз зерттеуінде басқа әріптестері жасаған материалдарды, идеяларды, тұжырымдарды пайдаланған жағдайда, авторлардың атын атап өту. Осы арқылы құнды ғылыми еңбек әзірлеген ғалымдардың танымалдығы артады, олардың жұмысының сапасы мойындалады. Осыған байланысты, академиялық адалдық зерттеу сапасын анықтау, ғалымдардың атағын арттыру тұрғысынан да өзекті.


Үшіншіден, бұл ең бастысы, зерттеушінің зерттеуге қатысушы респонденттерге қандай да бір зиян келтірмеуін, олардың құқықтары мен талаптарының сақталуын, қауіпсіздігін ойлауын талап етеді. Академиялық адалдық мәселесіне көңіл аударған зерттеуші өз еңбегінің нәтижесі азаматтарға теріс салдар бермеуіне мән береді.

Академиялық адалдық талаптарына салғырт қараған зерттеушінің репутациясына үлкен зиян келеді. Мұндай жағдайда зерттеушіге өз абыройын қайта қалпына келтіру қиынға соғады. Сол себепті зерттеуді енді бастаған кез келген жас зерттеуші академиялық адалдықты сақтауға өте ұқыпты қарауы тиіс. Бұл мәселе өзекті болғандықтан көптеген оқу орындары жас зерттеушілерге арнайы академиялық адалдық және зерттеу этикасы бойынша курстар ұйымдастырады. Мұндай курстардың жазбалары, білікті зерттеушілердің дәрістері мен кеңестері жазылған бейне материалдар, подкасттар, сұхбаттар, әдебиеттер интернеттегі ашық платформаларда қолжетімді.



Академиялық адалдық категориясына жататын ең маңызды ұғымдардың бірі – зерттеу этикасы. Кез келген зерттеушінің этикалық принциптермен және талаптармен таныс болуы міндет. Келесі бөлімде зерттеу этикасы туралы қысқаша түсінік беріледі.

### Академиялық адалдықтың негізгі түсініктері



## Зерттеу этикасы

Кез келген зерттеу жүргізудегі ең маңызды компонент – зерттеу этикасы. Зерттеу этикасы зерттеу процесін жүргізу барысында зерттеуші немесе зерттеушілер тобы басшылыққа алуы тиіс қағидалар. Мұндай этиканың болуы маңыздылығы көп жағдайда екі аргументпен негізделеді: біріншіден, зерттеуге қатысушы тұлғаларға қандай да бір физикалық немесе психологиялық теріс ықпал (зақым) келтіруге жол бермеуді ескеру үшін қажет; екіншіден, зерттеуді сапалы жүргізу тұрғысынан өзекті. Осыған байланысты зерттеушілер арасында этикалық нормаларды зерттеу стратегиясының ішінде қарастыру дәстүрі қалыптасқан.

Зерттеу жүргізу кезінде зерттеушілердің белгілі бір этикалық қағидаларды ұстануы сынаққа қатысушылардың қауіпсіздігін сақтауды, оларға теріс әсерді азайтуды ойластырғанын аңғартады. Бұл білім саласында, оның ішінде кәмелет жасына толмаған балаларға қатысты зерттеу жүргізушілер міндетті түрде назарға алуы тиіс зерттеу стратегиясының компоненті. Ал, орта білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын педагогтердің зерттеу нысаны негізінен білім алушылар болатыны анық. Сол себепті зерттеу жүргізгісі келген педагогтердің ғылымда орныққан этикалық ережелермен таныс болуы қажет.

Зерттеу этикасы белгілі бір нормалар мен қағидалар жиынтығын құрайды. Олар зерттеудің практикалық кезеңі басталмай тұрып алдын ала белгіленеді. Басқаша айтқанда зерттеу стратегиясын әзірлеу барысында бұл этикалық нормалар айқындалуы тиіс. Зерттеудің одан кейінгі барлық кезеңдерінде айқындалған этикалық нормалар басшылыққа алынады.

Жалпы ғылымда зерттеу этикасының ортақ қабылданған ережесі немесе нормалар жиынтығы жоқ, ол көп жағдайда ғылым бағытына (әлеуметтік ғылымдар, жаратылыстану, медицина т.б.), зерттеушілер біріккен қоғамдастықтар мен бірлестіктердің талаптарына, зерттеу нысанына, зерттеу әдіснамасына және мемлекеттік құрылымдар бекіткен нормаларға т.б. шарттар мен жағдайларға байланысты өзгереді. Сол себепті зерттеу жүргізуге ынталы педагогтер алдымен бірнеше ресурстарды зерделей отырып, ондағы қағидаларды талдау нәтижесінде өз тақырыбына қатысты зерттеу нормаларын айқындауы маңызды.

Кез келген зерттеуші алдымен өз саласындағы қоғамдастық ішінде қалыптасқан зерттеу этикасымен таныс болуы тиіс. Елімізде «Білім саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы» қоғамдық бірлестігі әзірлеген Қазақстандағы білімді зерттеушілердің этикалық кодексі бар (Бұдан әрі – Этикалық кодексі). Зерттеу жүргізгісі келген педагогтың осы Этикалық кодекспен танысуы, ондағы нормаларды білуі маңызды, тіпті міндет.

Одан кейінгі назар аударылуы тиіс мәселе зерттеу тақырыбына, нысанына және әдіснамаға қарай этикалық нормаларды қалыптастыру. Бұл тұста осы тақырыпта, бағытта зерттеушілер ұстанған, осы тәсілді қолданушы ғалымдар ұсынған этикалық аспектілерді зерделеу керек. Ол этикалық

аспектілер ғылыми қоғамдастық арасында орныққан немесе ғалымдар өз тәжірибесінде кездескен мәселелерді ескере отырып жасаған ұсынымдар болып табылады. Бұл үшін педагогтерге этика мен зерттеу практикасы бойынша жазылған ғылыми жарияланымдарды қарау ұсынылады. Этикалық мәселе бойынша жарияланған академиялық публикацияларда оқу нәтижесінде және оларға сілтеме жасай отырып зерттеуші өзі ұстанатын этикалық нормаларды негіздей алады.

Осы тұста ескерілуі тиіс маңызды мәселе – ол зерттеу тәсіліне қарай этикалық нормалар мен зерттеушіге қойылатын талаптардың қаталдығы өзгереді. Сандық тәсіл арқылы жүргізілетін зерттеулер көп жағдайда зерттеуші мен зерттеу объектісі (зерттеуге қатысушылар) арасында тікелей қарым-қатынас болуына, респонденттердің жеке басына қатысты мәліметтерді көбірек жинауға жол бермейді. Осыған байланысты мұндай тәсілмен зерттеу жүргізетіндер ұстанатын этикалық қағидалар сапалық тәсілмен зерттеушілер басшылыққа алатын нормаларға қарағанда салыстырмалы түрде жеңілдеу келеді. Ал, сапалық тәсілді қолданатын зерттеушілер көп жағдайда мәліметтерді зерттеуге қатысушы респонденттермен тікелей байланысу, жүзбе-жүз кездесу арқылы жинайтындықтан оларға қойылатын этикалық нормалар қаталдау. Себебі тікелей байланыс барысында зерттеуші респонденттің жеке өміріне, денсаулығына, басқа индивидтермен қарым-қатынасына, психологиялық-эмоциялық жағдайына, коммуникативтік-сөйлеу мәнеріне, физикалық-антропологиялық келбетіне, имидждік-стильдік ұстанымына қатысты ақпарат алады және бақылау жасау мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, зерттеуге қатысушының қоғам, қоршаған орта, басқа индивидтер жалпы сыртқы әлем туралы көзқарасын біле алады. Зерттеуге қатысушының ішкі жан дүниесіне қатысты және өзі сыртқы ортамен бөлісуге келісім бермеген ақпаратты ешкімнің тарату құқығы жоқ. Зерттеушілер осыны ескеріп, тек қатысушы келісім берген ақпаратты ғана пайдаланып, қалған ақпаратты ешкіммен бөліспеуі тиіс. Ал, зерттеуге қатысушылар кәмілет жасына толмағандар болса, онда тіпті күрделі. Мұндай жағдайда ғылыми қоғамдастық ішінде қалыптасқан талаптар зерттеушіден ата-анасының немесе қамқоршысының келісімін алуды міндеттейді және өзіндік тұлға ретінде енді қалыптасып келе жатқан жастың жағдайын ойлауын ұсынады. Жалпы, ғылыми ізденіс жүргізгісі келген педагогтер зерттеу тәсілі мен қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты академиялық ортада қабылданған дәстүр туралы материалдарды, ғалымдар арасындағы дискуссияларды қарағаны жөн.

Зерттеумен айналысқысы келген тұлға назар аударуы тиіс келесі бір мәселе – нормативтік-құқықтық актілер. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттегі заңнамада зерттеу процесіне, оның ішінде зерттеуге қатысушы респонденттермен қарым-қатынас жасауға қатысты талаптар болуы ықтимал. Зерттеушінің осы талаптарды білуі және оларды сақтауы маңызды. Сол себепті тақырып пен зерттеуге қатысушы респонденттер анықталғаннан кейін

оған қатысты құқықтық құжаттарда қандай да бір нормалардың бар немесе жоқтығын тексеріп алу қажет.

Сонымен қатар, зерттеу жүргізілетін, дәлірек айтқанда зерттеудің сынақ кезеңі өтетін ұйымның ішкі ережелерін зерделеу қажет. Жалпы зерттеу және оның кезеңдері туралы ойластырғаннан кейін, зерттеу стратегиясының жобасын әзірлеп болғаннан соң, ұйым басшыларына көрсету керек. Педагогтер үшін, егер зерттеу жобасы білім беру ұйымының базасында өтетін болса, онда алдымен директордың немесе оның орынбасарларының рұқсатын алу керек болады. Сондай-ақ, білім беру ұйымындағы әдістемелік бірлестік мүшелеріне зерттеу туралы, оның процедуралары мен маңыздылығы бойынша ақпарат беріп, олардың мақұлдауынан өту ұсынылады. Бұл зерттеу жобасын әріптестердің сынынан өткізіп алуға, сол арқылы оның сапасын күшейтуге мүмкіндік береді.

Зерттеу этикасы көп жағдайда мынандай мәселелерді қамтиды.

Біріншіден, зерттеушілердің зерттеу туралы өзіндік талдауы, рефлексиясы жазылады. Жүргізілетін ғылыми жобаның пайдалылығын, қажеттігін сипаттайды. Осы пункте зерттеушілер зерттеудің ықтимал теріс нәтижелерін, зерттеуге қатысушыларға тигізуі мүмкін зиянды ықпалын қарастырады. Егер зерттеу жүргізу нәтижесінде қандай да бір негативті қорытындылар болуы ықтималдылығы жоғары болса, онда сынақты өткізбеген абзал. Ал, зерттеу процесінің ықтимал теріс қорытындылары аз болса, оның ішінде зерттеуге қатысушыларға тигізетін физикалық және психологиялық зияны төмен болса, онда ол жағымсыз әсерді болдырмаудың немесе мейлінше болдыртпаудың амалдары ойластырылады. Зерттеуге қатысушылардың, әсіресе кәмелет жасына толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де қарастырылады. Мысалы, респондентпен кездесу қандай орында, ортада өтеді және ол жерге қатынау мен кездесу қатысушы үшін ыңғайлылығын, қандай да бір дискомфорт тудырмауын алдын ала ойластырған дұрыс. Осы мәселелер туралы зерттеуші толық және айқын етіп жазады. Осылардың барлығы зерттеу туралы зерттеушінің немесе зерттеу тобының көзқарасын негіздейді.

Осы тұста ескеретін екі мәселе бар: зерттеуге қатысушыларды жоба біткеннен кейінгі қолдау және қатысушыларға зияндығы анықталған жағдайда зерттеу процесін тоқтату. Егер зерттеудің қатысушыға қандай да бір теріс әсері ықтимал болған жағдайда, онда зерттеу біткеннен кейін оған қандай қолдау жасалатынын ойластыру керек. Мысалы, психологиялық немесе басқа да көмек берілетіндігін айтып өту. Одан кейін, кейбір жағдайларда жобаның сынақ кезеңінің зерттеуге қатысушыларға теріс ықпал ететіндігі кейінгі кезеңдерде байқалады. Басқаша айтқанда, зерттеуші немесе зерттеушілер тобы жобаны іске асырудан қатысушыға негативті ықпал төмен деп жобаласа да, оның шын мәнінде зақым әкелетіні сынақ кезеңінде көрінеді. Егер зерттеудің қатысушыға теріс ықпалы жобаны іске асыру барысында анықталса, онда сынақты одан әрі жүргізудің қаншалықты қажеттілігін тағы

бір рет қарастырып, негативті әсері жоғары болған жағдайда бірден тоқтатқан дұрыс.

Зерттеушілер келесі мәселені де назарға алғаны жөн. Зерттеу процесі жобаға қатысушыға физикалық немесе тікелей психологиялық зияны болмауы мүмкін. Алайда, оның мансабына, басқа адамдармен қарым-қатынасына теріс әсер етіп, нәтижесінде зиян тигізуі ықтимал. Орта білім беру ұйымдарындағы педагогтер үшін мынандай бір мысал беруге болады. Білім алушы берген ақпаратта оның ата-анасы, сабақ беретін мұғалім немесе сыныптастарымен коммуникациясына теріс ықпал ететін мәліметтер кездесуі ықтималдылығы болады. Ондай жағдайда, зерттеуші ол ақпараттың ешкімге тармауына өте сақ болғаны жөн.

Екіншіден, зерттеу жобасы туралы ақпарат беріледі. Жобаның мақсаты мен міндеттері, әдіснамасы жазылған, жалпы зерттеу туралы сыртқы адамға қажетті және түсінікті мәліметтерді қамтитын ақпарат жазылады. Зерттеу барысында жиналған ақпараттың қалай өңделетіні, қалай талданатыны туралы да айтып өтеді. Осы жерде зерттеуші зерттеу нәтижесінде алынған ақпаратты қалай және қайда пайдаланатындығын да көрсетеді. Сонымен қатар, осы пункте зерттеу тобының жетекшісі немесе зерттеуші өзінің байланыс құралдарын, өзі еңбек ететін ұйымның байланыстарын жазады. Бұл сыртқы тұлғаларда зерттеуге қатысты қандай да бір сұрақ туындаған жағдайда, қосымша ақпарат алғысы келетін болса, жоба немесе зерттеуші туралы шағымы болса, байланыс жасауына мүмкіндік береді. Осы тұста зерттеуге қатысатындарға өтемақы төленіп/төленбейтінін де көрсетіп кеткен дұрыс. Бұл ақпараттың барлығы этикалық кеңеске, зерттеу қатысушыларына, жалпы зерттеу туралы білуі керек сыртқы тұлғаларға жоба аясында жүргізілетін қадамдар туралы толық мағлұмат беруі үшін қажет.

Бұл тұста ескерілетін мәселе зерттеу процесі кезінде қатысушыны қандай да бір қосымша әрекеттер талап етілетіндігін де көрсетіп кету. Басқаша айтқанда, қатысушыдан видео не фотоға түсу, айтқан сөздерін диктофонға жазу, қосымша құрылғылармен жұмыс жасау, физикалық-психологиялық сынақтарға қатысу, түрлі өнімдерді тұтыну сияқты шарттар сұралатынын хабардар ету. Тағы бір мәселе, зерттеуге қатысудан тұлғаға қандай да бір тәуекелдер (рисктер) болған жағдайда, оларды да ескерту қажет. Бұл туралы ақпарат берумен ғана шектелмей, оны қатысушы толтыруы тиіс келісім парағына да жазып қоюы маңызды.

Үшіншіден, зерттеуші зерттеуге қатысатын респонденттерден алған Келісім парағының үлгісі беріледі. Бұл парақта зерттеуші респондентке қандай ақпарат бергендігін, келісімді қалай алғандығын көрсетеді. Қатысушыға ақпарат ретінде жоғарыдағы пункте көрсетілген мәліметтер беріледі. Осы арқылы зерттеуші өзінің жобаға қатысушылардан «ақпараттандырылған келісім» алғандығын растайды. Сонымен қатар, кәмелет жасына толмаған қатысушылардың ата-анасынан, қамқоршысынан алынған келісім үлгісі беріледі. Келісімді алмас бұрын зерттеуші немесе зерттеушілер тобы ақпаратты қатысушының ата-анасына береді. Келісімде

зерттеудің кез келген кезеңінде қатысушының жобаға қатысудан бас тарта алатындығы және өзі берген мәліметтерді пайдаланбауды сұрай алатындығы жазылады<sup>1</sup>. Зерттеуге қатысушы келісім парағына қол қояды.

Мұнда ескеретін мәселе, қатысушылар қол қойған келісім парағын Этикалық комиссия сияқты арнайы ұйымдардың мүшелері болмаса, сыртқы адамдарға берілмейді. Себебі онда қатысушының аты-жөні мен қолы сияқты сыртқы адамдардан құпия ұсталуы тиіс мәліметтер бар. Сол себепті жұртшылықпен бөлісетін материалдарда тек үлгісі беріледі.

Төртіншіден, зерттеуге қатысушылар туралы мәліметтерді құпия ұстау. Бұл респонденттердің анонимділігін, құпиялығын сақтау тұрғысынан маңызды. Зерттеу процесінің барлық кезеңдерінде қатысушылар туралы ақпарат жасырын сақталуы тиіс. Ол ақпаратты үшінші тарапқа, нақты айтқанда бөгде тұлғаларға қолжетімсіз ету аспектісін де ойластырған дұрыс. Осы мақсатпен зерттеуге қатысушылардың аты-жөндері көп жағдайда тек зерттеушіге ғана түсінікті аббревиатурамен сақталады. Олардың жеке басына қатысты мәліметтер жұртшылыққа қатысушының құпиялығын қамтамасыз ететіндей етіп беріледі. Егер зерттеу тақырыбы немесе қатысушы берген ақпарат қоғамдық резонанс тудыруы мүмкін, басқа адамдармен жанжал әкелуі немесе сынына ұшыратуы ықтимал болса, ондай мәліметті сыртқы индивидтерден қорғаудың жауапкершілігі мүлдем артады.

Осы жерде қарастырылуы тиіс тағы бір өзекті мәселе – зерттеуге қатысушылардың жеке басына қатысты мәліметтер бар файлды бөлек құрылғыда немесе арнайы шифрмен, кілт сөзбен қорғалатын электронды құрылғыда сақтау. Ондай ақпаратты зерттеуге қатысы жоқ адамдармен ортақ қолданылатын құрылғыларда сақтамау ұсынылады. Бұл респонденттер туралы мәліметтердің бөгде адамдарға қолжетімді болуына жол бермеу үшін қажет шарт.

Бесіншіден, зерттеуші мен зерттеуге қатысушылар арасындағы субординацияны, әдепті сақтау өзекті. Кез келген зерттеу түрінде зерттеуші өз жобасына байланысты сыртқы индивидтермен байланысу қажеттілігі туындайды. Бұл тұста қоғамда қалыптасқан қарым-қатынас мәдениетін әрдайым сақтау маңызды. Сыртқы тұлғаның зерттеуге қатысты көзқарасына, көмектесуге келісуі немесе келіспеуіне қарай азаматтар арасындағы қарым-қатынас нормасынан аттап өтуге болмайды. Бұл әсіресе кәмелет жасына толмаған тұлғалармен жұмыс істеу барысында қатты көңіл бөлінуі тиіс шартқа жатады.

Бұл тұста білім беру ұйымдарында еңбек ететін мұғалімдер үшін «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы жол

---

<sup>1</sup> Бұл тұста белгілі бір мерзім қойған абзал. Мысалы, Келісім парағында қатысушы ақпарат бергеннен кейін осынша күн ішінде өзі берген мәліметтерді пайдаланбауын сұрауын өтіну, арада ұзақ уақыт өткеннен кейін ондай сұраныс берген жағдайда ақпарат өңделіп кеткендіктен оны алып тастау қиын болатындығын түсіндіру.

сілтеуіш бола алады. Аталған нормада көрсетілген қағидаларға назар салған зерттеушіде өз жобасын жүргізуде құжаттамалық негіз бар.

Алтыншыдан, зерттеу барысында жиналған деректерді жоба біткеннен кейінгі сақталуын қарыстыру. Зерттеу барысында жиналған материалдар белгілі бір уақыт өткеннен кейін әрі қарай өңдеуге келмейді. Басқаша айтқанда, жиналған деректерді өңдеп болғаннан кейін және басқа уақытта пайдаланбайтындығына көз жеткізгеннен соң зерттеуші оларды жоюы тиіс. Дегенмен, егер зерттеуші белгілі бір гранттық қаржыландыру немесе басқа да бір ұйымдардың тапсырысы негізінде жобаны іске асырған жағдайда, тапсырыс беруші жиналған материалдарды өзіне беруін талап етуі мүмкін. Ондай шарт болған жағдайда зерттеуші жобаға қатысушылардың жеке басын идентификациялауға мүмкіндік беретін мәліметтерден басқаларын тапсырыс берушіге өткізеді. Одан әрі оларды дұрыс сақтау тапсырыс берушінің жауапкершілігіне жатады.

Бұл тармақта ескерілетін жағдай – зерттеуге қатысушылардың жеке басына, идентификациясына қатысты барлық мәліметті жою керек. Ондай мәліметтерді әрі қарай қолдануға қажетсіз болған жағдайда бірден жойған жөн.

Жетіншіден, зерттеудің транспаренттілігі және мүдделер қақтығысы. Зерттеушілерден зерттеу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету талап етіледі. Бұл талап зерттеудің барлық кезеңдерінде сақталуы тиіс. Осы жерде жалпы қабылданған этикалық дәстүрге сай жұртшылыққа жариялануы тиіс ақпараттың бірі мүдделер қақтығысының бар немесе жоқтығын көрсету болып табылады. Бұл тармақта іске асырылатын немесе асырылған жобаның қандай да бір заңды немесе жеке тұлғаның қаржылық, ресурстық, материалдық, адами т.б. қолдауы туралы айтып өту. Кейбір жағдайларда мүдделі тұлғалардың, сыртқы тараптардың қолдауы зерттеудің объективтілігіне, алынған нәтижелерге деген оқырманның сеніміне ықпал етеді. Сондықтан мұндай қолдау болған жағдайда ол зерттеу процесіне, алынған нәтижелерге ықпал етіп/етпегендігін жазу. Тек мысал ретінде елестету үшін мынандай жағдайды ойланyp көрсек. Электронды оқулықтар шығаратын немесе электронды құрылғылар шығаратын компанияның тапсырысымен жүргізілген зерттеу мұндай құралдарды ұзақ пайдалану білім алушылардың денсаулығына зияны төмен деген қорытынды жасады. Егер зерттеушілер өздеріне қаржылық қолдау білдірген компания туралы айтып өтсе, онда ол жобаға оқырманның сенім дәрежесі басқаша болады. Оқырман зерттеушілер жасаған тұжырымдарды сыни көзбен қарауға, басқа фактілермен салыстыруға тырысуы ықтимал. Жобаны іске асырушылар демеушісі туралы жазбаған жағдайда оқырманның жасалынған тұжырымға сенім деңгейі мүлдем бөлек болады. Сол себепті зерттеушілердің жоба туралы мейлінше ашық ақпарат беруі және мүдделер қақтығысын жариялауы маңызды.

Осы тұста ескеретін жағдай, мүдделер қақтығысына әкелуі ықтимал қолдау түрлерін, зерттеу процесінің объективтілігіне ықпал етуі мүмкін факторларды ғана көрсету. Ал, зерттеу нәтижелерінің шынайылығына,

қолжеткізген нәтижелердің сенімділігіне ықпал етпейтін қолдау түрлерін, оның ішінде зерттеушіге көмектескен тұлғаларға жарияланым соңында ризашылық білдіру дәстүрі бар. Басқаша айтқанда, кез келген қолдау түрі мүдделер қақтығысына алып келмейді. Сол себепті зерттеу этикасы бойынша жобаға қаржылық/гранттық қолдау көрсеткендерді жеке, мүдделер қақтығысына әкелетін фактілерді бөлек және зерттеушіге ерікті қолғабыс еткендерді бөліп, үш тармақпен көрсеткен дұрыс. Мұның барлығы оқырманның зерттеушілер тобына деген құрметі мен жоба тұжырымдарының шынайылығына деген сенімін арттырады.

Зерттеу этикасының келесі аспектілері жоба нәтижесін жариялаумен байланысты. Зерттеушілер алынған нәтижелерін ғылыми қоғамдастықтың дискуссиясына шығаруы үшін вербальды немесе жазу түрінде зерттеу процесін түсіндіреді. Зерттеуді түсіндіру кезеңінде барлық этикалық нормаларды сақтауы керек. Сондай-ақ, зерттеуші өз зерттеуінде қандай да бір бұрмалаушылықтарға, жалған ақпарат пен компиляцияға жол бермейтіндігі туралы академиялық адалдық мәселесін де ескереді. Осының барлығын ескеру және дұрыс түсіндіру зерттеушінің өз жобасына аса мұқият қарағандығын айғақтайды.

Бұл жерде зерттеу барысында зерттеуге қатысушылардан жиналған жеке басқа қатысты материалдарды таратқанда абай болу. Мысалы, зерттеу процесі, зерттеу өткен нысан туралы фото/видео материалдарды жариялау барысында олардың иелерінің рұқсатын алу маңызды. Егер рұқсат бермеген жағдайда ондай мәліметтерді жарияламау керек. Ал, ол мәліметтерді жариялау зерттеуші үшін өте маңызды болса, онда жұртшылық ажырата алмайтындай етіп (мысалы бұлыңғыр етіп) берген дұрыс.

Зерттеудің этикалық нормаларын сақтамау, көзделген нәтижеге қолжеткізу ниетімен жобаны іске асыру барысында бұрмалаушылықтарға бару зерттеушінің академиялық адалдық нормаларын сақтамағандығын көрсетеді. Оның салдары ғылыми ортада репутациясының былғануына алып келеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылып кеткендей зерттеу этикасының қағидалары жобаның тақырыбы мен әдіснамасына байланысты өзгереді. Сол себепті әр зерттеу тақырыбының, стратегияның этикалық нормалары әртүрлі болып келеді. Мысалы, әлеуметтік желіде қолданушыларының жазбаларын, посттары мен пікірлерін талдау мақсатында жасалған зерттеу мен желі қолданушыларының ұнатулары мен бейімділіктерін зерделеудің этикалық аспектілері бөлек. Алғашқысында зерттеуші желі қолданушының пікірін талдау барысында оның келісімінсіз ол туралы жеке мәліметтерді таратпау жағын ойласа, екіншісінде ұнату саны мен қандай материалдарды көбірек қарайтынын жалпылама түрде талдайтындықтан жеке басқа қатысты мәліметтерді жинау мен тарату ықтималдылығы төмен. Осыған байланысты, зерттеумен айналысқысы келген педагогтің ортақ қабылданған этикалық нормалардан бөлек, міндетті түрде өз зерттеу стратегиясының ерекшелігіне



байланысты жаңа қағидалардың қажеттілігі туралы да жан-жақты ойлану ұсынылады. Мұндай рефлексия зерттеудің сапасын арттырмаса, кемітпейді.

### Этикалық келісім кезінде жиі қарастырылатын мәселелер

№	Сұрақтар	Иә	Жоқ	Ескерту
1.	Сіз білім беру саласындағы зерттеушілердің этикалық кодексімен таныстыңыз ба			
2.	Сіз зерттеудің этикалық принциптерін жасадыңыз ба			
3.	Зерттеуге қатысушылармен (респонденттермен) тікелей байланыс жоспарланған ба			
4.	Зерттеу қатысушыларға қандай да бір сыйақы қарастырыла ма			
5.	Кәмелетке толмағандар зерттеуге қатысады ма			
6.	Эксперимент ретінде манипуляциялау жасалады ма			
7.	Сіздің ойыңызша, зерттеуге қатысушыларға физикалық әсер ету (тіпті минималды) болады ма			
8.	Сіздің ойыңызша, жоба зерттеуге қатысушыларға психологиялық әсер етуді (тіпті минималды) қамтиды ма			
9.	Сіздің ойыңызша, жоба қоршаған ортаға қандай да бір теріс әсер ете ме			
10.	Зерттеу жануарларға, басқа тірі организмдерге қатысты сынақты қамтиды ма			

## Тақырыптың зерттелу деңгейі және әдеби шолу

Зерттеу жүргізілетін тақырыпты анықтағаннан кейінгі маңызды кезең сол мәселе бойынша жасалынған ғылыми жұмыстарды зерделеу. Бұл кезең әдеби шолу деп аталады. Әдеби шолу кезеңінде негізінен зерттелетін тақырыптың бағыты мен нысанына сәйкес келетін академиялық жарияланымдар талданады. Егер зерттелетін мәселенің мазмұнымен сәйкес келетін бағытта жазылған ғылыми әдебиет саны аз болса, онда ғылыми емес деректерге де жүгіну оң қабылданады. Басқаша айтқанда, егер арнайы ғылыми базалардың дерекқорында тақырыпқа қатысты басқа зерттеулер сирек болса, онда публицистикалық жарияланымдар, мемлекеттік органдар мен түрлі ұйымдардың талдамалық жазбалары мен баяндамалары, конференция жинақтары, диссертациялар, тіпті жарияланбаған материалдарды да қарастыруға болады. Әдеби шолу жасау бірнеше факторлар тұрғысынан маңызды.

Алдымен әдеби шолу зерттеушіге тақырыптың қаншалықты деңгейде зерттелгендігін, өзге авторлардың проблема бойынша жасаған қорытындыларын анықтап береді. Зерттеуші зерттелетін проблеманы негіздеу үшін белгілі бір деректерге сүйенуі керек. Сонымен қатар, зерттеуші тақырып бойынша басқа зерттеушілердің қандай нәтижеге қолжеткізгендігін, өзінен кейінгі зерттеушілерге қандай ұсыныстар бергендігін айқындайды.

Екіншіден, зерттеуші әдеби шолу арқылы өзінің тақырып бойынша басқа авторлардың еңбектерімен танысқандығын көрсетеді. Академиялық әдеп бойынша зерттеуші өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектерімен таныс болуы тиіс. Бұл жоғарыда айтылып өткендей тақырыптың зерттелу деңгейін анықтау тұрғысынан ғана емес, өзге авторлардың еңбегін мойындау, құрметтеу тұрғысынан да маңызды. Егер зерттеуші әдеби шолу кезеңінде сол тақырып бойынша жазылған маңызды еңбектерге сілтеме бермейтін болса, онда оқырман ол еңбекті оқымаған деп қабылдауы ықтимал. Мұның нәтижесінде оқырманның ойында да зерттеу дұрыс жүргізілмеген деген пікір қалыптасады.

Үшіншіден, әдеби шолуды жазу жолымен зерттеуші өзінің академиялық дебаттағы позициясын көрсетеді. Егер көп зерттелген тақырып болса, онда ол тақырып бойынша ғалымдар арасында дискуссия болуы заңды. Мұндай жағдайда ғалымдардың бір тобы мәселені жақтаса және соны қолдайтын дәлелдерге қолжеткізсе, екіншілері оған қарсы болады және өз дәлелдерін келтіреді. Мысалы, бір ғалымдар білім беру процесінде электронды оқулыққа көшу білім сапасын арттыратынын дәлелдейтін нәтиже алуы мүмкін. Ал екінші ғалымдардың зерттеуі электронды оқулықтардың баланың денсаулығына теріс әсер әкелетінін анықтауы ықтимал. Әдеби шолу жасау арқылы зерттеуші өзінің осы тараптардың қайсысына жататынын көрсетеді.

Әдеби шолу жасағанда қажетті ең маңызды дағды – басқа авторлардың жарияланымдарын сыни тұрғыдан бағалай білуі. Бұл тұста сыни тұрғыдан бағалау өзге зерттеушілердің жұмысын тек кемшін жақтарын көру емес, басқа

авторлардың зерттеу нәтижесінде жасаған дәлелдерінің негізділігін қарау. Басқа авторлардың зерттеу нәтижесінде қандай қорытындылар жасағанын, ол қорытындыларды аргументтей алғанын, зерттеу процесін сапалы ұйымдастырғанын зерделеу. Мысалы, бірнеше білім алушының мінез-құлқын педагогикалық бақылау нәтижесінде зерттеуші барлық білім алушыларға арналған ұсынымдар жасай алмайды. Тағы бір мысал, тек сауалнама өткізіп, соның нәтижесін сипаттаумен шектелген зерттеу қорытындыларына да сенім аз, егер сауалнаманың репрезентивтілігі, сенімділік интервалы т.б. мағыналары туралы сыни рефлексия жазылмаған болса. Соның нәтижесінде зерттеу процесі дұрыс ұйымдастырылған және жасаған тұжырымдары дәйекті жарияланымдарды ғана шолуға қарастыру, сілтеме беру. Төмендегі кестеде ғылыми мақаланы, жалпы жарияланымды (публицистикалық мақала, баяндама, талдау) бағалау кезінде назар аудару қажет ететін критерийлер берілген. Онда үлгі ретінде берілген «Қойылған сұрақтар» бағанындағы сұрақтарды қоя отырып оқырман басқа мақаланың, жарияланымның сапасын бағалай алады.

### **Жарияланымды бағалаудың үлгілік критерийлері мен қойылатын сұрақтар**

<b>Критерий</b>	<b>Қойылатын сұрақтар</b>
Авторлар	Авторлардың немесе олар жұмыс істейтін институттың осы салаға қатысы бар ма? Зерттеушілердің бұрын осы салада жариялаған мақаласы бар ма?
Авторлардың серіктесі, қаржыландырушысы	Мүдделер қақтығысы жоқ па? Қаржыландырушы ұйымның зерттеу қорытындыларына қызығушылығы жоқ па?
Шыққан уақыты	Жарияланым жақында жарияланған ма? Жарияланым осы саладағы маңызды/классикалық еңбек пе?
Басылым	Мақала/жарияланым салаға қатысы бар академиялық басылымда жарияланып отыр ма? Мақала/жарияланым (баяндама, талдау, кітап) салаға қатысы бар ұйым, қоғамдастық тарапынан шығарылған ба?
Шынайылығы, дәйектілігі	Зерттеуді мақсаттары мен міндеттері, зерттеу сұрақтары айқын, түсінікті ме? Мазмұны зерттеу сұрақтарының төңірегінде өрбіп, оларға жауап берілген бе? Қорытындыда жасалған тұжырымдар алдыңғы бөлімдерде талқыланды ойлардан шығады ма?

	Авторлар өз тұжырымдарын дәйектеу үшін қандай да бір дерек жинаған және талдаған ба?
Транспаренттілігі, рефлексия	Жарияланымда авторлар қарастырып отырған мәселе туралы толық ақпарат берген бе? Авторлар өз зерттеуі, талдауы туралы рефлексия жасаған ба?
Рәсімделуі	Жарияланымның рәсімделуі дұрыс па, қателер жоқ па? Сілтемелер, библиография бар ма?

Басқа авторлардың зерттеулерін бағалау барысында, жалпы ғылыми жарияланымды оқырман ретінде оқу, зерттеушілердің жазғанын түсіну үшін ғылымдағы түсініктік аппаратпен таныс болу қажет. Тақырып туралы теориялық ойларды, терминдерді немесе құрылымдық ерекшеліктерді білмей тұрып зерттеу сапасын бағалау қиын. Мысалы, сандық әдіспен дерек жинаған зерттеушінің өз талдауының нәтижесін статистикалық ауытқулармен, коэффициенттермен негіздеуі мүмкін. Бұл жағдайда автордың дәйектілігін бағалау үшін ондағы терминдердің, түсініктердің, құралдардың мағынасынан хабардар болу керек.

Бұл тұста күрделі математикалық-статистикалық, философиялық-әдіснамалық ұғымдарды тек практик зерттеушілер терең білуі мүмкін. Ал, зерттеу процесінде ондай тәсілді пайдаланбайтын адам ол туралы базалық ой, жалпы көзқарас қалыптастырумен шектеле алады. Көп жағдайда зерттеу әдісі, тақырып бойынша академиялық дискуссиялар, теориялар мен концептілер туралы базалық білімнің өзі академиялық шығармаларды түсінуге, сынауға жеткілікті. Сол себепті ғылымның дамуымен бірге зерттеуші өзінің ғылыми лексикалық қорын үнемі молайтып отыруы маңызды.

Әдеби шолу жасағанда міндетті түрде өзге авторлардан алған идеяларға, тұжырымдарға, көзқарастарға сілтеме берілуі тиіс. Бұл академиялық адалдықты сақтау тұрғысынан маңызды. Сілтеме жасамай өзге авторлардың идеясын жазған зерттеуші плагиат табылуы ықтимал. Бұл зерттеушінің репутациясын түсіріп, академиялық ортадағы абыройына нұқсан келтіреді. Зерттеуші тіпті қателесіп, білмей плагиатқа жол бергенінің өзінде репутациясын қайта қалпына келтіру қиын болады. Сол себепті өзге публикациялардан алынған ойлар мен үзінділерге міндетті түрде сілтеме жасалынуы тиіс.

Зерттеушінің өзге авторлардың шығармасынан алынған ойды өз мақаласында көрсетуінің үш негізгі жолы бар: дәйексөз келтіру немесе тікелей сілтеме жасау, өзге автордың жазғанын қайта жазу және өзге автордың ойын мазмұндау. Төмендегі кестеде аталған үш тәсілдің арасындағы ерекшеліктер жазылған.

**«Дәйексөз келтіру», «Қайта жазу», және «Мазмұндау» тәсілдерінің арасындағы негізгі айырмашылықтар**

<b>Басқа әдебиеттерден алынған идеяны жазу тәсілдері</b>		
<i>Дәйексөз келтіру</i>	<i>Қайта жазу</i>	<i>Мазмұндау</i>
<p>Өзге автордың ойын сөзбе-сөз тікелей көшіріп жазу. Бұл жерде зерттеуші өз сөзін қоспайды. Өзге автордан алынған мәтіннің көлемі шағын болса, онда үзінді мәтін тырнақшаға алынады. Егер өзге автордан алынған мәтін көлемді болса, онда оны басқаша стильмен көрсеткен дұрыс. Мысалы, кіші шрифтпен жазу немесе астын сызып беру жолымен. Академиялық қоғамдастықтың кейбір өкілдері дәйексөз қолдану тәсіліне сын көзбен қарайды. Себебі бұл автордың өзге зерттеушінің тұжырымын түсінуге, талдауға уақыт бөлмей тырнақшаға алу жолымен көшірі арқылы жылдам беруі деп қабылдайды. Сол себепті бұл әдіске жиі жүгінбеген абзал.</p>	<p>Өзге автордың ойын толық сақтай отырып алынған мәтінді түрлендіру арқылы қайта жазу. Бұл тәсіл бойынша сілтеме берілетін автордың мәтіні сөзбе-сөз көшірілмейді, синоним сөздер арқылы өзгертіледі, сөйлемнің құрылымы басқаша құрылады.</p>	<p>Өзге автордың негізгі идеяларын ықшам етіп жинақтау және қорытындылау жолымен мазмұндап беру. Мазмұндауда басқа автордың идеяларын, ойын сақтау маңызды, оны өзгерту инсинуацияға әкелуі мүмкін. Мазмұндау өзге автордың идеясын жазудың ең дұрыс тәсілі деп есептеледі. Себебі бұл тәсілді қолдану арқылы автор өзге зерттеушінің жазған ойын толық түсінгендігін, оның жазған мәтінін өзгерту жолымен мазмұндауға көп еңбек жұмсағанын көрсетеді.</p>

Кестеден байқалғандай, түпнұсқа еңбектен мәтін алудың үш тәсілді қолдану арасында маңызды ерекшеліктер бар. Көп жағдайда мақала жазу

барысында зерттеуші осы тәсілдердің барлығына жүгінуге, барлығын араластырып қолдануға тура келеді. Себебі кейбір жағдайларда түпнұсқа идеялар осы үш тәсілдің бірімен ғана беруге болады. Төмен қандай жағдайларда қай тәсілді қолданған тиімді екендігі көрсетілген.

**Дәйексөз келтіру** негізінен түпнұсқа идеяны беру арқылы ғана өзге автордың ойын дұрыс жеткізу мүмкін болатын кездері қолданылады. Төмендегі шарттарда дәйексөз қолданған абзал:

– өзге автордың ойын бұлжытпай беру қажет болған жағдайда. Мысалы, саясаткердің сөзіне сілтеме жасау үшін алынған үзінділерде, респонденттің ойын жеткізгенде т.б.

– мәтінін өзгертуге болмайтын әдебиеттер. Мысалы, нормативтік құжаттар, мазмұны өзгертуге келмейтін сандық мәліметтері бар сөйлемдер, архив құжаттары т.б.

– автордың ойымен келіспейтін жағдайда ол жасаған тұжырымдаманы ерекшелеп көрсету қажет болғанда.

Дәйексөз ретінде алынған үзіндінің соңында түпнұсқа мәтіннің қай бетінен алынғандығын көрсетіледі.

**Қайта жазу** көбіне өзге автордың идеясын оқырманға ықшамдап және түсінікті етіп беру мақсатында қолданылады:

– өзге автордың идеясын сақтау мақсатында мәтінді көлемді өзгерту мүмкін болмаған жағдайда;

– түпнұсқа текстегі негізгі идея бірнеше сөйлеммен берілгендіктен, оны ықшамдап бір сөйлеммен беру қажет болғанда.

Қайта жазу тәсілін қолданған зерттеуші түпнұсқадағы сөйлем құрылысын өзгерткені дұрыс.

**Мазмұндау** бір деректегі негізгі ойды жазу немесе ұқсас тұжырым жасаған бірнеше деректерді интеграциялау жолымен ойдың өзегін беру үшін қолданылады. Мысалы, «виртуалды шындықты қолдану білім алушыларға қиын тақырыптарды оңай игеруге мүмкіндік береді» деген мағынадағы қорытынды бірнеше зерттеулердің нәтижесі дәлелдеген жағдайда, зерттеуші былай жазады: бірқатар зерттеулердің қорытындысы виртуалды шындықтың білім алушылардың ақпаратты қабылдауына оң ықпалын көрсетті (сілтемелер). Мазмұндауды мынандай жағдайларда қолданған тиімді:

– тақырыптың зерттелу деңгейін, концептуалды тұжырымдар туралы, теориялар туралы ақпарат жазуда;

– бірнеше деректердегі негізгі тұжырымдарды біріктіретін тұжырым жасауда;

– өзге деректегі автордың идеясын тұжырымдап беруде.

Мазмұнда көп жағдайда кіріспе, әдеби шолу бөлімдерінде жиі қолданылады.

## Сілтеме стильдері

Академиялық ортада пайдаланылған әдебиеттерді, сілтемелерді рәсімдеудің кең тараған стильдері көп. Ол стильдер көп жағдайда ғылыми мектепке, ғылым саласына, географияға т.б. ерекшеліктерге байланысты өзгереді. Сондықтан зерттеушінің ол стильдердің арасындағы негізгі айырмашылықтар мен ұқсастықтар, мәтін ішінде берілетін сілтемелер мен ескертпелерді және мәтіндегі беттің төменгі бөлігінде немесе соңында көрсетілетін библиографиялық тізімді рәсімдеу тәртібіндегі ерекшеліктер туралы хабары болғаны жөн. Өйткені журнал, конференция талаптарына сай стильде рәсімделмеген қолжазба техникалық сараптамадан өтпейді. Төмендегі суретте жиі таралған библиографиялық жазба стильдері мен олардың қай салада көп қолданылатыны берілген.

### Сілтеме стильдері

ГОСТ	• Посткеңестік кеңістіктегі ғылыми қоғамдастық ішінде кең таралған стиль
APA	• Психология және білім саласындағы зерттеушілер арасында кең тараған стиль
MLA	• Ағылшын тілді кеңістікте гуманитарлық бағыттағы сала өкілдері жиі қолданатын стиль
CHICAGO	• Ағылшын тілді кеңістікте бизнес және өнер саласындағы зерттеушілер басым жүгінетін стиль
IEEE	• Техникалық, инженерлік және компьютерлік саланың мамандары мен ғалымдары көп қолданатын стиль
AMA/Ванкувер	• Медициналық пәндерде жиі қолданылатын стиль

Суретте ТМД мемлекеттерінде, оның ішінде Қазақстанда «ГОСТ» деп аталып кеткен бұрыннан қалыптасқан стандарт жиі қолданылатыны көрсетілген. Қазақстандағы ғалымдар үшін бұрыннан келе жатқан үйреншікті стиль болғандықтан және ТМД аумағындағы стандарттарды біріздендіру бағытында жұмыс жасайтын Стандарттау, метрология және сертификаттау

жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес ұсынғандықтан ГОСТ-ты елдегі басылымдардың көбі басшылыққа алады. Оның үстіне «Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес, уәкілетті органның тізіміне енуі үшін журналдар ГОСТ-та көрсетілген ережелерді басшылыққа алуы тиіс. Сондықтан ГОСТ-қа сәйкес библиографиялық тізімдерді рәсімдеуді көздеген зерттеушілер төмендегі екі ережемен таныс болғаны дұрыс:

– Стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша Мемлекетаралық кеңес қабылдаған (1998 жылғы 28 мамырдағы № 1:3-98 хаттама) «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспалық рәсімдеу» (ГОСТ 7.5-98);

– Стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша Мемлекетаралық кеңес қабылдаған (2003 жылғы 2 шілдедегі № 12 хаттама) «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипат. Құрастырудың жалпы талаптары және қағидасы» (ГОСТ 7.1-2003).

Жоғарыдағы ГОСТ-тан бөлек, басқа мемлекеттерде, оның ішінде ғылыми зерттеулердің басым бөлігі жарияланатын ағылшын тілді кеңістікте мәтін ішіндегі сілтеме мен ескертпені, пайдаланылған әдебиеттер тізімін жасаудың стильдері көп. Бұлардың арасында ең кең тарағандары АРА, МЛА, Chicago, IEEE. Бұл стильдердің әрқайсысының арасында ірілі-ұсақты ерекшеліктері көп. Оның барлығын жатқа білу өте қиын. Сол себепті олардың әрқайсысын заман ағымына сай жаңартып отыратын қоғамдастықтар бар, олар түсіндіру және рәсімделу тәртібін нақты мысалдармен көрсету үшін арнайы веб-сайттар жасайды, нұсқаулықтар шығарады. Мысалы, Америкалық психологтар қауымдастығы ұсынатын АРА стилі бойынша <https://apastyle.apa.org/> сайты жұмыс жасайды және оны нақты мысалдармен түсіндіретін нұсқаулықтың 7-басылымы жарияланды. Бұл нұсқаулық жаңа дереккөздер пайда болған жағдайда, оған жасалған сілтемені қалай рәсімдеу керектігіне байланысты жаңарып отырады. Атап айтқанда, интернет пайда болғаннан онда жарияланған материалдарға, блогтар мен әлеуметтік желілер пайда болған соң ол жерде шыққан посттарға жасалатын сілтеменің тәртібін көрсетеді. Библиографиялық тізімді, мәтін ішінде, соңында сілтеме беру жүйесін реттеп отыратын мұндай бірлестіктің болуы бұл салада белгілі бір жүйенің болуын қамтамасыз етеді.

Зерттеушілер түрлі шарттарға байланысты библиографиялық және сілтеме беру рәсімін бір стильден екінші стильге өзгертуге тура келетін кездер кездеседі. Мұндай жағдайда қолмен өзгерту монотонды жұмыс болғандықтан жалықтырады және уақыт алады. Сол себепті сілтемені де, пайдаланылған әдебиеттер тізімін де автоматты рәсімдейтін арнайы бағдарламаларды немесе қосымшаларды пайдаланған дұрыс. Мұндай жағдайда өзгерту қажет болған кезде бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жылдам рәсімдеу стилін ауыстыруға болады. Автоматтандыруға Microsoft Word-да мүмкіндік береді.



Ол үшін мәзірлер жолақшасында Сілтемелер – Мәнер өтіп, қажетті стильді таңдауға болады. Одан бөлек, әлеуеті Microsoft Word қосымшасынан әлдеқайда жоғары арнайы әзірленген ақылы және ақысыз сілтемелерді жинақтау бағдарламалары бар. Төменде осылардың бірнешеуі берілген:

- EndNote
- Zotero
- Paperpile
- Citation Machine
- BibMe
- CiteMaker
- Citefast
- KnightCite

Жоғарыдағы абзацтардан шығатын қорытынды, мақаланы библиографиялық рәсімдеудің стильдері мен талаптары көп. Сондықтан зерттеуші мақала жазуды бастауды жоспарлағаннан бастап олардың қайсысын таңдайтынын анықтап алғаны жөн. Бұл уақыт пен энергияны үнемдеуге мүмкіндік береді. Ол үшін қолжазбаны жіберу көзделген басылымның талаптарын қарау қажет.

## Зерттеу әдістерін таңдау

Зерттеу жүргізудің ең маңызды кезеңдерінің бірі – зерттеудің әдіснамасын ойластыру. Бұл тармақта жазылатын және негізделетін қадам зерттеу әдістерін таңдау және таңдалған әдістерді қолдану процесі. Басқаша айтқанда зерттелетін нысан туралы мәлімет жинау мен жиналған мәліметтердің өңдеудің жолын/құралын анықтау мен оларды қалай қолданғандығын жазу. Зерттеу әдісі жобаны іске асыру уақытына, қажетті ресурстарға, объективтілігіне, алынған нәтижелердің сенімділігіне ықпал етеді. Сол себепті зерттеудің әдіснамасын жазу мен таңдалған зерттеу әдістерін негіздеу жан-жақты ойластыру мен ыждаһаттылықты талап етеді.

Зерттеу әдістерін таңдау барысында зерттеушілерге мынандай үш элементке назар аудару ұсынылады.

Бірінші кезекте қажетті ресурстармен толық қамтамасыз етілгендігін ескеру. Кез келген ғылыми жобаны іске асыру үшін ресурс қажет. Бұл жерде ресурс ретінде тек қаржылық-материалдық жабдықталу емес, сонымен қатар уақыт, физикалық мүмкіндік, зерттеу ортасы сияқты компоненттер де қарастырылады. Зерттеуші жобаны іске асыру үшін өзінің қажетті ресурстармен жабдықталуын, әлуетін алдын ала ойластырған жөн. Өйткені зерттеу процесі бірнеше айдан бірнеше жылға дейін созылуы ықтимал. Осындай ұзақмерзімді жұмысты сапалы іске асыру үшін әдіснама дұрыс таңдалуы тиіс. Нақтырақ айтқанда бірқатар зерттеу әдістерін қолдану үшін зерттеушіге көп ресурс қажет болады және топ ретінде ғана іске асыра алады. Ал, мәліметтерді жинау мен өңдеудің кейбір әдістері болса зерттеушіге жеке және шектеулі ресурстардың көмегімен-ақ жүзеге асыру мүмкіндігін береді. Осыған байланысты зерттеуші әдістерді таңдағанда қандай ресурстар қажет болатынын және ол әдістерді қолдана алатын әлеуетке ие екендігін ойластырғаны дұрыс.

Одан кейін тақырыпқа байланысты әдеби шолудың нәтижелеріне жүгіну. Бұлай жасаудың пайдасы зерттеуші өзі талдау жасауды жоспарлаған проблема туралы басқа ғалымдардың қандай әдістерді қолданғанын біледі. Соның нәтижесінде басқа ғалымдар сирек қолданған немесе мүлдем қолданбаған әдістерді пайдалануға болады. Мысалы, басқа бір зерттеуші немесе зерттеушілер дарынды білім алушылармен жұмыс істеудің ерекшеліктерін сапалық тәсілмен зерттеп, алынған тұжырымдарды жалпылау үшін ендігі жерде сандық тәсілді қолдануды ұсынуы ықтимал. Сондықтан тақырып бойынша әдеби шолу жасау әдіснамалық тұрғыдан да пайдалы. Мұндай тәсіл зерттелетін проблеманы жаңа қырынан тексеріп көруге мүмкіндік береді. Сол арқылы зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдардың құндылығы артып, басқа зерттеушілердің назарын аудартады. Басқаша айтқанда мақалаға жасалатын сілтеме саны көбейіп, ғылыми қоғамдастық арасында зерттеушінің беделі артады.

Зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу жасап, зерттелетін мәселе бойынша өзге ғалымдардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып мәліметтер

жинауға ыңғайлы әдістерді айқындағаннан кейін әдіснама туралы жазылған әдебиеттерді зерделеу ұсынылады. Нақтырақ айтқанда, ғылымдағы әдіснаманың өзекті мәселелері, әрбір әдісті қолданудың ерекшеліктері туралы жазылған материалдарды сүзіп шығу. Мұндай жұмыстың пайдасы таңдалған әдісті практикада қолдану, оның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ақпарат береді.

Келесі кезекте өз тәжірибесіне, жеке көзқарасы бойынша қандай әдіске икемі барлығына. Зерттеу әдістері көп, зерттеушілердің оның барлығымен таныс болуы, қолдануы мүмкін емес. Сол себепті көп жағдайда зерттеушілер өзіне ыңғайлы бірнеше әдіспен ғана мәліметтер жинау және өңдеуге дағдыланған. Педагогтерге де әдісті таңдау барысында жалпы жеке қарым-қабілетіне ыңғайлысын, зерттеу ортасына, нысанына қолайлысын, оңтайлысын алу ұсынылады. Мысалы, SPSS (ағыл. «Statistical Package for the Social Sciences», қаз. Әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық пакет), Stata (Statistical software for data science, қаз. Деректермен жұмысқа арналған статистикалық бағдарлама) сияқты сандық деректерді талдау мен өңдеуге арналған бағдарламалармен жұмыс жасап көрмеген зерттеуші үшін сандық тәсілді пайдалану қиынға соғады. Келесі бір мысал, психология ғылымынан хабары аз зерттеушінің манипуляция жасау жолымен эксперимент жүргізуге ұмтылуы да этикалық тұрғыдан қате болады. Егер зерттеушінің қандай да бір әдісті қолдану бойынша тәжірибесі болмаса, онда сол әдісті қолдана алатын басқа адамдармен топтасқаны абзал.

Осы жерде ескерілетін жағдай зерттеуді топ ретінде іске асырудың көптеген артықшылықтары бар. Біріншіден, жобаны іске асыруды жеңілдетеді. Проблемалық тақырыпты команда ретінде зерттеуге ұмтылу жобаны іске асыру барысында түсетін жүкті топ мүшелері арасында бөлісу жолымен жеңілдетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, зерттеу сапасын күшейтеді. Зерттеуді бірнеше адам жүргізетін болса, онда әрбір қадамды топ мүшелері арасында талқылау жолымен ең тиімді шешімді қабылдауға болады. Сол себепті педагогтерге күрделі тақырыптарды өзге әріптестерімен, зерттеушілермен бірлесіп зерттеу тиімді болмақ.

Зерттеудің әдіснамасы, мәліметтерді жинаудың және өңдеудің әдістері өте көп. Осы әдістемелік ұсынымдар аясында ол әдістердің барлығына тоқтап отыру мүмкін емес. Сол себепті қазіргі таңда білім саласында өзекті, әсіресе шетелдік педагогтер арасында кең тараған үш тәсіл туралы қысқаша ақпарат беріледі. Бірақ ол тәсілдер туралы жазудан бұрын сапалық тәсіл мен сандық тәсілдің айырмашылықтары, ол тәсілдерге жататын әдістер және оларды зерттеу барысында іске асыру жөнінде танымдық ақпарат ұсынылады.

## Зерттеудің сапалық және сандық тәсілдері

Жоғарыда айтылып кеткендей зерттеу жүргізу үшін мәліметтерді жинау мен өңдеудің әдістері көп. Ғылымда бұл әдістерді сандық тәсіл және сапалық тәсіл деп жіктеу дәстүрі қалыптасқан. Бір қарағанда үлкен айырмашылық жоқ сияқты көрінгенімен, шын мәнінде осы екі тәсілдің арасында көп ерекшелік бар. 2-кестеде сапалық зерттеу тәсілі мен сандық зерттеу тәсілі арасындағы басты айырмашылықтар берілген.

**2-кесте. Сапалық зерттеу тәсілі мен сандық зерттеу тәсілінің айырмашылықтары<sup>2</sup>**

Ерекшелігі	Сапалық тәсіл	Сандық тәсіл
Зерттеу арқылы тексеру көзделетін тұжырым	Әлеуметтік феноменнің себебін тереңірек түсіну, не себепті болып жатқанын түсіндіретін болжамдарды тексеру	Гипотезаларды тексеру
Талдаудың мақсаты	Бұл тәсіл зерттеуге қатысушылардың, респонденттердің субъективті тәжірибесін, көзқарасын талдауға мән береді	Бұл тәсіл жалпы адамдардың мінез-құлқын талдауға мән береді
Зерттеу сұрақтарының ерекшелігі	Ашық, нақты жауабы жоқ сұрақтар	Жабық сұрақтар, нақты жауапқа негізделген
Мәліметтерді жинау әдістері	Тереңдетілген сұхбаттар, фокус-топтар, этнографиялық шолулар	Сауалнама, эксперименттер
Жиналатын мәліметтердің ерекшеліктері	Феноменді тереңірек түсінуге алып келетін сипаттамалық мәліметтер жиналады	Сандық мәліметтер жиналады
Этикалық нормалар	Зерттеу субъектісі мен объектісінің қарым-қатынасына рұқсат етіледі, зерттеу процесінде	Зерттеу субъектісі мен объектісі арасында тығыз байланыс болмағаны дұрыс, зерттеу процесі талаптарға сай жүреді

<sup>2</sup> <https://www.questionpro.com/blog/qualitative-research-methods/>

	зерттеушіге көбірек еркіндік беріледі	
Зерттеу нәтижесін баяндау стилі	Зерттеуші еркін баяндай алады, ғылыми ортада қабылданған жазу және құрылымы қатаң сақталмайды, бірінші жақпен жазуға да рұқсат етіледі	Ғылыми ортада қабылданған жазу және баяндау құрылымын сақтаған абзал, бірінші жақпен жазбаған жөн, жазу стилі нақты және анық болуы тиіс
Зерттеу нәтижелерін жалпылау мәселесі	Әдетте зерттеу нәтижесінде жасалынған тұжырымдар бойынша жалпылау жасалынбайды	Зерттеу нәтижелерін жалпылауға болады

Сапалық және сандық тәсілдер зерттеу жүргізу арқылы тексерілетін тұжырымдарға байланысты ерекшеленеді. Сандық тәсіл нақты бір гипотезалардың растығын дәлелдеуге немесе қарсы пікір білдіруге бағытталады. Ал, сапалық тәсіл көп жағдайда өмірде кездесетін, бірақ нақты ғылыми түсінік берілмеген ситуациялардың мәнін түсінуге көмектеседі. Білім саласынан мынандай мысал келтіруге болады. «1-2 күн жақсы демалып, тынығып барған білім алушылардың Ұлттық бірыңғай тестілеудегі нәтижелері жоғары» деген идея жұртшылық арасында кең тараған. Осы идеяның дұрыстығын тексеру үшін сандық тәсілді қолданушылар тестке кірушілер арасында сауалнама жүргізеді, нәтижесінде жақсы демалғандығын айтқан білім алушылардың көрсеткіштері жоғары болса, онда тиісті қорытынды жасайды. Ал, сапалық тәсілді қолданушылар ұйқысы қанғандардың не себепті жақсы көрсеткішке жететіндігінің мәнін түсінуге ұмтылады. Сол себепті олармен тереңдетілген сұхбат өткізеді. Сұхбат арқылы олардың жақсы көрсеткішке жету себепін түсіндіретін ойларды талдайды.

Қос тәсіл арасында зерттеу жүргізудегі талдаудың мақсатына байланысты да айырмашылық бар. Сапалық тәсіл индивидтің субъективті тәжірибесін сараптауға, қалыптасқан көзқарасына әсер еткен факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Сандық тәсіл жалпы адамдардың мінез-құлқын, рационалдылығын талдауға мән береді. Мысалы, кейбір білім алушылардың не себепті оқуға ынтасы төмен екенін сапалық та, сандық та тәсіл зерттеуге болады. Сапалық әдіспен зерттеу арқылы білім алушылардың ішкі көзқарасын, ынтасына әсер ететін түпкі факторларды түсінуге болады. Ал сандық әдіс болса, білім беру ұйымының, отбасының, ортасының т.б. факторлардың білім алуға ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында респонденттерге қойылатын сұрақтарда да айырмашылық бар. Көп жағдайда сапалық тәсіл респондентті ұзақ жауап беруге итермелейтін сұрақтар қояды. Өз кезегінде сандық тәсіл әдетте

респонденттен алдын-ала дайындалған сұрақтар мен жауаптарды белгілеуін талап етеді.

Сандық тәсіл мен сапалық тәсілдің мәліметтерді жинау және өңдеу процесі де ерекшеленеді. Сапалық тәсіл респонденттің ішкі жан-дүниесін, психологиясын ашатын тереңдетілген сұхбаттар, фокус-топтар, этнографиялық шолулар сияқты әдіске басымдық береді. Сандық тәсіл болса феноменнің рас не рас еместігін тексеретін сауалнама, эксперимент әдістерін қолдануға негізделген.

Осы жерде ескерілуі тиіс бір мәселе, кейбір әдістерді сандық та тәсілмен, сапалық та тәсілмен қолдануға болады. Мысалы, тереңдетілген сұхбат арқылы дерек жинауды алайық. Егер зерттеуші жиналған деректерді респонденттің айтқан ойының мәніне, ондағы идеялар мен нарративке қарай кодтайтын және солардың мағынасына қарай талдау жасайтын болса, онда бұл сапалық әдіске жатады. Ал, зерттеуші респонденттің ойын, идеяларын кодтап және сол идеяның кездесу жиілігін санап, санына қарай кодталған идеялардың иерархиясын жасайтын болса, онда ол сандық әдіске жатады.

Осыған дейін бірнеше рет айтылып өткендей, сапалық тәсілге жататын әдістермен жиналған мәліметтер әлеуметтік феноменді тереңірек түсінуге алып келеді және респонденттің мінез-құлқын түсіндіретін сипаттамалық мәліметтер жиналады. Корреляцияны көрсететін, фактіні дәлелдейтін, белгісіз нәрсені анықтайтын сандық мәліметтер жиналады.

Этикалық нормаларға байланысты да сандық және сапалық тәсілдер арасында айырмашылық бар. Сапалық тәсілде зерттеу субъектісі мен объектісінің қарым-қатынасына рұқсат етіледі, зерттеу процесінде зерттеушіге көбірек еркіндік беріледі. Сандық тәсілде зерттеу субъектісі мен объектісі арасында тығыз байланыс болмағаны дұрыс, зерттеу процесі талаптарға сай жүреді.

Зерттеу нәтижесін баяндау стилі бойынша да талаптар өзгереді. Сапалық тәсілмен зерттеу жүргізгендерге жазуда еркіндік берледі. Басқаша айтқанда ғылыми ортада қабылданған жазу құрылымы қатаң сақталмайды, бірінші жақпен жазуға да рұқсат етіледі. Ал, сандық тәсіл болса ғылыми ортада қабылданған жазу және баяндау құрылымын сақтауды талап етеді. Бірінші жақпен жазбаған жөн, жазу стилі нақты және анық болуы тиіс.

## Сапалық тәсіл

Зерттелінетін тақырып, мәселе туралы алғашқы ақпарат алу немесе тереңірек ұғыну үшін сапалық тәсілді қолдану пайдалы. Сапалық тәсіл индивидтердің әлем, қоршаған орта, қоғам туралы ойын білу, онда өздерін қалай сезінетінін түсіну үшін қолданылады. Зерттеушілер индивидтің немесе топтың мінез-құлқын, мотивациясын және ішкі әлемін түсіну немесе түсіндіру үшін сапалық әдістерге басымдық береді. Зерттеудің бұл тәсілін білім саласында да кең қолданады. Себебі білім алушылардың, педагогтердің эмоцияларын, қарым-қатынасын, жаңа өнімдер немесе қызметтерге көзқарасын, жаңа идеялар туралы ойын білуге мүмкіндік береді.

Сапалық тәсілдің әдістері деректерді бақылау және сұхбаттық қарым-қатынас арқылы жинауға бағытталған. Бақылау немесе сұхбат дәстүрлі түрде бетпе-бет жүргізіледі. Дегенмен соңғы жылдары уақыт және қаржы үнемдеу тұрғысынан онлайн бақылау немесе сұхбаттасу кең тарап отыр. Сапалық зерттеу аясында тереңдетілген сұхбат, фокус-топтар, этнографиялық зерттеу, мазмұнды талдау, кейс-стади сияқты әдістер жиі қолданылады.

**Тереңдетілген сұхбат** кең тараған сапалық тәсіл әдістерінің бірі. Бұл бір респондентпен өткізілетін жеке сұхбат, әңгімелесу. Ұзақ әңгіме барысында респондент зерттеуші қарастырып отырған мәселеге қатысты көзқарасын еркін айтады. Респондентпен еркін әңгімелесе отырып зерттеуші оның ішкі ойындағы ақпаратты алады. Бұл әдістің артықшылықтарының бірі адамдардың неге сенетіні және олардың мотивтері туралы нақты деректерді жинауға болады.

Зерттеуші респондентке қойылатын сұрақтарды алдын-ала дайындауы мүмкін немесе мүлдем сұрақ дайындамай баруы мүмкін. Мұндағы ерекшелік респонденттің берген жауабына қарай сұрақтар қою. Басқаша айтқанда нақты сұрақтар тізбесіндегі сұрақтарды ғана қоймай, әңгіме желісіне орай сұрап отыру. Егер сұхбатқа қатысушы тақырыптан ауытқып кетсе немесе зерттеушіге айтқан мәселе бойынша қосымша ақпарат қажет болса, онда келесі сұрақты қоюы керек. Егер зерттеуші дұрыс сұрақтар қоя білсе, онда тереңдетілген сұхбат әдісі маңызды деректерді жинауға көмектеседі.

Сұрақтар респонденттің «иә» немесе «жоқ» деп қысқа жауап беретіндей емес, керісінше ойын барынша көбірек жеткізуіне ыңғайлы етіп қойылады. Мысалы, ата-анадан сұрайтын болса, онда «Бала тәрбиесі туралы өз көзқарасыңызды айтып беріңізші?» деген сұрақ қойылады.

Тереңдетілген сұхбаттарды бетпе-бет, телефонмен немесе онлайн платформалар арқылы өткізуге болады. Бұл тұста тереңдетілген сұхбат бетпе-бет жүргізілгенде зерттеуші респонденттердің қимыл-қозғалысын бағалап, соған орай оның мәселе бойынша эмоциясының деңгейін немесе ақпаратты қаншалықты дұрыс беріп отырғандығын байқауға мүмкіндік береді. Әдетте, бір сұхбаттың ұзақтығы жарты сағаттан бірнеше сағатқа дейін созылуы мүмкін. Бұл көбіне респонденттің тақырып бойынша қаншалықты сөйлескісі келетіндігіне байланысты.

Тереңдетілген сұхбатта респондент берген ақпаратты мәтін ретінде қағазға түсіру қажет. Бұл жұмыс сұхбаттан дұрыс дерек алу үшін маңызды. Алайда бір сұхбаттың жазбаларын транскрипциялау үшін зерттеушіге 10 сағаттан көп уақыт қажет болуы мүмкін. Мұндай жұмысты кейбір зерттеуші үшін жалықтырушы болып көрінеді.

Сапалық тәсіл аясында деректер жинауда жиі қолданылатын әдістердің бірі **фокус-топ** болып табылады. Бұл әдіс те тереңдетілген сұхбатқа ұқсайды. Айырмашылығы тереңдетілген сұхбатқа жалғыз респондент қатысатын болса, фокус-топқа әдетте бірнеше адам қатысады (әдетте 5-10 респондентті қамтиды). Сондықтан зерттеушіде топты игере алатын қабілет, жиынға модераторлық ету тәжірибесі болғаны дұрыс.

Фокус-топтың негізгі мақсаты зерттеуші қарастырып отырған мәселе туралы респонденттер тобының өзара дискуссиясы нәтижесінде деректер жинауына мүмкіндік береді. Әдетте бұл күрделі процестерді бірнеше респонденттің бірігіп айтуы үшін қолданылады. Зерттеуші әдетте бірнеше фокус-топтар өткізіп, олардың мәтіндерін салыстыра отырып қорытынды жасайды.

Қазіргі таңда Zoom және Microsoft Teams платформаларының көмегімен онлайн фокус-топтар өткізу дамып отыр. Бұл фокус-топқа әртүрлі өңірден респондент қатыстыруға мүмкіндік береді.

Сапалық тәсілдің бұрыннан келе жатқан деректер жинау әдістерінің біріне **этнографиялық бақылау** жатады. Этнографиялық зерттеу – адамдарды табиғи ортада зерттеу жолымен деректер жинауға мүмкіндік беретін бақылау әдісі. Этнографиялық бақылау әдісі көп жерде қолдануға ыңғайлы. Бұл зерттеу әдісін қолдану жолымен зерттеуші мәдениеттерді, қиындықтарды, мотивацияларды және параметрлерді бақылай отырып түсінуге тырысады. Мысалы, педагог білім алушылардың ойын кезіндегі белсенділігін бақылай отырып олардың көшбасшылық, коммуникациялық, дипломатиялық қабілеттерін байқайды. Егер ғылыми стандарттар шеңберінде жүргізілсе, онда бұл субъективті байқау өте құнды деректер жинауға және зерттеу жасауға мүмкіндік береді.

Этнографиялық зерттеу әдісінің бірнеше кемшіліктері бар. Біріншіден көп уақыт талап етеді. Зерттеуші бірнеше күндік бақылаудан тың деректер алуы, сенімді қорытынды жасауы қиын. Сондықтан айлап, тіпті жылдап бақылау қажет болады. Екінші үлкен кемшілігі субъективтілігі. Зерттеуші этнографиялық бақылау барысында тек өзіне байқаған және өзі маңызды деп тапқан әрекеттерді ғана талдайды. Сол себепті зерттеу қорытындысына зерттеушінің көзқарасы ықпал етеді.

Соңғы жылдары қарқынды дамыған, әсіресе бизнес саласында кең қолданылатын әдістердің бірі **кейс-стади**. Қазіргі таңда бұл әдіс білім беру, әлеуметтік ғылымдар т.б. салаларда да жиі қолданылады. Бұл әдіс тек бір ғана адамды, ұйымды, нысанды зерделеу нәтижесінде жиналған деректерді талдауды білдіреді. Сондықтан кейс-стади зерттеу жүргізудің ең қарапайым және тиімді тәсілдерінің бірі, өйткені ол зерттеу объектісі туралы терең дерек



жинауға және оның ерекше тәжірибесін талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, бір білім беру ұйымы халықаралық олимпиадалардың жеңімпазын жиі шығаратын болса, онда оның тәжірибесін талдай отырып зерттеуші қандай әрекетті қолдану мұндай жетістікке жеткізетінін анықтай алады.

Кейс-стади әдісінің ең үлкен кемшілігі – бір тәжірибеден алынған нәтижені барлық жерде қолдануға болады деген ұсыным жасауға негіз аз. Мысалы, жоғарыдағы білім беру ұйымының олимпиада жеңімпаздарын көп шығару себебі, оның дарынды білім алушыларды іріктеп алуымен байланысты болуы ықтимал. Мұндай жағдайда ол тәжірибені тек сондай білім алушылары бар мектептер үшін ғана қолдануға болады.

**Құжаттарды талдау** да сапалық тәсілге жатады. Мұнда зерттеу нысаны ретінде кез келген құжат алынуы мүмкін. Мысалы, білім алушылардың күнделігі, дәптерлері, хаттары т.б. Зерттеуші ол құжаттардың мазмұнына қарап отырып өзінің тақырыбына қатысты деректерді жинайды. Сондықтан бұл тәсілді архив құжаттарымен жұмыс істейтін зерттеушілер жақсы біледі. Себебі архивтік құжаттармен жұмыс та сапалық зерттеуге жатады.

Бұл тұста құжаттар сандық емес, сапалық деректер арқылы талданатынын айтып өту керек. Басқаша айтқанда, құжаттарды талдағанда ондағы ұғымдардың қаншалықты жиі кездесетіні емес, керісінше мәні зерделенеді. Осы контекстте құжаттарды талдау тереңдетілген сұхбат транскрипциясын талдауға ұқсас.

Сапалық тәсіл шеңберінде деректер жинаудың тағы бір әдісі **кескіндерді (материалдарды) талдау**. Мұнда иллюстрациялық материалдардың қандай маңына беретіндігі, одан қандай қорытынды жасауға болатындығы зерттеледі. Мысалы, суретке қарай қарап, адамның киім-киісін, суреттегі әрекетін, айналасындағы қоршаған объектілерді т.б. деректердің негізінде талдау жүргізуге болады.

Құжаттарды талдау және иллюстрациялық зерттеу әдістері қосалқы деректермен жұмысқа жатады. Бұл дегеніміз аталған деректер басқа бір адамдар тарапынан жиналған. Ал, зерттеуші сол басқа адамдар жинаған деректерге сүйеніп өз зерттеуін жасап отыр. Бұл тұрғыдан алғанда осы екі әдісті «кабинеттік зерттеу» деп атауға болады.

## Сапалық зерттеу әдістері



## Сандық тәсіл

Әдетте, нақты гипотезаны растау немесе терістеу мақсатында сандық өлшемге негізделген мәліметтерді жинаумен және талдаумен айналысуға икемді әдістерді біріктіретін әдіснаманы «сандық тәсіл» деп жалпы атау қалыптасқан. Сандық тәсіл көп жағдайда жаппай сауалнама, статистикалық мәліметтер сияқты үлкен сандық деректермен жұмыс жасауға негізделген. Сондықтан бұл тәсілді қолданушылар көп қатысушы тартуға ұмтылады. Сапалық тәсілден ерекшелігі, сандық тәсіл шеңберінде жүргізілетін зерттеулер әдетте айқын белгіленген қадамдар арқылы жүреді. Басқаша айтқанда зерттеу жоспарын қатаң басшылыққа алған жөн. Сандық тәсілдің қадамдары төмендегі кестеде берілген.

### Сандық тәсілдің қадамдары

Қадам	Жұмысы
<b>Теориялық негіз</b>	Әдетте сандық тәсілде зерттелетін мәселе анықталғаннан кейін теориялық негіз талқыланады. Бұл дегеніміз өзге зерттеулердің қорытындысына сүйеніп зерттелетін құбылысқа түсіндірме беретін теорияны білдіреді.
<b>Гипотеза тұжырымдау</b>	Теорияның негізінде әзірленген, теориядан алынған зерттеу арқылы тексеруге болатын тұжырым шығару. Дәл осы кезеңде зерттеу сұрақтары да әзірленеді.
<b>Зерттеу дизайны</b>	Одан кейін зерттеу жоспарын әзірлеу, оның ішінде әдіснамасын, уақытын, орнын, қатысушыларды т.б. жұмыстарды нақтылау.
<b>Тұжырымдамаларды операциялдану</b>	Бұл кезеңде сандық өлшеммен өлшеу қиын тұжырымдамаларды, идеяларды өлшеуге келетін мәнге немесе тұжырымға ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.
<b>Популяцияны анықтау</b>	Бұл кезеңде зерттелінетін әлеуметтік топ, нысан анықталады және оларды іріктеу жолдары белгіленеді. Мысалы, зерттеу тек 7-сыныптағы білім алушыларға

	қатысты немесе тек мектеп-гимназиялар ғана зерттеледі.
<b>Респонденттерді іріктеу (Іріктемені анықтау)</b>	Зерттеу қарастырылатын әлеуметтік топ немесе нысан анықталғаннан кейін, олардың арасынан респонденттер қалай іріктелетіні қарастырылады. Мысалы, әрбір үшінші және бесінші партада отыратын 7-сынып оқушысы ғана қатысады немесе нөмірі жұп сан болатын мектеп-гимназиялар ғана іріктеледі.
<b>Деректер жинау</b>	Іріктелген респонденттерден деректер жиналады. Мысалы, олар әлеуметтік сауалнаманың сұрақтарына жауап береді немесе экспериментке қатысады.
<b>Деректерді өңдеу және талдау</b>	Бұл қадамда жиналған деректерді талдау жұмыстары жүргізіледі. Гипотезаға, зерттеу сұрағына қатысты деректер талданып, айнымалылар арасындағы корреляция деңгейі анықталады.
<b>Нәтижелерін баяндау(жазу)</b>	Ең соңғы кезеңде деректерді өңдеу мен талдаудан алынған нәтижелер зерделеніп, зерттеуді ғылыми жарияланымға айналдыру бойынша жүретін жұмыстар кезеңі басталады.

Бұл тұста зерттеудің қадамы, дизайны зерттеуші қолданатын әдіске байланысты өзгеретінін айтып өткен жөн. Мысалы, эксперименттік зерттеу әдісі арқылы дерек жинауға ұмтылған зерттеушілердің дизайны мен әлеуметтік сауалнама жолымен дерек жинауды жоспарлаған зерттеушілердің жоспарларында айырмашылықтар болатыны заңдылық. Жалпы, әрбір зерттеушінің зерттеу жоспарында ерекшеліктер болатыны түсінікті.

Сандық зерттеудің көптеген түрлері немесе бағыты бар. Ол зерттеушінің қандай мәселені зерттеуді көздегеніне, не мәселені анықтауға ұмтылғанына байланысты айқындалады. Зерттеуші бір құбылыстың сырын білу, дәлелдеу мақсатында эксперимент жасауы ықтимал немесе бір фактордың екінші факторға ықпалын анықтау ниетімен корреляциялық зерттеу жүргізуді жоспарлауы мүмкін. Осындай зерттеу сипатына қарай сандық тәсілді жіктеу кең тараған. Төмендегі кестеде сандық тәсіл шеңберінде зерттеу түрлерін топтастырудың кең тараған үлгісі көрсетілген. Бұл үлгі зерттеушіге өз зерттеуінің қай бағытта дамитынын анықтауға көмектеседі.

## Сандық зерттеу түрлері және мазмұны

Зерттеу түрі	Мазмұны
<b>Сипаттамалық зерттеу</b>	Бұл белгілі бір нысанның, популяцияның сипатын анықтауға ұмтылған зерттеу. Бұл зерттеу белгісіз мәселе туралы ақпарат қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, бір елді мекенде немесе аумақта білім беру мекемесін салуға қажеттілікті анықтау үшін ондағы тұрғындардың жасын, туу көрсеткішін, отбасын жоспарлау көзқарасын т.б. толып жатқан факторларды талдауды жоспарлаған зерттеу.
<b>Корреляциялық байланысты өлшеуге бағытталған зерттеу</b>	Бұл екі немесе одан да айнымалылардың (факторлардың) арасындағы байланыстың деңгейін анықтауға ұмтылады. Мысалы, адамның білімі жоғарылаған сайын, оның табысы да артады, денсаулығы да жақсарады. Тағы бір мысал, сыныптағы білім алушы саны мен олардың білім сапасындағы корреляцияны зерттеу. Бұл жерде олардың арасындағы байланыс оң немесе теріс болуы, кейбір жағдайда ықпалдастық байланыс мүлдем болмауы мүмкін. Бұл зерттеу түрі бір фактордың екінші факторға әсер ету себебін анықтауға қарағанда, олардың арасындағы байланысты зерттеуге көбірек мән береді.
<b>Себеп-салдарды анықтауға бағытталған зерттеу</b>	Себеп-салдарлық зерттеу корреляциялық зерттеуге жақын, айырмасы бұл зерттеу түрі бір айнымалының (фактордың) екінші айнымалығы (факторға) қаншалықты себептік ықпалын анықтайды. Мысалы, педагогтің білімі жоғарылаған сайын білім алушының білімі жоғарылайды, демек білім алушының білімін көтеру үшін педагогтің кәсіби біліктілігін арттыру керек. Себеп-салдарлық зерттеулер бір нәрсені өзгерту үшін оған әсер ететін қандай себепті өзгерту керектігін анықтау үшін маңызды.

<b>Лонгитюдты зерттеу</b>	Белгілі бір нысанды ұзақ уақыт бақылауды көздейді. Әдетте зерттеуші тарапынан бақылаудағы нысанға қандай да бір манипуляция жасалынбайды, араласу болмайды. Мысалы, жыл өткен сайынғы білім алушылардың педагогтерге деген көзқарасындағы өзгерістерді бақылау.
---------------------------	---

Жоғарыда көрсетілген зерттеу түрлері зерттелетін мәселені анықтауға бағытталғандығына, зерттеушінің проблеманың қандай аспектісін қарастыратынына байланысты топтамасы. Алайда осы мақсатқа жету үшін зерттеушілер деректер жинауы керек. Сондықтан деректер жинаудың әдістері бөлек. Сандық тәсіл шеңберінде деректер жинаудың әдістері төмендегі диаграммада берілген.

**Сауалнама.** Сандық тәсілдің ішінде деректер ең жиі қолданылатын әдістің бірі. Зерттеушілер өздері зерттейтін мәселе туралы индивидтердің пікірін талдау үшін белгілі бір сұрақтар мен жауаптардан тұратын сауалнаманы пайдаланады. Сапалық тәсілден айырмашылығы сандық тәсілдегі сауалнама нақты сұрақтар және жауаптары бар, сондықтан респонденттің еркін жауап беру мүмкіндігі шектелген.

**Эксперимент және квази-эксперимент.** Бұл әдетте себеп-салдарлық байланысты анықтауға бағытталған зерттеушілер деректер жинау үшін қолданатын әдіс. Бұл әдіс бойынша эксперимент ретінде бір немесе бірнеше тәуелсіз айнымалының басқа тәуелді айнымалыларға ықпалын зерттеу үшін қолданылады. Мысалы, сыныптағы білім алушы санының білім сапасына, балалардың көңіл-күйіне әсерін зерттеу үшін екі сыныпты эксперимент ретінде алу, бірінде білім алушы саны көп, екіншісінде аз. Бұл жерде эксперимент міндетті түрде лаборатория шеңберінде жүргізу немесе арнайы іріктеуді білдірмейді, кейде өздігінен болған екі жағдайды салыстыру арқылы да өткізуге болады. Мысалы, сыныптағы білім алушы саны аз және білім алушы саны көп екі білім ұйымын салыстыру. Әрине, салыстыру үшін бұл екі ұйымының сипаты, жабдықталуы, орналасуы т.б. ұқсас болуы керек.


Екінші жағдайда эксперименттік зерттеу квази-эксперимент деп атау қалыптасқан. Квази эксперименттің эксперименттен айырмашылығы – мұнда іріктеме рандомизация арқылы жүрмейді. Көбіне жағдайға байланысты қалыптасқан нысандар іріктеледі.

**Шолу (бақылау).** Бақылау арқылы дерек жинау да сандық тәсілдің әдісіне жатады. Зерттеуші адамды, адамдар тобын т.б. бақылау жүргізуі мүмкін. Бақылау ашық (бақылау объектісіне белгілі) немесе жабық (бақылау объектісіне белгісіз) тәсілмен жүргізілуі мүмкін. Сапалық тәсілден айырмашылығы, сандық тәсілмен жүргізілген бақылауда зерттеуші нақты белгіленген мінез-құлық паттерндерін бақылайды. Мысалы, білім алушының күніне неше рет ұялы телефон қарайтынын бақылау үшін кестенің бағанына

бақылауға қатысатын білім алушы санын, ал жолына уақыт жиілігін қойып, соны толтырып отырады. Мұның нәтижесінде сандық деректер жиналады.

**Кабинеттік зерттеу.** Сандық тәсіл шеңберінде деректер жинаудың тағы бір әдісі кабинеттік зерттеу немесе осыған дейін жиналған деректерге өңдеу мен талдау жасау. Бұл үшін басқа зерттеушілер, ұйымдар т.б. жинаған деректер пайдаланылады. Мысалы, халық санағы бойынша жүргізілген сауалнама арқылы жиналған деректер немесе статистикалық мекеменің мәліметтері.

### Сандық зерттеу шеңберінде дерек жинау әдістері



Сандық тәсіл үлкен деректерді өңдеуді, тазалауды, талдауды және визуализациялауды білдіреді. Мұндай үлкен деректерді қолмен өңдеу және талдау көп уақыт алады, тіпті қазіргі шарттарда мүмкін емес. Сол себепті арнайы бағдарламалардың (бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарының) көмегімен жұмыс жасаған дұрыс. Қазіргі таңда мұндай бағдарламалардың саны көп, арасында ақылы және тегін қолжетімді түрлері бар. Төмендегі кестеде сандық тәсіл бойынша жиналған деректерді өңдеу мен талдауға

арналған бірнеше бағдарлама мен олардың сипаты берілген. Ескере кететін мәселе – бұл бағдарламалардың бірнешеуін игеруге ұмтылмай, тек бір бағдарламаға машықтанған және сол бойынша жұмыс дағдыны тереңдеткен дұрыс.

### Сандық деректерді өңдеуге және талдауға арналған бағдарламалар және олардың сипаты

Бағдарлама атауы	Сипаты
<b>Statistical Package for Social Science (SPSS)</b>	Әлеуметтік ғылымдар, білім саласындағы зерттеушілер жиі қолданатын бағдарлама. Әдетте жаппай сауалнама қорытындысында жиналған деректерде өңдеу мен талдау үшін ыңғайлы. Бұл бағдарлама сандық деректердің нәтижелерін оқырманға түсінікті етіп беруге ыңғайлы кестелер, диаграммалар т.б. кескіндер жасауға мүмкіндік береді. Бағдарлама игеруге оңай.
<b>STATA</b>	Бұл бағдарламада жаңа пайдаланушының игеруіне оңай бағдарламаға жатады. Сондықтан қолданушылары көп бағдарламалардың қатарында. STATA-ның көмегімен де кестелер, диаграммалар, графиктер т.б. жасауға болады
<b>R</b>	Бұл бағдарламаның ең басты артықшылығы – тегін. Сол себепті қолданушылары да жеткілікті. Дегенмен басқа бағдарламалармен салыстырғанда игеруі қиындау құрал. Үлкен деректерді өңдеу мен талдау үшін тиімді.
<b>SAS</b>	Статистикалық деректер, жалпы көлемді сандық мәліметтер үшін ыңғайлы. Сондықтан үлкен деректермен жұмыс жасауға ұмтылған зерттеушілер үшін тиімді. Әлеуетті бағдарлама болғандықтан жаңадан үйренушілерге бірден игеру қиын.
<b>Python</b>	Соңғы жылдары кең тарап келе жатқан бағдарлама. <b>R</b> сияқты бұл бағдарлама да тегін. R-дан айырмашылығы бұл бағдарламаның көмегімен тек деректерді өңдеу емес, басқа да көптеген жұмыстарды жүргізуге болады, сол себепті машықтану уақыт алады.



<b>Microsoft Excel</b>	<p>Microsoft Excel-де сандық деректерді өңдеуге мүмкіндік береді және үлкен немесе арнайы талдау қажет деректерден тыс мәліметтерді осы бағдарламаның көмегімен де талдауға болады. Сондықтан көптеген зерттеушілер, мамандар осы бағдарлама арқылы сапалы өнімдер жасауға дағдыланған. Бұл бағдарламаның көмегімен де талданған деректердегі ерекшеліктерді оқырманға иллюстрациялар арқылы көрсетуге болады. Қысқаша айтқанда зерттеуші Windows орнатылған барлық дерлік компьютерде қолжетімді Microsoft Excel бағдарламасын пайдаланып жинаған деректерін оңай өңдеу, тазалау, талдау, визуализациялау және импорттау жұмыстарын жасай алады.</p>
------------------------	---

Сапалық тәсіл сияқты сандық тәсілдің де өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Сандық тәсілдің негізгі артықшылықтары:

- Зерттеу дизайнының қатаң құрылымдалған талаптары сандық тәсілмен алынған нәтижелерді жалпылауға мүмкіндік береді

- Зерттеуге қатысушыларды іріктеу рандомды (кездейсоқ) жүреді, бұл бұрмалаушылықты азайтады

- Зерттеуге көп респондент қатысатындықтан оның нәтижелеріне сенім көбірек

- Деректерді жылдам жинауға және өңдеуге болады

- Зерттеу субъектісі мен объектісі немесе зерттеуші мен зерттеуге қатысушылар арасында тікелей қарым-қатынас мәселесі жоққа тән

- Этикалық сұрақтар көп туындамайды

Сандық тәсілдің негізгі кемшіліктері:

- Әлеуметтік феноменнің мәнін түсінуге көмектеспейді

- Себеп-салдарлық, корреляциялық байланыстарды анықтау қиын

- Кейде көп ресурсты қажет етеді

## Педагогикалық бақылау әдісі

Педагогика ғылымында, жалпы білім беру бойынша зерттеулерде кең тараған әдістердің бірі педагогикалық бақылау әдісі. Сапалық тәсілге жататын бұл әдісті қолдану практик педагогтерге ыңғайлы. Төменде бақылау әдісін түсіндірген зерттеушілер жазған материалдан үзінді берілген:

Бақылау әдісі. Бұл — педагогикалық мәселелерді зерттеуде жиі қолданылатын әдістердің бірі. Бақылау деп әдеттегі жағдайда педагогикалық құбылыстарды қабылдау арқылы тануды айтады. Ғылыми бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспарда бақылаудың мақсаты мен міндеттері, объектісі (сабақ, экскурсия, зертханадағы, шеберханадағы, оқу-тәжірибе учаскесіндегі оқушылардың жұмыстары), жүргізілу әдістері мен техникасы дұрыс көрсетілуі тиіс. Ғылыми негізде шеберлікпен жасалған жоспар зерттеу жұмысының нәтижелі болуына игі әсер етеді. Ғылыми бақылау зерттелетін педагогикалық құбылысты дұрыс және шын дәлдікпен жазып алуға талап етеді. Сондықтан бақылаудың нәтижесі зерттеушінің педагогикалық іскерлігіне, қабілетіне және оның жоғары дәрежелі сауаттылығына байланысты. Педагогикалық бақылау — бұл белгілі бір құбылысты ұзақ және жоспарлы түрде зерттеудің танымдық әдісі. Зерттелетін тақырыптың мақсаты мен мазмұнына қарап, бақылауды жаппай және ішінара жүргізуге болады. Оқу-тәрбие процесінде жалпы мәселелерді зерттеу үшін (сабақ үстіндегі оқушылардың таным іс-әрекеті, оқушылар зейінін белсендіру, балалар ұжымының іс-әрекеті, т.б.) жаппай бақылау әдісі пайдаланылады. Жеке мәселелерді (кейбір оқушылардың кітаппен, картамен істейтін жұмыстарын, жеке оқушының мінез-құлқын бақылау) зерттеу үшін ішінара бақылау әдісі қолданылады. Бақылау нәтижелері дұрыс шығу үшін зерттеуші түрлі формулаларды, кестелерді, фотосуреттерді, сызбаларды, әсіресе техникалық құралдарды, киноға түсіру, бейнемагнитофонға жазу, т.б. кеңінен пайдаланылады. Бақылау материалдары арнайы күнделікке немесе хаттамаға жазылады. Бақылау әдісі арқылы педагогикалық құбылыстың ішкі процесі жайлы толық сенімді мәліметтерді алуға болмайды. Бақылау әдісіне сүйеніп, оқушылардың сырттай мінез-құлқын, түрлі іс-әрекеттерін, сұрақтарға берген жауаптарын зерттеп жазып алуға болады. Осы жағдайлар ескеріліп, бақылау басқа әдістермен ұштастырыла жүргізіледі [<https://zharar.kz/id/75365>].

Мәліметтерді жинаудың кез келген тәсілі сияқты педагогикалық бақылау әдісі де белгілі бір жоспарға, процедураларға сәйкес жүреді. Алдымен зерттелетін проблеманы анықтап, зерттеу жоспарын жасап, тақырып бойынша жазылған әдебиеттерге шолу жасағаннан кейін педагог зерттеу барысында тексерілетін болжамдарды түзейді. Одан кейін сол болжамдарды тексеру үшін педагогикалық бақылаудың процедуралары айқындайды. Бұл процедураны арнайы зерттеу протоколы ретінде толтыру ұсынылады. Протоколда бақылау қалай жүретіні, уақыты, бақылауға қатысатын білім алушылар немесе тәрбиеленушілер, бақылау барысында мәліметтердің қалай жиналатыны, өңделетіні т.б. детальдер жазылады. Бақылау барысында педагог респонденттің сыртқы мінез-құлқы, коммуникациясы т.б. әрекеттерін ғана зерделеп қоймайды, сонымен қатар ішкі әлеміндегі, психологиясындағы

өзгерістерді түсінуі үшін әңгімелесу, сұхбаттасу жолымен де деректер алуы мүмкін.


Кез келген зерттеу әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Педагогикалық бақылау әдісінің тиімділігі ретінде қолдануға жеңілдігін, аз ресурсты қажет ететіндігін атап өтуге болады. Ең басты міні ретінде сапалық тәсілге тән кемшіліктер айтылады. Педагогке осы артықшылықтары мен кемшіліктерін білу және зерттеу нәтижелерін тұжырымдау барысында ескеру маңызды.

## Іс-әрекетті зерттеу

Іс-әрекетті зерттеу (ағыл. Action research – қазақ тіліне кейде практикалық зерттеу деп те аударылады) – педагогтің немесе мектеп әкімшілігінің өз тәжірибесін жүйелі талдау, зерттеу жолымен жетілдіруге ұмтылуы. Бұл іс жүзінде былай жүзеге асады, алдымен білім беру ұйымында еңбек ететін педагогтер, тәрбиешілер өз қызметін, іс-әрекетін сыни рефлексиямен қарай отырып зерттеу жасайды, зерттеу нәтижесінде алынған қорытындыларды ескеріп қажетті жаңалықтар енгізу жолымен жұмысын жетілдіреді, артынан ол енгізілген жаңалықтарды практикада қолдану әрекетін қайтадан зерттейді, қажетті түзетулер енгізеді... Басқаша айтқанда, бұл өз қызметін зерттеу мен қажетті әрекеттерді енгізумен қатар жүретін спиральді процесс. Мұндай қызметтің нәтижесі педагогтің қызметі мен білім сапасында трансформациялық өзгерістерге алып келеді.

Іс-әрекетті зерттеу ұғымын академиялық айналымға ең алғаш АҚШ-тағы Массачусетс технологиялық институтының профессоры Курт Левин енгізді. Сол себепті іс-әрекетті зерттеуді Левин спиралі (ағыл.: Lewinian spiral) деп те атайды. Суретте осы спираль бойынша іс-әрекетті зерттеу қалай жүретіні иллюстрациялық мақсатта көрсетілген.

### Іс-әрекетті зерттеу жолымен қызметті жетілдірудің циклдері



Графиктен көрініп тұрғандай іс-әрекетті зерттеу әдісі негізі төрт кезеңнен тұрады. Бұл жерде ескерілетін мәселе, іс-әрекетті зерттеу әдісін жетілдіру мен практикада тиімді іске асырудың жолдарын зерттеушілер арасында оның кезеңдерінің саны мен мазмұнына қатысты ортақ пікір жоқ. Кейбір зерттеушілер төрт, басқалары үш немесе бес кезеңге бөлуі ықтимал. Алайда кезеңдер санында өзгеріс болғанымен жалпы іске асырылуында үлкен айырмашылық жоқ. Төменде графикте көрсетілген төрт кезеңнің ерекшеліктері туралы қысқаша ақпарат беріледі.

**Жоспарлау.** Бұл кезеңде зерттелетін проблема анықталады, оны шешу жолдары зерделенеді. Осы кезең зерттеудің мәселесі, әдеби шолу т.б. бастапқы зерттеу жоспары жасалатын кезең. Мысал ретінде, бірқатар білім алушылардың минутқа оқуда не себепті қиналатынын түсінуге және олардың оқу жылдамдығын арттыру үшін қандай әдістеме қолдану тиімді болатынын анықтауға ұмтылады. Алдымен әдеби шолу жасап, бұл мәселе бойынша басқа зерттеулердің нәтижесімен танысады. Соның нәтижесінде алдымен минутқа оқуда не кедергі болатынын түсінуге ұмтылады. Одан кейін оны шешу бойынша әдістемені анықтайды.

**Жаңалық енгізу немесе жоспарды іске асыру.** Бұл кезеңде жоспарлаған жұмысын іске асыруды бастайды. Басқаша айтқанда бұл практикалық кезең.

**Мәліметтерді жинау және талдау кезеңі.** Іске асырылған жоспардың қаншалықты тиімді екендігін талданатын кезең. Осы кезеңде педагог өз әрекетінің қаншалықты тиімді болғандығын бағалауға мүмкіндік беретін деректер топтастырады. Бұл жерде мәліметтерді сұхбат, сауалнама, бақылау сияқты әдістермен жинауға болады. Жиналған мәліметтер талданғаннан кейін педагог өз жоспарының нәтижелігін көреді.

**Рефлексия.** Бұл кезеңде жиналған мәліметтердің қорытындысына қарап өз жоспарының қаншалықты тиімді болғандығын сыни тұрғыдан ойлану кезеңі. Егер жиналған мәліметтер педагогтің әрекеті тиімді болғандығын көрсетсе, онда педагог өз қызметіндегі келесі мәселені жетілдіру бойынша жоспарға көшеді. Егер жиналған деректер педагогтің енгізген жаңалығы көп өзгеріс әкелмегендігін көрсетсе, онда ол мәселені басқаша тәсілмен шешудің жоспарына көшеді. Жалпы, бұл кезең педагогке өз жұмысы бойынша талдау жүргізуге арналған.

Осы жұмыстың нәтижесінде педагог жасаған әрекетінің қаншалықты нәтиже бергендігін конференциялар мен симпозиумдарда баяндама жасау немесе мақала жазу жолымен бөлісе алады.

Іс-әрекетті зерттеу әдісі соңғы жылдары педагог практиктер мен білім саласындағы мамандар тарапынан жиі қолданылып отырған тәсілдің бірі. өздерінің педагогикасы мен тәжірибесін тексеру және ақырында жетілдіру үшін жиі қолданатын білім беру зерттеулеріне көзқарас. Бұл әдісті өз қызметін жетілдіруге ұмтылған және жұмысының тиімділігін талдағысы келетін білім саласының кез келген маманы қолдана алады.

Іс-әрекетті зерттеу әдісін іс жүзінде қолдануды түсіндіру бойынша отандық мамандар да біраз жұмыс жасады. Бұл тұста «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына қарасты Педагогикалық шеберлік орталығы шығарған материалдарды ерекше атап өткен жөн. Сондықтан іс-әрекетті зерттеу және тәжірибеде қолдану бойынша қазақ тілінде де, орыс тілінде де материалдар, әдістемелік құралдар бар.

## Жоспарлы оқытушылық интервенция

Адамдардың икемі, қабілеті, дарындылығы, жинаған тәжірибесі әртүрлі болып келеді. Адамның бағытқа қарай икемділігі көп жағдайда жас кезінен байқалады. Балалардың барлығы дарынды, дегенмен түрлі факторлардың әсерінен кейбір бағытта мамандануға әуес болуы ықтимал. Бір балалар өнерге жақын, екіншілері логикалық-математикалық тапсырмаларды ұнатады, үшіншілері оқуға бейім, басқалары спортқа қабілетті. Осыған байланысты кейбір пәндерді оқу бір балаларға оңай болса, екіншілері оларды игеруде қиналуы мүмкін. Осындай жағдайда *жоспарлы оқытушылық интервенция* немесе *қосымша жоспарлы оқыту* (ағыл.: Instructional Intervention) әдісін қолданған тиімді.

Жоспарлы оқытушылық интервенция дегеніміз кейбір пәндерді игеруде қиналатын білім алушыларға білім беру ұйымының арнайы бағдарламамен қосымша оқытуы. Көп жағдайда бейресми жүретін пән педагогінің балаға қосымша көмектесуі мен оқытуынан ерекшелігі, жоспарлы оқытушылық интервенцияда білім беру бекітілген жоспарға сәйкес жүреді. Білім беру ұйымы (мысалы әдістемелік бірлестікте, педагогикалық кеңесте ақылдаса отырып) сабақта үлгерімі нашарлап отырған білім алушы басқа сыныптастарына жетуі үшін арнайы оқыту жоспарын жасайды. Ол жоспар белгілі бір уақыт үшін жасалады. Осы уақыт аралығында білім алушының үлгерімінде өзгерістердің бар немесе жоқтығы тексеріледі. Егер білім алушының үлгерімінде, пәнді игеруінде өзгеріс болмаса, тағы да интервенцияны қажет ететін болса, онда арнайы оқытуды, инклюзивті білім беруді қажет етуі мүмкін. Болмаса оқытушылық интервенция жоспарын басқаша түзеу, әзірлеу қажет деген сөз.

Жоспарлы оқытушылық интервенция әдісін көп жағдайда бастауыш сыныптағы білім алушыларға қолдану тиімді. Бұл баланың бейімділігін, инклюзивті оқытуды қажет ететіндігін ерте жастан анықтауға көмектеседі. Басқаша айтқанда, білім алушының өзге сыныптастарына қарағанда пәнді игеруде қиналуы мектепке дейінгі білімінің сапасына байланысты болуы мүмкін немесе когнитивтік дағдыларына байланысты туындауы ықтимал. Жоспарлы оқытушылық интервенция осыны анықтап береді. Мынандай бір ойдан шығарылған мысал, отбасында басқа тілде сөйлесетін бала қазақ сыныбына оқуға қабылданған жағдайда пәндерді игеруде, әсіресе оқуда қиналуы мүмкін. Мұндай жағдайда ондай баланы арнайы оқыту, оның өзге сыныптастарын тез арада қуып жетуіне көмектеседі.

Бұл жерде білім алушының оқуында прогресстің бар немесе жоқтығына мониторинг жасап отыру маңызды. Дәлірек айтқанда жоспарлы оқытушылық интервенцияның индикаторлары болғаны дұрыс. Бұл индикаторлар оқыту басталғанда және аяқталғанда білім алушының көрсеткіштерін өлшеуі тиіс. Егер жоспарлы оқытушылық интервенция ұзақ мерзімге жоспарланған болса, онда аралық индикаторлар да қойған дұрыс.

Зерттеушілік мақсат үшін білім алушының жеке және демографиялық мінездемесі, оқудағы үлгерімінің прогрессі, мінез-құлқы мен психологиясындағы сыртқы өзгерістер тақырыпқа байланысты т.б. мәліметтер жиналады. Бұл мәліметтерді иллюстрациялау үшін төменде үлгілік кесте берілген.

### Оқушының жетістігін бағалау

<b>Жеке мәліметтер</b>			
Жасы			
Ана тілі немесе сөйлеуге бейім тілі			
Мектепке дейінгі білімінің сапасы			
Қосымша үйірмелерге қатысуы			
Ата-анасының үй жұмысын орындауға көмектесуі			
Ата-анасының бала туралы сынып жетекшісімен байланысып тұруы			
<b>Мектептегі коммуникациясын бағалау (3 баллмен)</b>			
Топпен жұмыс жасауы	1	2	3
Өз пікірін, ойын жеткізуі	1	2	3
Басқа балалармен ойнауы	1	2	3
<b>Қазақ тілі пәні бойынша интервенция барысында жетістігін бағалау (3 баллмен)</b>			
Грамматикада	1	3	3
Оқуда	1	2	3
Түсінуде	1	2	3

Жоспарлы оқытушылық интервенцияны қолданғысы келетін педагогтердің міндетті түрде қосымша әдебиеттерді оқуы қажет. Бұл туралы қосымша ақпараттар бар, әсіресе ағылшын тілінде көп.



## Зерттеуді ғылыми мақалаға айналдыру

Кез келген зерттеу нәтижесі талқылаудан, сыннан өтуі тиіс. Осы талапты орындау үшін, әдетте, зерттеушілер өз жобаларының қорытындысын ғылыми қоғамдастықтың талқысына салады. Басқаша айтқанда алынған нәтижелерді әріптестерімен бөліседі. Бұл көп жағдайда конференцияларда/симпозиумдарда баяндама жасау және ғылыми басылымдарда мақала жариялау арқылы жүреді. Осындай жолмен зерттеудің сапасы бағаланады, сондықтан академиялық дебаттың талқысынан өткен зерттеулерге сенім артады.

Конференцияларда немесе симпозиумдар үшін баяндама әзірлеу мен жасау арқылы зерттеуші өз жобасы бойынша кері байланысты жылдам алады. Бұл оған жобаны іске асыру барысында кеткен қателер мен кемшіліктерді анықтап, оларды мүмкіндігінше түзету үшін қолайлы. Сол себепті зерттеуші көп жағдайда жобаның бастапқы нәтижелерін бөлісу мақсатында конференцияларға, дөңгелек үстелдерге т.б. шараларға қатысады. Алайда мұндай шараларға шектеулі ғана ғалым қатысатындықтан және зерттеушіде барлық зерттеу кезеңдерін егжей-тегжейлі түсіндіру мүмкіндігі аз болғандықтан зерттеу нәтижесін ғылыми журналдарда мақала ретінде жариялауға ұмтылады.

Зерттеу қорытындысын талқылауға ұсынудың екінші және негізгі жолы ғылыми журналдарға мақала етіп жариялау. Зерттеуді мақалаға айналдыру және жариялау бірнеше айға, тіпті бірнеше жылға созылуы ықтимал процесс. Келесі абзацтар мен бөлімдерде осы процесс туралы қысқаша ақпарат беріледі. Бұл жерде айтылып кетілуі тиіс ескерту, кейбір жағдайларда зерттеу қорытындысын ауқымды баяндама, кітап тарауы, монография ретінде жариялау дәстүрі де бар. Бірақ зерттеуді мұндай жолмен бөлісудің кемшілігі – оның ғылыми қоғамдастық арасында тарау ауқымының тар болып қалу ықтималдылығымен байланысты.

Мақаланы жазудың бастапқы кезеңінде қолжазбаны ұсынатын журналды таңдап алған дұрыс. Себебі мақаланың форматына, көлеміне, стиліне, рәсімделуіне т.б. толып жатқан форматына әрбір журналдың қоятын талабы әртүрлі болып келеді. Зерттеуші бастапқы кезеңде журналды таңдау арқылы мақаланы жазу барысында сол баспаның талаптарына орай рәсімдеп отырады. Бұл уақыт пен энергияны үнемдеудің жолы. Сол себепті журнал талаптарымен танысып, соған сәйкес рәсімдеу қажет. Қосымшада Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы шығаратын «Білім-Образование» журналының мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптары берілген. Бұл талаптар Қазақстан Республикасында уәкілетті орган ұсынған құрылым негізінде әзірленген, сондықтан республика аумағында жарияланатын көптеген ғылыми басылымдарға ортақ стандарттар болып табылады.

Журнал таңдау барысында зерттеуші ол басылымның өз саласына, бағытына сәйкестігіне назар аударғаны жөн. Олай етпей, мақсатты

аудиториясы басқа журналға мақала жариялайтын болса, онда зерттеушінің еңбегі сол сала бойынша маманданған басқа әріптестерінің назарынан тыс қалуы ықтимал.

Ғылыми мақаланың өзіндік рәсімделу, құрылымдау тәртібі бар. Бұл жерде ортақ бір ереже немесе талап жоқ, сондықтан ол өзгеруі мүмкін. Бірақ ғылыми ортада жиі кездесетін, қалыптасқан, көп зерттеушілер сақтайтын мақаланы рәсімдеу тәртібі мен жазу құрылымы бар. Кез келген зерттеушінің сол құрылымды сақтауға ұмтылғаны дұрыс. Себебі құрылымға сәйкес жазылмаған мақаланың біріншіден техникалық сараптамадан өтпей қалу ықтималдылығы жоғары, екіншіден мақалаға пікір білдіруші рецензенттер қалыптасқан құрылымнан тыс жазылған мақалаларға сын көзбен қарауы мүмкін. Мұндай жағдайда сапалы жүргізілген зерттеудің өзі кері қайтарылып, қолжазба жарияланбай қалады. Төмендегі суретте мақаланың жиі кездесетін құрылымы және әр бөлімде не жазылуы керектігі туралы қысқаша ақпарат көрсетілген.

### Ғылыми мақаланың жиі қолданылатын құрылымы

Аңдатпа/Абстракт	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқырманға мақала туралы қысқа ақпарат береді, қызықтырады</li> </ul>
Кіріспе	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қандай мәселе зерттеледі?</li> <li>• Басқа зерттеулермен қалай байланысады</li> <li>• Зерттеудің мақсаты, міндеттері, сұрақтары</li> </ul>
Әдіснама	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәселе қалай зерттеледі</li> </ul>
Нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Зерттеу сұрақтарына қандай жауаптар алынды</li> </ul>
Талқылау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Зерттеудің маңызы және осы тақырыптағы басқа әдебиеттермен нәтижелерді салыстыру</li> </ul>
Қорытынды	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қысқаша зерттеу қорытындысы бойынша жасалынған түйіндер беріледі</li> </ul>
Әдебиеттер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мақала ішінде сілтеме жасалынған деректер тізімі</li> </ul>
Қосымшалар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқырманға мақаладағы ақпаратты түсінікті етуге көмектесетін қосымша материалдар</li> </ul>

Мақала жобасы дайын болғаннан кейін ғалымдар қолданатын арнайы әлеуметтік желілерде «Жоба», «Сілтеме бермеңіз» деген белгімен жариялау, мақаланың алдын-ала сыннан өтуіне мүмкіндік береді. Осы арқылы зерттеуші мақаласының кемшін тұстарын анықтап, оларды журналға жарияламас бұрын түзете алады. Мұндай сыннан өткен қолжазбаны журналдың қабылдамай қою ықтималдылығы төмендейді.

Осыған дейін айтылып кеткендей, мақаланың жазу стилі, құрылымы, рәсімделуі зерттеу әдіснамасына, зерттеу бағытында қалыптасқан дәстүрге, журналдың талаптарына т.б. шарттарға байланысты өзгереді. Сол себепті әр саланың, зерттеу тақырыбының ерекшелігіне байланысты талаптар әртүрлі болып келеді. Мұндай жағдайда үлгі ретінде бір талапты ұсыну қиын. Дегенмен әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда зерттеу нәтижесін баяндаудың IMRaD (аббревиатура, ағыл.: Introduction, Methods, Results, and Discussion. Қаз.: Кіріспе, Әдістер, Нәтижелер және Талқылау) деп аталатын құрылымдық форматы жиі қолданылады. Келесі бөлімдерде осы аббревиатураның әрбір құрылымы туралы баяндалады.


Мақала немесе басқа да ғылыми жазбалар жазғанда авторлар жіберетін ең үлкен қателіктерінің бірі – қайталау. Көп жағдайда мақалада бір ойды, тұжырымды бірнеше рет қайталау болса сыншылар оң қабылдамайды. Сол себепті тек зерттеу нәтижесінде жасалатын тұжырымдарды дәйектейтін материалдарды ғана ұсынып, ойды қайталамау маңызды.

### **Кіріспеде не жазылады**

Кез келген жазбаның, оның ішінде ғылыми жарияланымның да кіріспе бөлімі болады. Кіріспеде зерттеу туралы бастапқы ақпарат жазылады. Бұл бөлім көп жағдайда оқырманға әрі қарай оқу немесе оқымау туралы шешім қабылдауға көмектеседі. Басқаша айтқанда, оқырман мақаланың кіріспесін оқығаннан кейін бұл жұмысты оқу өзіне қаншалықты қажеттігін анықтайды. Сонымен қатар, кіріспе зерттеудің сапасы туралы оқырманның ойында бастапқы пікірді қалыптастырады. Сондықтан кіріспені жазуда мұқият болған дұрыс.

Кіріспені жазудың бекітілген құрылымы жоқ. Ол зерттеушінің көзқарасына, қандай мәселелерді маңызды деп санап кіріспеде көрсетуге ұмтылуына, жобаның мазмұнына қарай өзгереді. Кіріспенің құрылымы мен көлемі жазбаның жалпы ұзындығымен пропорцияда болады. Дегенмен кіріспенің, оның ішінде ғылыми мақаладағы кіріспенің кең тараған мазмұны кездеседі. Төмендегі суретте осы мазмұнға сәйкес жазылатын кіріспенің құрылымы көрсетілген. Ондағы әрбір тармақ оқырманға зерттеу бойынша мейлінше кең және нақты ақпарат беруге жүйелейді.

## Кіріспе құрылымы



Суретте берілген құрылымның әрбір тармағын жазу барысында мән берілуі керек мәселелер бойынша қысқаша ақпарат келесі абзацтарда берілген.

Кіріспенің ақпарат абзацында немесе тармағында зерттеу мәселесі, тақырып бойынша жалпы ақпарат беріледі. Бұл жерде жазылған ақпарат оқырманның ойында тақырыптың контексті, қандай мәселеге тереңірек назар аударатыны туралы мағлұмат береді. Дәлірек айтқанда, зерттелетін мәселенің, идеяның мазмұнын құрайтын және толық түсіну мен бағалауға мүмкіндік беретін мәлімет жазылады. Сондықтан бұл абзацты кіріспенің кіріспесі деп айтуға болады.

Өзектілігін жазғанда, тақырып бойынша басқа зерттеулер туралы қысқаша ақпарат беріп, бұл зерттеудің олардан айырмашылығын көрсетеді. Нақты айтқанда бұл абзац ғылыми әдебиеттегі лакунаны немесе бос тұрған орынды сипаттайды, осы зерттеудің сол бос жерді толтыратынын жазады. Мысалы, «білім алушылардың бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына ауысқан жағдайда көп жағдайда психологиялық дискомфорт және коммуникациялық қиындықтар болатыны туралы зерттеулердің қорытындысы бар [сілтемелер], алайда білім алушының білім ұйымы ішінде сынып ауыстырғанда интеграциясы қалай жүретіні аз зерттелген» деген ой жазылады. Бұл тұста зерттеу міндетті түрде бұрын зерттелмеген мәселені талдау жасауы керек деген ой қалыптаспауы тиіс. Кейбір зерттеушілер бұрын зерттелген тақырыпты жаңа қырынан қарайды, екіншілері теорияларды, басқа ғалымдардың тұжырымдарын жергілікті контекстте тексеріп көреді. Екінші мысал, «шетелдік көптеген зерттеулердің нәтижелері [сілтемелер] үзілістің ұзақ болуы білім алушылардың эмоциясына жағымды әсер етіп, келесі сабаққа

ынтасын арттыратынын дәлелдеді, бұл зерттеуде осы тұжырымның растығын Қазақстандағы контексте тексеріледі» деп жазылады.

Үшінші абзацта жобаны іске асырудың, тақырыптың зерттеудің не себепті қажеттілігі негізделеді. Бұл тұста зерттеудің практикалық маңыздылығы, ғылыми әдебиетке қосатын үлесі т.б. мәселелер жазылады. Жалпы бұл абзац зерттеуді іске асырудан, нәтижелерін алудан келетін пайда туралы ой өрбітеді. Мысалы, «Бұл зерттеу нәтижесінде жасалынатын тұжырымдар сынып ауыстырған білім алушылар туралы ғылыми түсінікті кеңейтуге көмектеседі. Зерттеудің практикалық маңыздылығы сынып ауысқан білім алушылардың жаңа ортаға тез интеграциялануына көмектесуге ықпал етуімен айқындалады».

Келесі абзацта зерттеудің мақсаты, міндеттері, сұрақтары әдіснамасы туралы ақпарат беріледі. Зерттеу нәтижесінде алынған талқылауға ұсынылатын тұжырымдар жазылуы мүмкін. Қысқаша айтқанда, бұл бөлім жалпы зерттеудің ішкі мазмұны мен зерттеу процесі туралы ақпарат береді.

Кіріспенің соңғы абзацында жалпы жазбаның әрі қарай қандай бөлімдерден тұратыны туралы қысқаша құрылымы сипатталады. Бұл оқырманға мақала мазмұны бойынша ақпарат беру тұрғысынан қажет.

Жоғарыда айтылып кеткендей, зерттеу мақаласының кіріспесі қандай абзацтардан тұратындығы туралы бекітілген норма жоқ. Сондықтан оның қалай құрылымдау авторға байланысты. Басты қағида – кіріспе жалпы жазба туралы, оның маңыздылығы туралы ой қалыптастыруы керек. Екінші қағида – кіріспеді зерттеуге қатысы жоқ ойларды жазбай, оқырманға нақты және ықшам ақпарат беру. Мұндай кіріспен бөлімі оқырманның мақаланы әрі қарай оқуға деген қызығушылығын арттырады.

### **Әдіснама бөлімінде не жазылады**

Мақаланың барлық бөлімдері маңызды және бір-бірімен байланысқан. Дегенмен, мақаланың өзегін әдіснама бөлімі құрайды. Өйткені осы бөлімде жалпы мақаланың қорытындысын қалай алынғандығын түсіндіретін ақпарат беріледі. Әдіснама бөлімінде зерттеу әдістерін түсіндіру жолымен зерттеуші өзі жасаған тұжырымдарды алу үшін қандай және қанша материал жинағанын, не себепті жинағанын, оларды қалай жинағанын және қалай талдағанын айтып өтеді. Оқырман осындағы ақпаратқа қарап зерттеудің сапасын бағалайды. Кейбір жағдайда оқырман бірден әдіснама бөліміне көз жүгіртіп, ондағы ақпаратқа көңілі толмаған жағдайда мақаланы одан әрі оқудан бас тартады. Сондықтан зерттеушіге өз мақаласында әдіснаманы жан-жақты жазып өту маңызды.

Зерттеудің әдіснама бөлімінің құрылымы таңдалған әдістерге байланысты өзгереді. Сандық тәсіл мен сапалық тәсілге байланысты әдіснама бөлімінің мазмұнында айырмашылық болады. Мысалы, сапалық тәсілде этика туралы көп жазады, ал сандық тәсілде мәліметтерді қалай өңдегенін түсіндіруге көп көңіл бөледі. Осы екі тәсіл емес, сонымен қатар осы

тәсілдердің ішіндегі деректерді жинау мен талдаудың әдістерінің түрлеріне қарай да өзгеруі мүмкін. Мысалы, эксперименттік зерттеу әдісін қолданған жұмыстың әдіснамасы мен әлеуметтік сауалнама қолданған жұмыстың әдіснамасын жазуда ерекшеліктер бар. Сол себепті зерттеуші әдіснама бөлімінің құрылымын анықтауда зерттеуші қолданылатын әдісті басшылыққа алуы тиіс. Дегенмен зерттеудің қандай әдісі болмасын әдіснама бөлімінде жиі қамтылуы тиіс компоненттер бар. Төмендегі суретте сол компоненттер берілген. Ол компоненттердің мазмұны туралы ақпарат келесі абзацтарда беріледі.

### **Әдіснама бөлімінде жазылатын ақпарат**

<b>Қадам</b>	<b>Сипаттамасы</b>
Контекст	Зерттеу ортасы сипатталады
Зерттеу процедурасы	Зерттеудің әдістері негізделеді
Деректерді жинау әдісі	Қандай әдіспен деректер жиналғандығы жазылады
Деректерді талдау әдісі	Жиналған деректерді қалай талдағандығын түсіндіреді
Этикалық нормалар	Зерттеу этикасын жазу
Басқа зерттеушілердің қайталауы	Осы әдіспен зерттеуді қайталауға ұмтылған басқа зерттеушілерге толық ақпарат беру

Әдіснама бөлімінің алғашқы абзацында көп жағдайда зерттеу жүргізілетін мәселе жазылады. Осы жерде зерттеу ортасы, оның ерекшеліктері туралы айтып өтеді. Мысалы, педагог 7-сынып тарих пәнінің бағдарламасы өзгергенін, жаңа бағдарламаны білім алушылардың қалай қабылдағанын, зерттеу болатындықтан нысан ретінде осы сыныптағы балалар алынатынын жазады.

Екінші бөлімде аталған мәселені зерттеу үшін қандай әдіс қолдану қажеттігін негіздейді. Бұл абзацта не себепті аталған әдісті таңдағанын дәйектейді. Өз әдісінің басқа зерттеулерден ерекшелігін айтып өтеді.

Одан кейінгі абзацта деректер жинау әдісі туралы сипаттайды. Мұнда қанша дерек, қайдан жиналды деген мәселелер талқыланады.

Деректерді талдау әдісінде жиналған деректер қалай өңделгенін түсіндіреді. Деректерге жасалған манипуляция, қолданылаған формулалар жазылады.

Этикалық нормалар абзацында зерттеуші тақырыптың әдісіне байланысты қысқаша немесе толық ақпарат береді. Мұндағы ақпарат

зерттеуге қатысушының қауіпсіздігі, құқығы, ықтимал теріс факторлардан қалай қорғалғандығын сипаттауға арналған.

Жалпы, әдіснама бөліміндегі ақпаратты берудің бір мақсаты зерттеуші өзі жасаған тұжырымдарға негіз болған мәліметтерді қалай жинағанын және өндегенін көрсету болса, екінші мақсаты дәл осындай жолмен зерттеу жүргізгісі келген адамдарға түсіндірме беру. Екінші мақсат басқа зерттеушілердің дәл осы зерттеуді қайталау жолымен жасалынған тұжырымдардың басқа контекстте де дәл осындай нәтиже беретінен тексеріп көруін қамтамасыз ету

Бұл компоненттердің барлығы маңызды болғанымен зерттеуші олардың ешқайсысында оқырманға қажеті жоқ артық ақпарат, пайдасы аз мәліметтер бермеуге тырысуы керек. Көп ақпарат оқырманға әдіснама туралы түсіндіруге емес, керісінше шатастыруға әкелуі мүмкін. Сол себепті кейбір ақпаратты қысқарту үшін визуализациялауды қолдануға болады, бірқатар ақпаратты қосымшаға жүктеген дұрыс. Тіпті әдіснамаға қатысты және өзекті кейбір ақпаратты басқа электронды ресурстарға, сайттарға жүктеп қоюға болады. Ондай жағдайда әдіснама туралы қосымша ақпарат алғысы келген оқырман сол жерден көре алады.

### **Алынған нәтижелер бөлімінде не жазылады**

IMRaD құрылымы бойынша жазылған қолжазбада әдіснамадан кейінгі бөлім алынған нәтижелер туралы жазу. Нәтижелер бөлімі зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтердің маңыздылығын сипаттаумен ерекшеленеді. Бұл бөлімде деректерді жинау мен талдау әдістері қандай нәтижелер бергендігі жазылады және интерпретациялау жүреді. Басқаша айтқанда, бұл бөлімнің мазмұны зерттеу сұрақтарына қатысты алынған нәтижені оқырманға таныстыру, ол нәтиженің не мағына білдіретінін сипаттау, одан автордың қандай тұжырым жасағанын немесе ой қорытқанын көрсету. Бұл бөлімде сыни рефлексияға көп мән берілмейді, ол келесі – талқылау бөлімінде жазылады. Нәтижелер бөлімі зерттеудің негізгі нәтижелері туралы сипаттаманы қамтитын бөлім болып табылады, ал талқылау бөлімі оқырмандар үшін нәтижелерді түсіндіреді және қорытындылардың маңыздылығын қамтамасыз етеді.

Бұл бөлімде зерттеу гипотезасын/болжамын қолдайтын немесе жоққа шығаратын маңызды нәтижелерді көрсетуге назар аударуы керек. Мысалы, зерттеуші «ата-анасы сынып жетекшісімен жиі байланысатын балалардың сабақ үлгерімі жоғары» деген гипотезаны тексеруді көздеген болса, онда коммуникация жиілігі мен баланың үлгерімі арасындағы байланысты талдау үшін педагогикалық бақылау әдісін қолданып, алынған нәтижені кесте ретінде көрсете алады. Кестеде ата-аналардың сынып жетекшісіне хабарласу жиілігі және баланың үлгерімін көрсетеді. Егер олардың арасында оң динамика барлығы айқындалса, онда ата-ананың сынып жетекшісімен тығыз байланысы

баланың сабақ үлгеріміне ықпал ететінін кестеден көруге болатынын тұжырымдайды. Бұл тұста арада ауытқушылықтар болуы ықтимал, арасында бір немесе екі ата-ана (қатысушылар арасындағы үлесі төмен кез келген сан) сынып жетекшісімен жиі байланысысқанына қарамастан баланың үлгерімі жоғары болмауы мүмкін. Зерттеуші оның себебін интерпретациялауға тырысады. Мысалы, зерттеу жүріп жатқан кезде қосымша факторлардың себебіне байланысты ата-ана сынып жетекшісімен жиі байланысты, басқа уақытта тығыз коммуникация жасамайды немесе баланың сабақ үлгерімі жоғары, алайда сол уақытта басқа себептерге байланысты сабаққа дұрыс көңіл бөле алмады т.б. Ал, ата-ананың білім беру ұйымымен коммуникация жиілігі мен баланың үлгерімі арасында оң динамика болмаса, онда зерттеуші өз зерттеуінің осындай нәтиже алғандығын жазады. Сынақ нәтижесінде гипотезаны терістеу зерттеудің құндылығын түсірмейді. Керісінше мәселе туралы ақпаратты көбейтуге көмектеседі.

Бұл тұста нәтижелер бөлімінің ауқымды келетінін, сондықтан оны кішігірім тарауларға бөлу оқырманға ыңғайлы болатынын айтып өткен жөн. Нәтижелер бөлімінің құрылымын зерттеу сұрақтарына орай ұйымдастырған дұрыс. Нәтижелер бөлімінің ішкі құрылымы оқырманға ыңғайлы логикалық және хронологиялық тәртіпте болуы керек.

Өте көп ақпарат оқырманды жаңылыстырады. Сондықтан алынған нәтижелер бөлімінде тек зерттеу сұрақтарына қатысты нәтижелерге көп көңіл бөліп, тыс ақпарат санын мейлінше азайтқан абзал. Мұның өзінде зерттеу сұрағына қатысты кейбір нәтижелерді беруге мақала ауқымы тарлық етеді. Журналға жіберген кезде ең аз маңызды деректеріңізді қосымша материалдар ретінде қосыңыз.

Алынған нәтижелер бөлімін сапалы жазу үшін мына мәселелерді ескерген абзал:

1. Зерттеуді іске асыру қорытындысында алынған маңызды нәтижелерді ғана жазу
2. Мүмкіндігінше ақпаратты иллюстрациямен беруге тырысу, ондағы деректердің мағынасын түсіндіру
3. Алынған нәтижелерді түсіндіру барысында қайталауға жол бермеу (мәтінде де, көрнекі кескінде де бір нәрсені жазбау)
4. Алынған нәтижелердің көлемі үлкен болса, бұл бөлімді кішігірім тарауларға бөлу, әр тарауға тақырып бергенде негізгі нәтижені атау етіп қоюға тырысу
5. Нәтижелердің кіріспедегі зерттеу сұрақтарымен сәйкестігіне назар аудару
6. Тек алынған нәтижелерді таныстырумен шектеліп, олар туралы рефлексия жасамау

Сонымен қатар, алынған нәтижелер бөлімін қалай сапалы жазу керектігі бойынша, ондағы иллюстрацияларды рәсімдеу туралы қосымша әдебиеттердің, әлеуметтік желілерде мақала жазуда тәжірибесі мол ғалымдардың кеңестерінің көптігін ескертіп өткен жөн.



## Талқылау бөлімінде не жазылады

Зерттеудің соңғы бөлімі алынған нәтижелерді талқылаумен аяқталады. Талқылау бөлімінің үлгілік құрылымы төмендегі кестеде берілген. Талқылау бөлімінің мәні бірінші және екінші бөлімде көрсетілген, көп жағдайда оның мазмұны осы екі тармақ төңірегінде дамиды. Қалған үш бөлім зерттеудің қысқаша қорытындысы болып табылады.

Бұл жерде ескере кететін мәселе, кейбір авторлар талқылау және қорытынды бөлімдерді бірге жазады. Басқалары болса бұл екі бөлімді бөлек қарастырады. Егер талқылау бөлімінде қарастыралатын тұжырымдар ауқымды болса, онда қорытындыны жеке қарастырған дұрыс. Мұндай жағдайда кестедегі үшінші, төртінші және бесінші бөлімдер қорытынды тараудың ішіне кетеді.

## Талқылау бөлімінің үлгілік құрылымы

Құрылымы	Талқыланатын мәселелер
Бірінші бөлім	Зерттеу проблемасын, сұрақтарын қысқаша және негізгі нәтижелерді жазу
Екінші бөлім	Сыни рефлексия, осы саладағы басқа зерттеулермен салыстыру, ортақ және басқа мақалаларда жоқ нәтижелерді талқылау
Үшінші бөлім	Зерттеу нәтижесінің тұжырымдарын шығару
Төртінші бөлім	Зерттеудің кемшіліктерін жазу
Бесінші бөлім	Ұсынымдар жазу


Алынған нәтижелер бөлімін сапалы жазу үшін төмендегі мәселелерді ескерген абзал.

Тек маңызды нәтижелерге ғана акцент беру және олардың не себепті маңызды екенін түсіндіріп өту. Кез келген зерттеу қорытындысында ондаған, тіпті одан да көп нәтиже алынады. Олардың барлығын көрсету өте қиын. Сондықтан тек мәселеге қатысты және зерттеу сұрақтарына жауап беретін нәтижелерді ғана шығара білу керек.

Нәтижелерді басқа мақалалармен салыстыру қажет. Кез келген жаңалық тек бір ғылыми мақаланың қорытындысында ғана анықталса, онда мұндай жаңалыққа сенімділік аз болады. Сол себепті зерттеудің маңызды нәтижелерін тұжырымдағаннан кейін басқа зерттеулердің қорытындысымен салыстырып, олардың дәл осында немесе осыған ұқсас қорытынды жасағанын қарап өту

керек. Бұл тұста кейбір қорытындылар басқа зерттеулермен сәйкеспеуі мүмкін. Зерттеуші ондай қорытындылардың не себепті басқа зерттеулермен сәйкеспеуі мүмкін екенін түсіндіре отырып, олардың дәйектілігін тексеру үшін қосымша зерттеулердің қажеттігін ұсынады. Бұл тұста төменде берілген сурет бойынша зерттеу нәтижелерін өзге мақалалардың қорытындыларымен салыстырған ыңғайлы. Мұндай кесте басқа әдебиетте жоқ тұжырымдарды бірден сұрыптауға ыңғайлы.

### Зерттеу нәтижелерін өзге зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру



Зерттеу нәтижесін басқа зерттеулермен салыстырудың бір өзектілігі, қате тұжырымдар жасаудан сақтайды. Жалпы, зерттеушіге өз зерттеуінің нәтижелерін негізсіз жалпылаудан, қате интерпретациялаудан, дәйектелмеген қорытынды жасаудан аулақ болу. Бұл үшін зерттеудің кемшіліктерін де жазып кету жағын ескеру керек.

Бұл бөлімде жазылып кетуі тиіс маңызды мәселе – зерттеудің кемшіліктері. Кез келген ғылыми жұмыстың кемшілігі, қолдануға келмейтін саласы болады. Осындай мәселелерін автордың өзі жазып кетуі, бұл сыни талдауды, рефлексивті ойды білдіреді. Мысалы, білім алушы саны 20-дан аз сыныпта жүргізілген кейбір зерттеулердің қорытындысы кабинеттегі балалардың саны 30-40 болатын білім ұйымдары үшін қолдануға келмейтін болуы мүмкін. Келесі бір мысал, тек бастауыш сыныптағы білім алушылардың ата-анасы арасында өткен сауалнама қорытындысына сүйеніп, барлық сыныптағы ата-аналар осылай ойлайды деген тұжырым жасау қате болуы ықтимал. Сол себепті зерттеуші сауалнаманың тек төменгі сыныптарда

балалары оқитын адамдар арасында өткенін айтып өтіп, жоғары сыныптағы балалары бар респонденттер басқаша ойлауы мүмкін екенін айтып өтуі оның сыни рефлексиясын көрсетеді.

Бұл тараудың соңғы бөлімінде немесе қорытынды тарауда зерттеу нәтижесінде алынған маңызды тұжырымдар шығарылады, зерттеу қорытындысы бойынша ұсыныстар беріледі, практикаға қажетті және іске асыруға болатын ұсынымдар беріледі.

### **Ақпаратты визуализациялау**

Ғылыми мақаланың мәтінін әзірлеу барысында ескерілуі тиіс маңызды бір мәселе – ақпаратты визуализациялауға мән беру. Кез келген ғылыми баяндама, мақала мәтінінде кестелер, диаграммалар, кескіндер түрінде иллюстрациялық материалдардың болғаны дұрыс. Тіпті сандық мәліметтер аз жиналатын сапалық зерттеулердің мазмұнында да кемі 1-2 кескін болады. Осы жерде ғылым саласындағы мәліметтерді визуализациялаудың басқа саладан айырмашылықтары бар екенін айтып өту керек. Ғылымда иллюстрация күрделі және көп мәліметтерді жүйелі беру үшін қолданылады. Ғылыми жарияланымдарда кескін маңызды болғандықтан SciVis (ағыл. Scientific visualization, қаз. Ғылыми визуализация) деп аталатын аббревиатура пайда болды, осы мәселені жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатындағы арнайы онлайн талқылау алаңдары жұмыс жасайды.

Мақал мазмұнындағы суреттер мен кестелер зерттеу туралы ақпаратты көрнекі етіп көрсетеді. Мұндай иллюстрацияларды пайдалану оқырмандарға да пайдалы, өйткені үлкен деректерді жинақы, салыстыра және түсіндіре алатындай етіп қабылдануына көмектеседі. Түрлі топтарды салыстыру үшін графиктерді немесе фигураларды пайдалануға болады. Ал кестелер үлкен көлемдегі деректер мен нақты мәндерді ұсынуға ыңғайлы көрнекі құрал. Ғылымда мәліметтерді иллюстрациялық кескіндермен қосудың қажеттілігі бірнеше аргументпен айқындалады. Олардың ішіндегі негізгі үш фактор туралы келесі абзацтарда жазылған.

Алдымен, мәліметтерді графикке, диаграммаға т.б. кескіндерге салу талдауды жеңілдетеді. Басқаша айтқанда, жиналған деректерді, сандық мәліметтерді арнайы диаграммаға интеграциялаған жағдайда өзекті трендтерді, корреляцияларды, топтасуларды т.б. ерекшеліктерді аңғаруға болады. Одан кейін зерттеушіге олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты іздеу ыңғайлы. Сонымен қатар, қажет емес мәліметтерді алып тастауды ыңғайлатады.

Екіншіден, мақала мазмұнындағы кескіндер оқырманның ақпаратты оңай қабылдауына мүмкіндік береді. Иллюстрацияны қосудағы негізгі мақсаттың бірі де осы – күрделі мәселені, идеяны оқырманға мүмкіндігінше түсінікті жеткізу. Ол үшін мәліметтерді дұрыс визуализациялау, мәлімет мазмұнына сәйкес кескін таңдау өзекті.

Одан кейін, ақпаратты визуализациялау мақала көлемін қысқартуға, мәтінді ықшамдауға көмектеседі. Мысалы, жүздеген немесе мыңдаған респонденттің демографиялық сипаттамасын мәтінмен беру көп орын алады. Ал, ол мәліметтерді бір ғана кескінмен беру сөз санын қысқартады. Мақала көлемін қысқарту қажеттілігі артық ақпаратты алып тастау тұрғысынан ғана өзекті емес, сонымен қатар ғылыми басылымдардың қолжазба өлшеміне қоятын стандарттарын сақтауға қажет. Басқаша айтқанда барлық дерлік басылымдардың қолжазбаға қоятын өлшемдік шектеуі бар, ол нормаға сай келу үшін артық сөздерден арылту маңызды.

Бұл жерде айтып кету қажет маңызды мәселе иллюстрациялық материалды мәтінде сипаттау. Зерттеуші өзінің жинаған материалын, айтқысы келген ойын немесе зерттеу нәтижесін әдетте мәтінмен жазуы тиіс, немесе иллюстрациялық кескінмен көрсетуі керек. Осы екеуінің біреуін таңдағаны абзал. Бұл әсіресе сандық тәсілді қолданушылар үшін маңызды. Зерттеуші осы екі таңдаудың қайсысына басымдық беретінін жеткізілуі тиіс ойға қарай таңдағаны жөн. Мысалы, сандар мен кілт сөздер немесе қысқа ойларды кестемен не суретпен берген ұтымды. Себебі ондағы әрбір коэффициенттерді, легендаларды ұзақ мәтіндік тізіммен жазу қажетсіз. Бұл жерде есте сақтарлық мәселе, кестеде немесе суретте көрсетуді таңдаған нәтижелер үшін мәтінде бірдей мәліметтерді бермеу керек. Тек қана маңызды деген жерлерін оқырманға айтып өту үшін келтірген дұрыс. Содан кейін егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін оқырманға кестеге немесе қосымша ақпарат ұсынатын суретке сілтеме беру керек.

Осы жерде зерттеуші ескеруі тиіс тағы бір мәселе иллюстрациялық материалдарды тек талап етілгендігі үшін ғана әзірлеп қоймай, оның дизайны тартымды болуын ойластыру. Дизайны тартымды, мазмұны түсінуге ыңғайлы кескіндерді көп оқырман жылы қабылдайтыны анық. Бұл өз кезегінде зерттеудің кеңірек таралуына, талқылануына септігін тигізеді.

Деректерді Microsoft Word, Excel бағдарламасының қосымшалары арқылы визуализациялауға болады. Сонымен қатар, мәліметтерді кескін ретінде көрсетуге мүмкіндік беретін арнайы ақылы және ақысыз бағдарламалар бар. Олардың көмегімен мәліметтерді кескіндеу ғана емес, талдау жасауға, өңдеуге мүмкіндік бар. Ондай бағдарламалар: Tableau, Qlik Sense, Klipfolio, Looker, Zoho Analytics, Domo. Қосымша бағдарламаларды қолданудың тағы бір артықшылығы, олардың қорында диаграмма, график сияқты түрлі кескіндерді таңдау мүмкіндігі кең. Сол қордағы кескіндердің арасынан зерттеуші өзінің мәліметтерін иллюстрациялау үшін ең ыңғайлысын алады.

## Қосымшалар

Зерттеу мақалаларының соңында қосымша материалдар беру жиі кездеседі. Тіпті кейбір басылымдар қосымша материалдың болуын талап етеді. Қосымша ақпарат ретінде мақала мазмұнына енбей қалған ақпарат беріледі. Бірақ негізгі мәтінде қосымша ақпараттың берілгендігін жазып кету маңызды. Қосымша ақпараттың арасында мәтіндік, құжаттық, кестелік, иллюстрациялық материалдар, суреттер, аудио-видео материалдар болуы мүмкін. Бұлардың барлығы оқырманға зерттеу туралы қосымша ақпарат береді.

Қосымша материалдарды қосу мынандай қажеттіліктермен анықталады.

Біріншіден, қосымша материалдар оқырманның зерттеу туралы, оның мазмұны бойынша түсінігін кеңейтеді. Мысалы, мақаланы оқып болғаннан кейін кейбір оқырман зерттеу ортасы туралы білгісі келуі мүмкін. Егер мақала авторы сынақ өткен білім беру ұйымы туралы мәліметтерді қосымша ақпарат ретінде ұсынған жағдайда, онда басқа адамдарға зерттеудің ашықтығын көрсетеді. Сондықтан зерттеудің әдіснамасы туралы толығырақ ақпаратты да қосымшада беруге болады.

Екіншіден, кейбір ақпаратты қосымшаға қосу жолымен автор оқырманға мақала мазмұнында тек ықшамдалған мәтін береді. Респонденттерден сұралған сұрақтар сияқты материалдарды қосымшада беру, біріншіден мәтін көлемін кеңейтеді, осылайша тек қызығушылық танытқан оқырмандар ғана қосымша материалдарды оқиды. Сонымен қатар, көлемі өте үлкен деректер қосымшада берілетінін атап өту керек. Мысалы, зерттеу үшін жиналған мәтіндердің жиынтығы.

Бұл тұста қосымша ақпаратты рәсімдеу, көлемі, форматы т.б. стандарттар бойынша талаптар журналға қарай өзгеретінін айтып өту керек. Сол себепті қосымша материалдарды да іріктеу мен қосуды жоспарлау бұрын басылымның ережелерімен танысып алған дұрыс.

### Қосымша ретінде ұсынуға болатын материалдардың мысалы

1. Зерттеу әдіснамасы туралы оқырманға кеңірек мәлімет беретін деректер, ақпараттар.
2. Мазмұнда беру үшін ауқымды кестелер, суреттер, карталар, эскиздер, диаграммалар, графиктер және кескіндер.
3. Зерттеу процедураларын, шарттарын көрсететін бейне материалдар, фильмдер, анимациялар, дыбыстық файлдар.
4. Басқа зерттеушілер дәл осы зерттеуді қайталау үшін қажетті мәліметтер, бағдарламалық жазбалар немесе қосымшалар, компьютерлік модельдер.

5. Ауқымды мысалдар, талданған мәтіндердің, материалдардың толық нұсқасы, түпнұсқасы.

6. Сауалнамалар, викториналар, этикалық құжаттар.

Ғылыми мақала, жарияланым бір мәселені зерттеген және соның нәтижесінде алынған қорытындыны жұртшылықтың, оның ішінде кәсіби мамандардың, ең бірінші кезекте академиялық қоғамдастықтың талқысына ұсыну. Академиялық қоғамдастық өкілдерінде кез келген жазбаны сыни көзқараспен қарау басым. Сондықтан мұндай оқырманға арналған жазбаның сапасы да жоғары болуы керек. Зерттеушінің мақсаты өз зерттеуі нәтижесінде көзі жеткен және дұрыс деп тапқан тұжырымдарды ілгерілету, практикаға енгізу, ғылыми айналымға қосу. Басқаша айтқанда сол зерттелінген мәселенің, проблеманың шешілуіне септігін тигізу. Ол үшін алдымен оқырманның, яғни саладағы әріптестері мен ғылымдағы серіктестерінің оң пікірін алуы маңызды. Олардың жылы сынын алу үшін зерттеу процедурасы дұрыс ұйымдастырылуы керек, одан кейін сол процесті ғылыми жарияланым ретінде оқырманға дұрыс түсіндіре білу маңызды. Ғылыми жазбаның да мақсаты – оқырманның назарын аударту және зерттеудің сапалы жүргізілгеніне сендіру. Оқырман ол туралы ақпаратты мақаланың мазмұнындағы зерттеудің өзектілігі мен зерттеу сұрақтары, әдеби шолу, әдіснама, алынған нәтижелер және талқылау бөлімдерін оқу арқылы алады. Сол себепті мақаланы жазғанда мейлінше оқырманға түсінікті, артық эмоциясыз, әрбір ой мен шешімді аргументтеп беру қажет. Оқырманды жалықтыратын артық сөйлемдер, ақпараттар, жұртқа белгілі фактілер, құрғақ сөздер пайдасыз. Неғұрлым нақты, қысқа және зерттеушінің түйіндерін дәйектеуге қажетті ақпаратты берумен шектелу қажет.

## Қорытынды

Педагогтің зерттеушілік қызметін әдістемелік сүйемелдеу мақсатында жазылған бұл тарауда ғылыми ізденіс жүргізудің кезеңдері туралы ақпарат берілді. Зерттеу жұмысы қалай жүреді, ғылыми ізденістің процедуралары қалай, этикалық қағидалар, туралы жан-жақты және ықшамдалған ақпарат беріледі. Зерттеу жоспары (дизайны), мәліметтерді жинаудың және өңдеудің жұмыста не ұсынылуы керек, оны жазу бойынша жұмысты қалай ұйымдастыру керек, неден бастау керек және жалпы ғылыми зерттеуді қалай жүргізу керектігі туралы түсінік қалыптастырады.

Ғылыми ізденіс жүргізудің барлық детальдарын, процестерін бір тараудың, тіпті кітаптың ішіне сыйдыру қиын. Сондықтан бұл тарауда берілген ақпарат зерттеу қызметін тиімді жүргізу бойынша бастапқы ойды қалыптастыру тұрғысынан пайдалы. Ал, зерттеу қызметін бастаған педагогке тақырыбы мен бағытына байланысты зерттеудің әрбір процедурасын жан-жақты түсіндірген қосымша әдебиеттермен танысу ұсынылады.

Бірнеше жылдық педагогикалық еңбек өтілі бар педагогтің білім алушыларға қандай тәсілдер оң ықпал ететіні туралы өзіндік тәжірибесі қалыптасады. Анығын айтқанда, педагог білім алушының немесе тәрбиеленушінің білімін жақсартуға септігін тигізетін әдістемелерді, технологияларды, коммуникация құралдарын байқайды. Сондай-ақ, ол мектептің материалдық-техникалық жабдықталуы, жайлылығы, сыныптағы балалардың саны, ата-ананың балаға көңіл бөлуі т.б. басқа да толып жатқан сыртқы факторлардың білім алушыға әсерін сезеді. Педагог жинаған, бақылаған осы тәжірибесін өзге әріптестерінің, жалпы жұртшылықтың талқылауына салу үшін қоғаммен бөлісу маңызды. Сол арқылы білім сапасын арттыруға ықпал ететін факторлар туралы көбірек ақпарат жиналады. Жиналған ақпарат білім жүйесіне позитивті әсері бар факторларды алға жылжытып, негативті элементтерді жоюға ықпал етеді. Осы себепті педагогтердің өз тәжірибесін таратуы өзекті.

Дегенмен, педагогтің жинаған бұл тәжірибесі көп жағдайда субъективті бақылау, әріптестері арасында ресми және бейресми талқылау мен пікір алмасу барысында қалыптасқан көзқарас. Ал, мұндай көзқарасты қалыптастыруға ықпал еткен мәліметтер белгілі бір процедуралар, критерийлер аясында жиналмағандықтан және өңделмегендіктен басқа адамдардың қабылдауы қиын, дәйектілігіне сыни көзбен қарауы жоғары. Сол себепті педагогтер өз бақылауын ғылымда қалыптасқан стандарттар аясында жүргізуі маңызды. Ол стандарттар шеңберінде алынған нәтижелерге жұртшылықтың, оның ішінде ғылыми қоғамдастықтың сенімі артады. Осыған байланысты педагогтің ғылыми зерттеу жүргізудің нормаларымен таныс болуы және қолдануы өзекті.

Негізінен зерттеу нәтижесінде қолжеткізілген ақпаратты жарияланым түрінде жариялау дәстүрі қалыптасқан. Бұл алынған нәтижені тарату тұрғысынан ғана пайдалы емес, сонымен қатар жұртшылықтың

дискуссиясына, оның ішінде ғылыми қоғамдастықтың сынына ұсыну тұрғысынан өзекті. Сол себепті ғылыми мақалада зерттеудің барлық процедуралары ықшам және анық етіп беріледі. Сондай-ақ, зерттеуді мақала етіп жазудан бұрын ғылыми нәтижені талқылауға ұсынудың басқа жолдары арқылы сыннан өткізу маңызды. Бұл жерде конференция, симпозиум сияқты ғылыми шараларда баяндама жасау, кәсіби мамандар отыратын арнайы блогтарда жариялау арқылы жүреді.

Ғылыми мақала, жарияланым бір мәселені зерттеген және соның нәтижесінде алынған қорытындыны жұртшылықтың, оның ішінде кәсіби мамандардың, ең бірінші кезекте академиялық қоғамдастықтың талқысына ұсыну. Академиялық қоғамдастық өкілдерінде кез келген жазбаны сыни көзқараспен қарау басым. Сондықтан мұндай оқырманға арналған жазбаның сапасы да жоғары болуы керек. Зерттеушінің мақсаты өз зерттеуі нәтижесінде көзі жеткен және дұрыс деп тапқан тұжырымдарды ілгерілету, практикаға енгізу, ғылыми айналымға қосу. Басқаша айтқанда сол зерттелінген мәселенің, проблеманың шешілуіне септігін тигізу. Ол үшін алдымен оқырманның, яғни саладағы әріптестері мен ғылымдағы серіктестерінің оң пікірін алуы маңызды. Олардың жылы сынын алу үшін зерттеу процедурасы дұрыс ұйымдастырылуы керек, одан кейін сол процесті ғылыми жарияланым ретінде оқырманға дұрыс түсіндіре білу маңызды. Ғылыми жазбаның да мақсаты – оқырманның назарын аударту және зерттеудің сапалы жүргізілгеніне сендіру. Оқырман ол туралы ақпаратты мақаланың мазмұнындағы зерттеудің өзектілігі мен зерттеу сұрақтары, әдеби шолу, әдіснама, алынған нәтижелер және талқылау бөлімдерін оқу арқылы алады. Сол себепті мақаланы жазғанда мейлінше оқырманға түсінікті, артық эмоциясыз, әрбір ой мен шешімді аргументтеп беру қажет. Оқырманды жалықтыратын артық сөйлемдер, ақпараттар, жұртқа белгілі фактілер, құрғақ сөздер пайдасыз. Неғұрлым нақты, қысқа және зерттеушінің түйіндерін дәйектеуге қажетті ақпаратты берумен шектелу қажет.

Зерттеу нәтижесінде алынған ақпаратты жұртшылықтың назарына ұсыну, академиялық дискуссияға салу үшін жобаны ғылыми мақалаға, баяндамаға айналдыру және жариялаудың ерекшеліктері жазылды. Зерттеу нәтижесі жарияланымға (мақала, баяндама) айналуы керек. Көбіне жазба ғылыми қоғамдастыққа арналады, кейде тапсырыс беруші үшін зерттеу-талдау баяндамасы ретінде әзірленеді. Жазбаны әзірлеу барысындағы ең маңызды ұстаным зерттеуші оқырманды зерттеу үдерісінің дұрыс өткенін, жиналған деректердің жарамдылығын, сенімділігін көрсетіп, нәтижелердің негізділігіне және ғылымға үлес қосатындығына нандыруы қажет. Зерттеу жарияланғаннан кейін осы саладағы ғылыми дебатқа қосылып, басқа ғалымдардан кері байланыс түсе бастайды.

Жалпы зерттеу жүргізу ұзақ уақытты, энергияны және асқан мұқияттылықты талап ететін процесс. Мұндай күрделі процесті іске асыру жеке тұлғадан көп ресурс қажет етеді. Осыған байланысты соңғы жылдары бірнеше зерттеушінің бірігіп, топ ретінде жобаны іске асыру дәстүрі кең тарап



отыр. Жобаны зерттеу командасы болып жүргізудің бірнеше артықшылығы бар. Алдымен, проблемалық тақырыпты команда ретінде зерттеуге ұмтылу жобаны іске асыру барысында түсетін жүкті топ мүшелері арасында бөлісу жолымен жеңілдетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, зерттеуді бірнеше адам жүргізетін болса, онда әрбір қадамды топ мүшелері арасында талқылау жолымен ең тиімді шешімді қабылдауға болады. Сол себепті педагогтерге күрделі тақырыптарды өзге әріптестерімен, зерттеушілермен бірлесіп зерттеу тиімді болмақ.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Загрянная Т.А. (2015). Исследовательская деятельность педагога как условие повышения качества образования. Человек и образование, (3 (44)), 203-207. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovatel'skaya-deyatelnost-pedagoga-kak-uslovie-povysheniya-kachestva-obrazovaniya> (дата обращения: 22.11.2022).

Кудерёва С.Н. (2015). Исследовательская деятельность учителя как условие развития его профессиональных компетенций. URL: <https://s.siteapi.org/bc2cc0c1af8475c.ru/docs/3d585916d3484c882c509656a3763373a24271a9.pdf> (дата обращения: 22.08.2022).

Колдина М.И., Трутанова А.В. (2017). Научно-исследовательская деятельность как условие профессионального развития педагога // Международный студенческий научный вестник. – № 5. URL: <https://eduherald.ru/ru/article/view?id=17804> (дата обращения: 22.11.2022).

Юлия А.Х. (2022). Исследовательская деятельность педагога // Образовательный портал «Справочник». URL [https://spravochnick.ru/pedagogika/issledovatel'skaya\\_deyatelnost\\_pedagoga/](https://spravochnick.ru/pedagogika/issledovatel'skaya_deyatelnost_pedagoga/) (дата обращения: 22.11.2022).

Рыбалева И.А., Тулейкина М.М. (2013). Место и роль исследовательской деятельности как компонента в структуре педагогической деятельности // Современные проблемы науки и образования. № 6. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=11392> (дата обращения: 22.11.2022).

Турдиева, Р.У. Кенжаев, А.Л. Юсупова. Ф.М. (2015). Исследовательская деятельность как одна из форм профессиональной самореализации педагога // Молодой ученый. – № 10 (90). URL: <https://moluch.ru/archive/90/19011/> (дата обращения: 22.11.2022).

Косолапова Л.А. (2011). Профессионально-исследовательская деятельность современного учителя. Наука и школа, (3), 49-56. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalno-issledovatel'skaya-deyatelnost-sovremennogo-uchitelya> (дата обращения: 22.11.2022).

Садуакаскызы, К., Тапаева, А. П. Байымбетова, Г. Т., Торебек. Б. Ж. (2014). Педагогикадағы ғылыми зерттеу әдістері және педагогикалық зерттеудегі логика. Молодой ученый. – №20.1 (79.1). -URL: <https://moluch.ru/archive/79/14118/> (дата обращения: 22.11.2022).

Абдыгалиева, Н.Н., Тәубеева Ә.Т. (2021). Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық ерекшеліктерінің мазмұны. Алматы технологиялық университетінің хабаршысы. №2. DOI: 10.48184/2304-568X-2021-2-54-60

Пустовалова Н. И. Элеуметтік педагогтың зерттеу мәдениеті = Исследовательская культура социального педагога: учебно-методическое

пособие : оқу-әдістемелік құрал. - Петропавловск : СКГУ им. М. Козыбаева, 2019. – 109 с. URL : <https://www.books-up.ru/ru/book/leumettk-pedagogty-zertteu-mdeniet-12358952/> (дата обращения: 22.11.2022).

Уилсон Э. Как проводить исследование в действии (Глава 15). <https://kst.nis.edu.kz/wp-content/uploads/2018/01/КАК-PROVODIT-ISSLEDOVANIE-V-DEJSTVIJ.pdf> (дата обращения: 22.11.2022).

Куракбаев, К.С. (2013) Action Research как подход к исследовательской деятельности педагога-практика [Action Research педагог-практиктің зерттеу жүргізу тәсілі ретінде]. Ұстаз – зерттеуші, 7 (128).

Sagor, R. (2005) The action research guidebook: a four-step process for educators and teams [Іс-әрекеттегі зерттеу нұсқаулығы: білім берушілер мен командаға арналған 4 қадамдық үдеріс]. Thousand Oaks, CA: Corwin Press.

Schmuck, R. A. (1997). Practical action research for change [Өзгеріс енгізуге арналған тәжірибелік іс-әрекеттегі зерттеу]. Arlington Heights, IL: Skylight Professional Development.

Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018

Іс-әрекеттегі зерттеу. Әдістемелік құрал/Аушева И.У., Ғабдоллақызы Б. редакциясымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. – 96 б.

Ұстаз жеке тәжірибесінің зерттеуі. Әдістемелік құрал/ Сагинов К.М., Атейбек С.Т., Ермагамбетова Г.Н. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 147 б.

Сыншы дос: мұғалімнің кәсіби дамуындағы ынтымақтастық тәсілі. Әдістемелік құрал/ Ғабдоллақызы Б. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 46 б.

Action Research жобасын енгізу тәжірибесінен. Әдістемелік құрал/ Ермұханова Г.К., Жақсылықова Г.К., Қалиева З.С. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 82 б.

Іс-әрекеттегі зерттеу барысында деректермен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады. Әдістемелік құрал/ Абдраманова Қ.С., Жансүгірова Ж.Д. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 56 б.

Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу бойынша тәжірибелік нұсқаулық. Әдістемелік құрал/ Идришева З.Е., Ултанбаева С.Е. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 42 б.

«Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения». А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова (Учебное пособие. Алматы 2012).

Collier, C. (2016). *Instructional Intervention: Planning & Review*. CrossCultural Developmental Education Services. URL: <https://www.k12.wa.us/sites/default/files/public/migrantbilingual/pubdocs/ipr2016.pdf>

Межгосударственный совет по стандартизации, метрологии и сертификации. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления. – Москва: ИПК Издательство стандартов, 2004. URL: [https://nauka.kz/upload/files/02.\\_GOST\\_7.1-2003.pdf](https://nauka.kz/upload/files/02._GOST_7.1-2003.pdf)

Межгосударственный совет по стандартизации, метрологии и сертификации. Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов. URL: [https://nauka.kz/upload/files/04.\\_GOST\\_7.5-98.pdf](https://nauka.kz/upload/files/04._GOST_7.5-98.pdf)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығы.

American Psychological Association. (2020). *Publication manual of the American Psychological Association 2020: the official guide to APA style* (7th ed.). American Psychological Association.

О’Лири Зина. Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2020. – 472 бет. URL: <https://openu.kz/kz/book/gylymi-zertteu-zhurgizu-distemesi>

Синглтон Ройс А., Стрэйтс Брюс С. Әлеуметтік зерттеу әдістері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 816 бет. URL: <https://openu.kz/kz/book/aleumettik-zertteu-disteri>

Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 бет. URL: <https://openu.kz/kz/book/oqytu-teoriyasy-bilim-beru-kokzhiegi>

Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019 жыл. – 328 бет. URL: <https://openu.kz/kz/book/pedagogikany-cifrlyq-d-uirde-qayta-zerdeleu-hhi-gasyrdagy-oqytu-dizayny>

Бартлетт Стив, Бертон Диана. Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 464 бет. URL: <https://openu.kz/kz/book/bilim-berudegi-zertteuler>

Хили Д.Ф. Статистика негіздері: әлеуметтік зерттеу құралы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.– 576 бет. URL: <https://openu.kz/kz/book/statistika-negizderi>

Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер. Монография / Аида Сағынтаева, Әсел Қамбатырова, Лаура Қарабасова, Гүлмира Қанай, Айнұр Әлмұхамбетова – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2022 – 232 б. URL: <https://gse.nu.edu.kz/wp-content/uploads/2022/07/Bilim-beru-zertteulerine-kirispe.pdf>

Введение в образовательные исследования: теория, методы и практики. Монография / Аида Сагинтаева, Асель Камбатырова, Лаура Карабасова, Гүлмира Қанай, Айнур Альмухамбетова, – Нур-Султан: Высшая школа образования Назарбаев Университета, 2022. – 232 с. URL: <https://gse.nu.edu.kz/wp-content/uploads/2022/07/Vvedenie-v-obrazovatelnye-issledovaniya.pdf>

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а. бекіткен

## ЭТИКАЛЫҚ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ<sup>3</sup>

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Этикалық комиссия өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын (2007 ж.), ҚР «Ғылым туралы» Заңын (18.02.2011 ж.), ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын (2019 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020ж. №182 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды), Ғылым және ғылыми білімді пайдалану туралы Декларацияны (ЮНЕСКО, 1999 ж.), Білім беру саласындағы зерттеушілердің этикалық кодексін, 2020 ж.) және осы Ережені басшылыққа алады.

1.2 Осы Ережеде және оның Қосымшасында келесі ұғымдар пайдаланылады:

*Ғылыми зерттеудің орындаушысы* – зерттеу авторы.

*Өтініш* – Ғылыми зерттеу орындаушысының диссертациялық зерттеуді/ғылыми жобаны қарау туралы Этикалық комиссияның төрағасына өтініші.

*Комиссияның оң қорытындысы* – болжамды зерттеудің этикалық нормаларға сәйкес орындалғанын ресми растау болып табылатын комиссияның мақұлдауы.

*Комиссияның теріс қорытындысы* – болжамды зерттеудің этикалық нормаларға сәйкес орындалмағанын ресми растау болып табылатын комиссияның мақұлдамауы .

### 2. Мақсаты

Этикалық комиссиясы Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Комиссияның мақсаты – зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеулерді орындаушының этикалық нормаларды сақтауын бақылау.

<sup>3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Қолжетімділік режимі: file:///C:/Users/Uba.29/Downloads/pol\_22.pdf

### **3. Комиссия Құрамы**

Комиссия құрамына келесі мүшелер кіреді:

1) Төраға – кандидатураны университеттің Басқарма төрағасы – Ректорұсынады.

2) Институт директоры ұсынған әрбір институттың өкілі..

3) Университеттің қызметкері болып табылмайтын Тәуелсіз сарапшы.

4) Комиссия мүшелері арасынан сайланатын төрағаның орынбасары.

Егер Төраға жоқ болса немесе зерттеуді орындаушымен мүдделер қайшылығының бар екендігі туралы мәлімдесе, төрағаның орынбасары төрағаның міндеттерін атқарады.

5) Жауапты хатшыны Төраға тағайындайды.

### **4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

4.1. Комиссия отырыстары ай сайын немесе қажеттілігіне қарай оқу жылы бойы күндізгі (офлайн) немесе сырттай (онлайн) нысанда өткізілуі тиіс.

4.2. Комиссия ашық (сараптамаға өтінім берген зерттеушілердің және олардың ғылыми жетекшілерінің қатысуымен) не жабық (тек Комиссия мүшелерінің қатысуымен) отырыстар өткізе алады.

4.3. Комиссия отырыстары, егер оған Комиссия мүшелерінің барлық құрамының жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі.

4.4. Комиссияның шешімдері отырысқа қатысушылар санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

4.5. Комиссия отырысында қабылданған шешім комиссия төрағасы мен хатшысы қол қоятын қорытындымен ресімделеді.

4.6. Комиссия хатшысы комиссия отырыстарының қорытындыларын, сондай-ақ оларға қоса берілетін құжаттарды баспа немесе электрондық форматта дайындауға, есепке алуға және сақтауға жауапты болады.

4.7. Комиссия отырысының қорытындысы диссертациялық Кеңестің, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің, ҚР БҒМ КОКСОН, ғылыми басылымдардың және басқа да ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдардың сұратуы бойынша ұсынылуы мүмкін.

4.8. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді комиссия Университет Жарғысына, университеттің ішкі құжаттарына және ҚР заңнамасына сәйкес дербес қарайды.

### **5. Комиссияның Функциялары**

5.1 Ғылыми зерттеу орындаушысының өтінішін зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми

зерттеулерді ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде этикалық нормаларды сақтауы тұрғысынан қарау.

5.2 Зерттеу субъектілерінің (адамдардың, тірі табиғаттың басқа да объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен салауаттылығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытынды беру.

5.3 Өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті және конкурстық комиссия үшін ұсынымдарды (қажет болған жағдайда) ұсыну.

## **6. Өкілеттіктер**

6. Комиссия құқылы:

1) университеттің PhD докторанттарының, ПОҚ, қызметкерлерінің, білім алушыларының барлық ғылыми зерттеулерін (диссертациялық, жобалық, ғылыми есептер, мақалалар және т. б.) қарастыру;

2) оң немесе теріс қорытынды шығару;

3) зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеуді Орындаушы этикалық нормаларды сақтамаған жағдайда ғылыми зерттеуді тоқтату.

4) ПОҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы этикалық нормалардың бұзылуы туралы фактілер мен шағымдарды қарау және тиісті шаралар қабылдау бойынша ұсынымдар беру.



### Ақпаратты келісім үлгісі<sup>47</sup>

#### **Кіріспе.**

Сізге «\_\_\_\_\_» атты зерттеу жобасына қатысу ұсынылады.

#### **Зерттеу сипаттамасы.**

Зерттеудің мақсаты мен әдіснамасын, жоспарлы ұзақтығын және зерттеуге әлеуетті қатысушының не істеу керектігін егжей-тегжейлі сипаттаңыз. Бұл сауалнама / сұхбат шамамен [\_\_\_\_\_] минут уақыт алады.

#### **Тәуекелдер.**

Зерттеуден қатысушыға зиян тию тәуекелдерін көрсетіңіз, мысалы, құпиялылықтың бұзылу қаупі, зерттеу қатысуға уақыттың шығындалуы, т.б.

#### **Зерттеуге қатысудан күтілетін пайда (игілік).**

Зерттеуге қатысудың игілігін ұйым, қоғам, жалпы, ғылым саласы, кей жағдайда қатысушылар көруі мүмкін.

#### **Өтемақы.**

Зерттеуге қатысқаныңыз үшін Сізге материалдық өтемақы төленбейді. Зерттеу нәтижелерімен Сіз мақалалар мен есептер шыққан соң таныса аласыз.

---

<sup>4</sup> Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. Бірінші басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. 68 б.

**Құпиялылық.**

Зерттеу барысында алынған кез келген ақпарат барынша құпия сақталады. Аудиожазба транскрипіндегі (сұхбат стенограммасындағы) Сіздің жеке деректеріңізді құпия сақтау үшін зерттеу командасы ақылға қонымды барлық күш-жігерін жұмсайды. Алайда толық құпиялылыққа кепілдік беру мүмкін емес.

(Деректердің қалай, қайтіп сақталатынын, кімге қолжетімді болатынын түсіндіріңіз. Әдетте барлық деректер жобаның ғылыми жетекшісінің құпиясөзбен қорғалған компьютерінде сақталады. Деректер зерттеу әдебі бойынша оқудан өткен зерттеу командасының мүшелеріне де қолжетімді болады. Деректерді сақтау құпиялылығын бұзу қаупін тудыратын жағдайларды сипаттаңыз. Бұл ақпарат сақталатын сервердің, қатты дисктің осалдығына байланысты орын алуы мүмкін).

**Зерттеуге қатысу еріктілігі.**

Зерттеуге адам өз еркімен ғана қатыса алады. Егер Сіз зерттеуге қатысуға берген келісіміңізден бас тартқыңыз келсе, бұл шешіміңізді жобаның кез келген уақытында себебін түсіндірместен, ешқандай салдарсыз мәлімдей аласыз.

**Ғылыми жетекшінің байланыс деректері.**

Осы зерттеу жобасына қатысты қандай да бір сауалдар немесе ой-пікірлер болса, жобаның ғылыми жетекшісіне хабарласса болады:

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.<sup>48</sup>), \_\_\_\_\_ (телефон нөмірі),  
\_\_\_\_\_ (email).

Кез келген сұрақтар немесе мәселелерді \_\_\_\_\_ (университет атауы) Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетіне \_\_\_\_\_ электронды поштасы арқылы жолдауға болады.

**Келісім беру туралы мәлімдеме.**

Мен, \_\_\_\_\_,  
(зерттеуге қатысушының Т.А.Ә.)

осы зерттеуге өз еркіммен қатысуға келісім беремін.

Зерттеушілер маған зерттеудің мақсаты мен негізгі ақпаратын, соның ішінде менің бұл зерттеуде не істеу керектігімді нақты түсіндіріп берді. Мен зерттеуге ерікті түрді қатысатынымды түсініп тұрмын. Мен кез келген уақытта, уәжімді (себебімді) түсіндірместен зерттеуге қатысу келісімімнен бас тарта аламын. Және мұндай шешімнің мен үшін ешқандай жағымсыз салдары болмайды.

Мен зерттеу барысында жиналатын мәліметтің құпия түрде қолданылатынын түсінемін.

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

Зерттеуші: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

---

<sup>5</sup> Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. Бірінші басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. 68 б.

## «Білім – Образование» ғылыми-педагогикалық журналы туралы ереже

### III. Мақалаларды рәсімдеу тәртібі

3.1 Компьютерде (Microsoft Word редакторы) терілген мақаланың көлемі аңдатпа, кесте, суреттерді, математикалық формулаларды және әдебиеттер тізімін қосқанда 10 беттен аспауы тиіс, ең кемі 5 бет.

3.2 Ғылыми мақалалар базалық баспа стандарттары «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар.

Жарияланатын материалдарды баспалық ресімдеу, ГОСТ 7.5-98 сәйкес бойынша мақалалардың, «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипат. Құрастырудың жалпы талаптары және қағидасы ГОСТ 7.1-84 бойынша мақалалардағы библиографиялық тізімдердің ресімдеу жөніндегі базалық баспа стандарттарына сәйкес ресімделуі тиіс.

3.3. Басып шығарылған мазмұнымен толық сәйкес мақаланың электрондық нұсқасы баспа орталығына ұсынылады. Мақала беттері нөмірленуі керек.

3.4. Мақала мәтіні «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) WINDOWS», редакторда басылуы керек, негізгі шрифт – Times New Roman (орыс және ағылшын тілдерінде), KZ Times New Roman (қазақ тілінде), жоларалық интервал – 1; мәтінді ені бойынша түзету; сол жағы – 30 мм, оң жағы – 15 мм, жоғарғы – 20 мм, төменгі – 20 мм, табуляция – 1,25 мм.

3.5 Барлық авторлардың мақалаларында ғалымдардың екі пікірі (1 сыртқы және 1 ішкі) болу керек: ғылым докторлары, ғылым кандидаты / PhD.

3.6 Ұсынылған материалдарды қамтуы тиіс:

- FTAMP (Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы);

- автор (-лар) аты және тегі – қазақ, орыс және ағылшын тілінде (бас әріптермен, қою шрифтпен, азат жол 1 см, сол жақ шетіне);

- ғылыми дәрежесін, ғылыми атағын көрсету;

- аффилиация (факультеті немесе басқада құрылымдық бөлімшесі, ұйым (жұмыс орны (оқу), қала, пошталық индекс, мемлекет) – қазақ, орыс және ағылшын тілінде;

- e-mail;

- мақаланың аты (12 сөзден аспайтын, бас әріптермен, қою шрифтпен, азат жол 1 см, сол жақ шетіне, үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын);

- аңдатпа - мақаланың мақсатын, мазмұнын, түрін, нысанын және басқа да ерекшеліктерін қысқаша сипаттау;

- түйін сөздер - ғылыми саланы және зерттеу әдістерін мәтіннің мазмұнын, нысанды терминде көрсететін сөздер жиынтығы.

3.7 Аңдатпа ақпараттық және құрылымдық болуы керек, негізгі объектілерді, зерттеу кезеңдерін, қорытындыларды көрсетеді.

Ұсынататын аңдатпаның көлемі - кемінде 100 сөз (курсив, қою емес шрифт 12 кегль, азат жол сол және оң жақ шегініс -1 см).

3.8 Түйін сөздер жарияланған материалдың тілінде рәсімделеді (кегль – 12 пункт, курсив, сол және оң жақ шегініс – 3 см.). Ұсынылатын түйін сөздер саны– 5-8, ішіндегі түйін сөз саны – 3-тен көп емес. Маңыздылығына қарай беріледі, яғни мақаланың ең маңызды түйін сөзі бірінші тізімде болуы керек.

3.9 Мақала мәтіні оның бөліктерінің белгілі бір жүйесінде беріледі және мыналарды қамтиды:

- КІРІСПЕ / ВВЕДЕНИЕ / INTRODUCTION (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Кіріспеде ғалымдардың алдыңғы (байланысты) жұмыстарының нәтижелері, зерттеу әдістері, рәсімдері, өлшеу параметрлері және т. б. көрсетіледі (1 беттен артық емес);

- ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ / ЦЕЛЬ И ЗАДАЧИ ИССЛЕДОВАНИЯ / PURPOSE AND OBJECTIVES OF

THE STUDY (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

- ӘДІСНАМА / МЕТОДОЛОГИЯ / METHODOLOGY (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

- НӘТИЖЕЛЕРІ / РЕЗУЛЬТАТЫ / RESULTS (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Бұл – зерттеу үрдісінің немесе ойлау жүйелілігінің көрінісі, нәтижесінде теориялық қорытындыға әкелетін.

Ғылыми-практикалық мақалада эксперименттердің немесе тәжірибенің кезеңдері мен сатысы, аралық нәтижелер және математикалық, физикалық түрінде немесе статистикалық түсіндірменің жалпы қорытындысының негіздемесі келтіріледі.

Өткізілген зерттеулер көрнекі түрде экспериментальды ғана емес, сонымен бірге теориялық түрде де ұсынылады.

Бұл кестелер, диаграммалар, графикалық үлгілер, графиктер, диаграммалар және т.б. болуы мүмкін.

Формулалар, теңдеулер, суреттер, фотография мен кестелерде астына жазылған жазу немесе тақырыптар болуы керек (10 беттен аспауы керек).

ҚОРЫТЫНДЫ /ЗАКЛЮЧЕНИЕ / CONCLUSION (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Жүргізілген зерттеулердің негізгі жетістіктері туралы тезистер жиналады.

Оларды жазбаша түрде және кестелер, графиктер, сандар және анықталған негізгі үлгілерді сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер түрінде ұсынуға болады.

Қорытынды авторлар тарапынан интерпретациясыз ұсынылуы керек (1 беттен артық емес).

- ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ /СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / REFERENCES (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Деректердің тәртібі келесідей анықталады: алдымен сілтемелер тізбесі мақалада сілтеме жасалған деректер т.б.

Одан кейін қосымша деректер, яғни мақалада сілтеме жасалмаған деректер, мақалада орын алмаған, бірақ оқырмандарға параллель өткізілген аралас жүргізілетін жұмыс.

Барлық сілтемелер бастапқы тілде беріледі. Мақалада келтірілген сілтемелер мен ескертулер нөмірленіп, тік жақшаларда беріледі.

Ұсынылатын көлемі – 20 атаудан аспау керек.

Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 сәйкес рәсімделуі қажет.

3.10 Иллюстрациялардағы суреттер тізімі мен мәтіндегі суреттерге сілтеме болуы тиіс.

Электрондық нұсқадағы суреттер мен иллюстрациялар TIF немесе JPG форматта ұсынылады 300 dpi аспауы керек.

3.11 Математикалық формулалар Microsoft Equation Editor редакторында жазылуы тиіс (әрбір формула бір объект).

3.12 Автор туралы мәліметтер бөлек бетте (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторларымен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, андатпа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс .

3.13 Қолжазбаларды авторлар мұқият тексеріп, редакциялауы қажет.

Талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

3.14 Редакция мақалаға орфографиялық және стилистикалық түзетулер жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды.

3.15 Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады:

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел к-сі, 8, «Алтын орда» БО, 15-қабат. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

3.16 Байланыс: Тел. (8 7172) 72 5876 E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru жазылу индексі – 75754.

## **ПЕДАГОГТИҢ АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУІ**

## Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру саласындағы өзгерістер кәсіби педагогикалық білім сапасын арттыруын, білім беру саласындағы маманның кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуын талап етеді. Сонымен қатар, «Педагог мәртебесі» заңының 15-бабында педагогтерден төмендегілер талап етіледі:

- өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді қалыптастыру;
- оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтау, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз ету;
- өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыру (растау).

Сондықтан педагогтер үнемі ізденісте, өздерінің кәсіби біліктілігін дамыту және оны растау үшін не болмаса жоғарлату үшін аттестаттаудан өтеді. Аттестаттау педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізіледі және оның нәтижелері бойынша біліктілік санаттары беріледі.

Бұл әдістемелік ұсынымдаманың бірінші тарауында педагогтерді аттестаттаудан өткізу шарттары мен қағидалары көрсетілді және түсіндірілді. Педагог аттестаттаудан өту үшін қандай дайындық жұмыстарын жасау қажет екендігі туралы нақты мәлімет берілді.

Педагогтерді аттестаттау – білім беру саласын кәсіби шебер мамандармен қамтамасыз ету және ол – білім беру қызметін арттыру құралдарының бірі.

Аттестаттауға дайындық педагог жұмыс жасап жатқан білім беру ұйымында басталады және төмендегідей іс-шараларды қамтиды:

- 1) білім беру ұйымында педагогтерді аттестаттаудан өткізу кестесі әзірленеді;
- 2) аттестаттау комиссиясының құрамы анықталып, бұйрық шығарылады;
- 3) аттестатталушы педагогтер арасында аттестаттау өткізудің мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылады;
- 4) аттестатталушы қажетті құжаттарды, портфолио әзірлейді, ұсынады;
- 5) аттестаттау комиссиясы шешім қабылдайды.

Бірінші тарауда аттестаттаудан өтудің барлық кезеңдері қарастырылды.

Екінші тарауда авторлық бағдарламаның құрылымы, авторлық бағдарламаны әзірлеу алгоритмі, сонымен қатар, рәсімдеуге қойылған талаптар қарастырылды.

Педагог өзінің авторлық бағдарламасын білім алушылардың қажеттілігіне, элективті курсқа не жинақталған озық тәжірибеге сәйкес жасайды. Өйткені педагогтер "педагог-шебер" санатына аттестаттаудан өту



кезеңінде аттестаттаудың шартына сәйкес авторлық бағдарламаны дайындау қажет. Авторлық бағдарлама МЖББС талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс.

Авторлық бағдарлама – өзіндік идея мен өзіндік педагогикалық тәжірибе негізінде жеке немесе ұжымдық түрде әзірленген білім беру бағдарламасының түрі, белгілі бір білім беру ұйымында немесе қаланың, аймақтың бірқатар білім беру ұйымдарында белгілі бір мәселені шешуге арналған жаңалығымен, өзектілігімен ерекшеленетін бағдарлама. Мысалы, бұрында Шығыс Қазақстан облысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша Қанипа Бітібаеваның, Алматы қаласында «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша Рафика Нуртазинаның авторлық бағдарламалары болған және оларды қазіргі кезде шәкірттері қолданып жүр.

Ұсынымдамада авторлық бағдарламаның әзірлеушісі болу үшін, педагогте қандай құзыреттілік болуы тиіс екендігі көрсетілген. Курс бойынша авторлық бағдарламаны дайындаушы – жоғары нәтиже беретін, жұмыс тәжірибесі мен өзіндік жұмыс тәжірибесі бар білім беру ұйымының кәсіби шебер педагогі. Авторлық бағдарламаларды құрастырушылар тәлімгер де бола алады, өйткені олар арнайы сабақтар өткізіп, сабақтарды қалай өткізуге болатынын үйрете алады және зерттеу нысанын, тақырыбын анықтауға бағдар бере алады.

Бұл ұсынымдама мектеп директорларының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары, қызметтің осы бағытына жетекшілік ететін әдіскерлер, сондай-ақ, авторлық бағдарламаларды әзірлеуге қызығушылық танытқан мамандарға арналады.

## 1 Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

Жылда аттестаттаудан өту кезеңінде педагогтер қиналады, өйткені көбінесе аттестаттаудың өту шарттарын білмейді, сондықтан авторлық бағдарламаны дайындау жолдары туралы айтпас бұрын, педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына түсінік бердік. Педагогтер аттестаттаудан өту үшін, оның қағидалары мен шарттарын нақты білуі қажет. **! Ескерту:** 2023 жылы аттестаттаудан өту қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### 1.1 Педагогтің кәсіптік біліктілігіне қойылатын талаптар

Бұл бөлімде, ең біріншіден, біліктілік сөзінің мағынасын ашып, терминнің анықтамасын ажыратып алайық.

**Біліктілік санаты** – бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі [1].

«ҚР білім туралы» заңында «біліктілікті беру» ұғымына келесі анықтама берілген: біліктілікті беру – тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, машықтар мен дағдылар жиынтығын растау рәсімі [2]. Сондықтан **біліктілік** дегеніміз – әр педагогтің **кәсіби құзыреттілік деңгейі**. Сол себепті әр педагог өзінің кәсіптік біліктілік санатын арттыру не растау үшін аттестаттаудан өтеді. Педагог аттестаттаудан өту үшін, яғни кәсіптік біліктілік санатын алу не растау үшін, өзінің кәсіптік біліктілігіне қойылатын **талаптарды білуі тиіс**.

*Педагогикалық жұмыс өтілі бойынша:*

1) педагогикалық жұмыс өтілі келесідей болуы қажет: педагог-модератор үшін – кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін – кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл; педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл [3];

2) әр педагог өзінің біліктілік деңгейіне қойылған талаптарды біліп және біліктілік деңгейіне сәйкес аттестаттаудан өтеді.

*Біліктілікке әр санат бойынша қойылған талаптар:*

**"педагог":**

- оқу пәнінің мазмұнын, оқу-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін білуі тиіс;

- білім алушылардың психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру;

- білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

- білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру;

- кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру, сандық білім беру ресурстарын қолдану;

**"педагог-модератор":**

- "педагог" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ, оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы, аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болуы немесе кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болуы;

**"педагог-сарапшы":**

- "педагог-модератор" біліктілігінің жалпы талаптарына сәйкес келу, бұдан басқа:

- ұйымдастырылған оқу қызметін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын меңгеру;

- білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын сындарлы түрде айқындау;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, облыс деңгейіндегі конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

- облыстың, елдің телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне-, телесабақтар дайындау (Бар болса);

**"педагог-зерттеуші":**

- "педагог-сарапшы" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

- сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру;

- білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

- облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жабдықтау (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

- "Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, "Үздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болу;

- аудан (облыстық маңызы бар қала), облыс (бар болса) деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын сындарлы айқындау;

- тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырған педагогтар үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Білім мазмұнын сараптау Республикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "сарапшылардың электрондық базасына" (бұдан әрі-білім мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы) немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті (болған жағдайда) жанындағы РОӘК ұсынған (бұдан әрі - ТжКБД) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу – әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіру;

- елдің, облыстың теледидарында трансляциялау үшін енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне -, теле сабақтар дайындау (Бар болса);

- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін тарату; **"педагог-шебер":**

"педагог-зерттеуші" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

✓ БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы РОӘК-те мақұлданған **авторлық бағдарламасы болуы тиіс**. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе ЖЖОКБҰ жанындағы РОӘК ұсынған **оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы)** немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі **сарапшылар құрамына кіруі** немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша **жаттықтырушы болуы;**

✓ білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болу немесе республикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындау;

✓ білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болу немесе республикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындау;

✓ **"Қазақстан мұғалімі"** ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, **"Үздік педагог"** атағының иегері (болған жағдайда) болу;

✓ интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін тарату;

✓ тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау (бар болса);

✓ республикалық білім беру мазмұнын сараптау Ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес

оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі немесе ТКББД жанындағы РОӘК ұсынған сарапшылар құрамына кіру;

✓ республика деңгейінде тәжірибені жинақтау, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырған педагогтар үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

✓ елдің, облыстың теледидарында трансляциялауға енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне-сабақтар, телесабақтар дайындау (бар болса)[ 3].

Әр педагог жоғарыда көрсетілген талаптарды біліп, дайындалып, *бес жылда бір рет немесе мерзімінен бұрын (кезекті аттестаттаудан кейін екі жыл өткен соң) аттестаттаудан өтеді*. Бес жыл ішінде педагог кезекті аттестаттаудан өту үшін, *кәсіптік біліктілік санат талаптарына сәйкес болуы тиіс*. Бес жыл аралағында педагог аттестаттауға үлкен дайындықпен және жетістіктермен келуі тиіс және осы жерде айта кету керек – білім алушылардың және педагогтердің жетістіктерін бағалағанда «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығында (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.08.2022 № 371 бұйрығы) көрсетілген жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық және халықаралық олимпиадалар, мамандандырылған олимпиадалар, ғылыми жобалардың республикалық конкурстарының және аталған бұйрықтың шара атауларына сәйкес болуы тиіс, *педагогтер және білім алушылар аталған бұйрықта көрсетілмеген басқа конкурстар мен олимпиадаларға қатысса, онда ондай жетістіктер есептелмейді және оларға балл қойылмайды* [4].

## **1.2 Аттестаттау комиссиялары, олардың құрамы және өкілеттігі**

Педагог жұмыс жасап жатқан білім беру ұйымында аттестаттау Комиссиясы құрылады.

Комиссия аудан/облыс/ республика деңгейінде де құрылады. ҚР Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 12.11.2021 № 561 бұйрығында: «Тиісті саланың уәкілетті органдарында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық

маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) педагогтерді аттестаттау үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшысының бұйрығымен Комиссиялар құрылады:

*"педагог"* – білім беру ұйымдарында;

*"педагог-модератор"* – ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімі органдарында;

*"педагог-сарапшы"* және *"педагог-зерттеуші"* – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органдарында;

*"педагог-шебер"* – білім беру саласындағы уәкілетті органның жанында».

Аттестатталушыдан өтініш қабылданғаннан кейін, білім беру ұйымында аттестаттауға дайындық жұмысы басталады. Ол үшін аттестатталушы *аттестаттаудың кезеңдерін білуі тиіс*, сондықтан төменде аттестаттаудың кезеңдерін ұсынамыз.

### 1.3 Аттестаттауды өткізу тәртібі

Аттестаттау келесі кезеңдерді қамтиды:

( педагогтер үшін)

1) Біліктілік тестілеу;

2) эссе;

3) біліктілік бағалау;

4) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау.

#### *1-кезең Біліктілік тестілеуді өткізу тәртібі*

Аттестаттаудың бірінші кезеңінде Біліктілік тестілеу өткізіледі. Біліктілік тестілеуін тапсыру үшін педагог дипломда көрсетілген мамандығы немесе негізгі лауазымы бойынша аттестаттау Қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығына (бұдан әрі – ҰТО) немесе ол белгілеген ұйымға өтініш береді. Біліктілік тестілеуінен өтуге өтініш берген кезде педагогтер тапсыру тілін (мемлекеттік, орыс), күнін, уақытын таңдайды. Біліктілік тестілеуі білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде педагогтің өтінішіне сәйкес және **электрондық форматта** өткізіледі.

Аттестаттаудан өткізу Қағидалардың 1-қосымшасында берілген педагогтің өтініш үлгісі:

\_\_\_\_\_

(тестілеуді өткізу жөніндегі  
ұйымның басшысына)

### Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға ӨТІНІШ

Мен,

---

(педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)  
ЖСН

---

(диплом бойынша мамандығы)

Мені \_\_\_ біліктілік санатын беру (растау) – аттестаттау үшін  
20 \_\_\_ жылы

ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Қазіргі кезде (күні) \_\_\_ (айы) \_\_\_\_\_ жылғы дейін жарамды біліктілік  
санатына иемін немесе жоқ:

---

Тестілеуді тапсыру тілі (қажеттісінің астын сызу): қазақ/орыс.  
Жұмыс орны:

---

білім беру ұйымының атауы, лауазымы

Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатыса отырып, мен жеке мәліметтерімді  
өңдеуге  
келісемін.

Мен тестілеуден өтетін ғимаратта тыйым салынған заттардың бірін  
пайдалануға

тырысқаным үшін жауапкершілік туралы, тиісті акт жасай отырып алып  
тастау туралы хабардармын.

Тыйым салынған зат табылған жағдайда бес жыл мерзімге (білім беру  
ұйымдарының басшылары – үш жылға) аттестаттаудан өту құқығынан  
айырылатыным хабарланды.

Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу кезінде қағидаларды бұзу фактілері  
анықталған кезде, сондай-ақ бейнежазбаны қарау кезінде анықталған кезде  
тапсыру мерзіміне қарамастан акт жасалатыны және нәтижелердің күші  
жойылатыны хабарланды.

Тыйым салынған заттар:

ұялы байланыс құралдары (пейджер, Ұялы Телефондар, планшеттер,  
айпэд (iPad),

айпод (iPod), айфон (iPhone), смартфон (SmartPhone), Смартчастар);

ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер);  
радиоэлектрондық байланыстың кез келген түрлері (вай-фай (Wi-Fi),  
блютуз

(Bluetooth), дест (Dect), 3G, 4G, 5G;  
сымды және сымсыз құлаққаптар және басқалар;  
шпаргалкалар және оқу-әдістемелік әдебиеттер;  
калькулятор және түзеткіш сұйықтықтар.

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_  
(қолы)

Педагогтің тестті тапсыру үшін берген өтініші Ұлттық тестілеу орталығының (әрі қарай - ҰТО) немесе ол белгілеген ұйымның деректер базасына түседі. ҰТО немесе ол белгілеген ұйым педагогтің жеке кабинетіне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге рұқсаттама жібереді.

*Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға рұқсаттама үлгісі*

Облыс/Аудан / Мектеп	
ПЕДАГОГТІҢ РҰҚСАТТАМАСЫ Т. А.Ә. (болған жағдайда): _____	
ТСК: _____ ЖСН: _____ Жоспарланған біліктілік санаты: _____ Білім беру ұйымының деңгейі педагог жұмыс істейді: _____	
Тестілеу	орны: _____
Мекен жайы: _____ Аудитория: _____ Тестілеуді тапсыру тілі: _____ Тестілеу күні: _____ Тестілеуге _____ тіркелудің _____ басталу _____ уақыты:	
Тестілеу	пәндері: _____ 1.
2. _____ Төрағасы аттестаттау комиссиясының: _____	
(қолы) (Т. А.Ә. (болған жағдайда)) Педагог: _____ (қолы) (Т. А. Ә. (болған жағдайда)) Рұқсаттаманы беру күні:	



Педагогке жадынама:	Педагогке жол берілмейді:
<p>Педагогтің өзімен бірге тестілеуге рұқсаттамасы және жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (жеке куәлігі немесе паспорты) болуы тиіс.</p> <p>Педагог тіркеу аяқталғанға дейін тестілеу орнына келуі қажет. Педагогтерді тіркеу 45 минут жүзеге асырылады және тестілеу басталғанға дейін 15 минут бұрын аяқталады.</p>	<p>Анықтамалық әдебиетті, жазба кітапшаларды, диктофондарды, ұялы телефондарды, электрондық құрылғыларды және сол сияқтыларды, сондай-ақ тесттердің мазмұнын және оларға дұрыс жауаптар кодтарын ашатын мәліметтерді өзімен бірге алып жүруге немесе пайдалануға міндетті;</p> <p>басқа тестіленушілермен сөйлесу; орыннан орынға отыруға; кезекшінің рұқсатынсыз және ілесіп жүруінсіз аудиториядан шығу.</p> <p>Ереже бұзылған және тыйым салынған заттар анықталған жағдайда тиісті акт жасалады, педагог аудиториядан шығарылады, нәтижелері жойылады.</p> <p>Сондай-ақ, нәтижелер бейнематериалдарды зерделеу шеңберінде тестілеу аяқталғаннан кейін жойылуы мүмкін.</p>
<p>Мен жадынамамен таныстым және шағымдарым жоқ. Рұқсат қағазындағы деректер дұрыс екенін растаймын. (Педагогтің қолы)</p>	

### *1.1 Біліктілік тестілеуді өткізу мерзімі*

«ҚР Білім туралы» заңында «біліктілікті беру – тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, машықтар мен дағдылар жиынтығын растау рәсімі» - делінген.

Ұлттық біліктілік тестілеуден педагогтер төменде көрсетілген реттілікпен өтеді:

- 1) күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет – ақысыз;
- 2) күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет қайта өту ақылы негізде;
- 3) күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер – ақысыз.

Сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде.

Біліктілік тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде педагогтің өтінішіне сәйкес өткізіледі.

### *1.2 Біліктілік тестілеу тапсырмалары*

**Бастауыш** білім беру педагогтері пәндер бойынша тест тапсырады:  
"Педагогика, оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма;  
"Оқу пәнінің мазмұны" (қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі бойынша), әдебиеттік оқу, математика) – жетпіс тапсырма;

**Негізгі орта және жалпы орта білім беру** педагогтері үшін:

"Педагогика, оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма;

"Оқу пәнінің мазмұны" – жетпіс тапсырма

### *1.3 Тест нәтижелері*

Мынадай пайыз алған жағдайда, тестілеу нәтижесі оң болып саналады:

**Бастауыш педагогтері үшін:**

**"Оқу пәнінің мазмұны" бағыты бойынша:**

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

**"Педагогика, оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:**

"педагог" біліктілік санаты – 30%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 40%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 70%.

*Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін:*

**"Оқу пәнінің мазмұны" бағыты бойынша:**

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

**"Педагогика, оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:**

"педагог" біліктілік санаты – 30%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 40%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 70%.

Осы жерде айта кету керек – *Пайыздарды балдарға қалай ауыстырамыз?*-деген сұрақ туындауы мүмкін. Сондықтан пайыздарды балдарға ауыстыру шкаласын ұсынамыз.

### 1-кесте. Пайыздарды балдарға ауыстыру шкаласы (Орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін)

Санат	Блок	Пәндер бойынша балл	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балл)
Педагог-модератор	Оқу пәнінің мазмұны	70	60%	42
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	40%	12
Педагог-сарапшы	Оқу пәнінің мазмұны	70	70%	49
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	50%	15
Педагог-зерттеуші	Оқу пәнінің мазмұны	70	80%	56
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	60%	18
Педагог-шебер	Оқу пәнінің мазмұны	70	90%	63
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	70%	21

Біліктілік тестілеуі аяқталғаннан кейін педагог нәтижелермен (дұрыс және дұрыс емес жауаптармен) танысады және келіспеген жағдайда *тестілеу залынан шықпай-ақ ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляциялық комиссияға негіздемелермен апелляция береді*. Педагог тестілеу залынан шыққаннан кейін берілген *апелляцияға өтініштер қабылданбайды*.

#### 1.4 Апелляциялық комиссия туралы

Тестілеуді өткізу кезіндегі даулы мәселелерді шешу үшін білім беру саласындағы **уәкілетті орган** ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляцияларды қабылдауды қамтамасыз ететін Апелляциялық комиссияны құрады.

Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, мектепке дейінгі, орта және жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді.

Апелляциялық комиссия мүшелері тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

Апелляциялық комиссия өкілеттігінің қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылды құрайды.

Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

-дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспеймін;

-дұрыс жауап жоқ;

2)барлық ұсынылған нұсқалардан бір дұрыс жауапты таңдаумен тест тапсырмаларында біреуден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

3) тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған;

4) техникалық себептер бойынша:

- тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің болмауы.

Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция берген кезде педагог дәлелді негіздемені (толық түсіндірме) көрсетеді. Барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляцияға берілетін өтініштер әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздемені (толық түсіндірме, міндеттердің қадамдық шешімі) көрсетпей, қаралмайды.

Апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған комиссия төрағасы, хатшысы және мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары жыл бойы ҰТО-нда сақталады.

Онлайн-қабылдау режимінде қаралған апелляция нәтижелері бойынша педагогтің жеке кабинетінде тестілеу нәтижелері көрсетіледі.

Қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезінде педагогке біліктілік санатын беру (растау) үшін оны *кезекті аттестаттау кезінде өтініш берілген санат бойынша балдар саны жеткіліксіз болса, біліктілік санаты мерзімі аяқталғанға дейін сақталады, одан әрі біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді.* Бұл біліктілік санаты аттестаттаудың келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог Біліктілік тестілеуінен өткеннен кейін бастапқыда өтініш берілген біліктілік санаты бойынша аттестаттаудан өтеді.

*Егерде педагог тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңінде біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттау үшін өтінішті уақытылы бермесе, онда біліктілік санаты "педагог" біліктілік санатына дейін төмендетіледі.* Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады. Сондықтан

педагог келесі аттестаттау кезеңінде № 338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.

"Екінші", "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагог қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезеңінде өтініш берілген санатқа балдар саны жеткіліксіз болған жағдайда, біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі – "педагог" санатына дейін төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог № 338 бұйрықпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.

## ***2-кезең Эссе жазу тәртібі***

Тестілеу аяқталған соң, педагог эссе жазады. Аттестаттаудан өту шартына сәйкес эссені жазуға бөлінген уақыт 30 минут. Сол себепті педагог берілген уақытта эссе тақырыбын таңдап, оны жазуға кірісуге тиіс. Ол үшін әр педагог білуі тиіс – эссенің кезеңдерін. Эссе келесі кезеңдерден тұрады:

- Кіріспе;
- Негізгі бөлім;
- Қорытынды.

### *Кіріспе*

Кіріспеде педагог тақырыптың өзектілігін, тақырыпқа қатысты көзқарасын білдіреді. *Кіріспеде* тақырыптың негізгі мәні, автордың ұстанымы немесе автордың ойы бұдан әрі қалай өрбитіні көрсетіледі.

Кіріспе бөлімінде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйексөз т.б. болуы мүмкін.

Кіріспе бөлімінің мазмұнын мынадай бағытта өрбітуге болады:

- тақырып және эссенің мақсаты;
- оқырманды қызықтыру амалдары;
- автордың тақырыпқа қатысты ұстанымы;
- автор өз ұстанымын қалай дәйектейтінін баяндайды.

Кіріспе оқырманның эссе тақырыбы бойынша алғашқы пікірін қалыптастырады, сондықтан осы кезеңнен бастап оқырманды қызықтыруға тырысу қажет. Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссені аяғына дейін оқуға жетелейді. Сондықтан, осы абзацты жазуға ерекше ықылас қойып, оқырманды қаралатын мәселеге тарту маңызды. Кіріспе 30-50 сөзден тұруы мүмкін.

### *Негізгі бөлім*

Негізгі бөлімде педагог қарастырылатын ойларды қысқаша мәлімдейді. Негізінен, негізгі бөлім бірнеше абзацтан тұрады. Негізгі бөлімде автордың ойлары тезистермен ұсынылуы керек, әр тезис дәлелдермен расталуы қажет

және соңғы сөйлемде түйін жасалады. Әр абзацта көп жағдайда бір ғана идея дамытылады, талқыланады, мәні ашылады. Әдетте, негізгі бөлімдегі абзацтың құрылымы төмендегі формулаға сәйкес бірнеше сөйлемнен тұрады:

- тезис (абзацта ашылатын пікір);
- дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын фактілер, статистика, мәліметтер);
- тұжырым (автордың түйіні).

Көбіне абзацтың алғашқы сөйлемі автордың көзқарасын, ойын білдіретін тезистен басталады. Келесі сөйлемдерде сол пікірді негіздейтін дәлелдер (аргументтер) беріледі. Дәлелдерге оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіруге бағытталған фактілер жатады. Бұл жағдайда дәлел ретінде статистикалар, өмірлік мысалдар, түрлі зерттеулердің нәтижелері, ғалымдардың пікірлері, құбылыстар мен оқиғалардың салдарлары, заттар т.б. қарастырылады. Автордың жеке ойы, жалаң фактілер дәлел ретінде қарастырылмайды. Әдетте негізгі бөлімдегі әрбір абзац жалпы тұжырыммен аяқталады.

Бірінші абзацта бірінші тезис беріледі және тезис бойынша аргумент жазылады. Содан кейін оған мысал келтіріледі.

Екінші абзацта тезис жазу. Негізгі тезис бойынша аргумент келтіру. Содан кейін аргументті негіздейтін дәлел немесе мысал беру. Дәлелді талдау немесе түсіндіру. Абзацтағы ой бойынша жалпы тұжырым жасау.

Үшінші абзац бойынша да екінші абзацтағы жұмыс жасалады.

Жалпы, негізгі бөлім 200 - 220 сөзден тұрады.

Төртінші абзац – қорытынды. Бұл абзацта алдыңғы айтылған ойлар бойынша түйін жасалады.

### *Қорытынды бөлім*

Қорытынды 20-30 сөзден тұруы мүмкін. Соңғы абзац негізгі бөлімде талқыланған мәселелерді қорытып, бір тұжырымға келген сөйлемдерден тұрады. Бұл тармақта негізгі бөлімде ұсынылған және дәйектелген барлық тұжырымдар біріктіріледі. Соңында, мәселе қайта қайталаанады және қорытынды шешім жасалады. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде автордың қисынды көзқарасын түсінеді.

Жалпы, эсседе қолданылатын сөз саны – **250-300 сөз**. Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы **уәкілетті орган** анықтайды. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде [ngt.testcenter.kz](http://ngt.testcenter.kz) сілтемесі бойынша көрсетіледі.

### **Құрметті педагог!**

Біз Сізді эссе жазу қағидаларымен, кезеңдерімен таныстырдық! Егерде толығырақ эссе жазу әдістемесімен танысқыңыз келсе, онда келесі тарауда

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Эссе жазу әдістемесі» атты әдістемелік ұсынымдамамен танысуға болады.

**Аттестаттаудың эссе жазу кезеңінен сәтті өтуіңізге тілектеспіз!**

**3-кезең. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау)**

*3.1 Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды өткізу тәртібі*

Педагог келесі кезекті аттестаттаудан өту үшін бес жыл бойы қызмет нәтижелерін портфолиода жинақтайды және оны аттестаттау Қағидаларында берілген өлшемшарттарға сәйкес әзірлейді. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу Қағидалары мен шарттарының 12-қосымшасында Біліктілік санатын беру (растау) үшін жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің портфолиосын бағалаудың келесі өлшемшарттары ұсынылған:

- 1) Соңғы үш оқу жылындағы білім алушылардың білім сапасы;
- 2) Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс;
- 3) Сабақтың бейнежазбасы (аттестатталушының аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, тобы, оқу мақсаттары, сабақ тақырыбы көрсетіледі), ұзақтығы – 10 минут;
- 4) №514 бұйрығына сәйкес конкурстарда, олимпиадаларда немесе жарыстарда білім алушылардың жетістіктері;
- 5) №514 бұйрығына сәйкес педагогтің кәсіби конкурстағы немесе олимпиадалардағы жетістіктері;
- 6) Педагогикалық тәжірибені жинақтау(семинарларда, конференцияларда, форумдарда сөз сөйлеу, жариялау, авторлық бағдарламаның немесе тиісті деңгейдегі деректер банкіне тәжірибе енгізу туралы құжат).

**Бірінші өлшемшарт** бойынша білім алушылардың біліктері мен дағдылардың қалыптасуы туралы ақпарат ҰБДҚ-дан(НОБД) түсіріледі немесе бірінші басшының қолы қойылынған сканерленген нұсқа электрондық форматта ұсынылады және деректердің дұрыстығына педагог пен білім беру ұйымының басшысы жауапты болады.

**Екінші өлшемшарт** бойынша үлгерімі нашар білім алушылармен жұмыс жоспары, жұмыс түрлері көрсетіледі және білім сапасының төмендеуінің нақты себептері жазылады.

**Үшінші өлшемшарт** бойынша сабақтың он минуттық бейнежазбасы бағаланады. Бұл жерде айта кету керек – әр педагогтің әдістемелік тақырыбы бойынша іздену материалдары, яғни жинақталған тәжірибенің негізгі кезеңдерін көрсету, яғни озық тәжірибені жариялау. Сонымен қатар, сабақтардың бақылау парақтары да жіберіледі. Бірінші сабақтың бақылау парағы – білім беру ұйымының басшысының қатысуымен және қолы қойылған бақылау парағы; екінші, үшінші сабақтарда – мектеп директорының оқу

жұмысы жөніндегі орынбасары қатысқан және қолы қойылған бақылау парақтары ұсынылады.

**Төртінші өлшемшарт бойынша** Оқу-ағарту министрлігі бекіткен №514 бұйрыққа сәйкес конкурстар, олимпиадалар немесе жарыстар бойынша білім алушылардың жетістіктері бағаланады.

**Бесінші өлшемшартта** Оқу-ағарту министрлігі бекіткен №514 бұйрыққа сәйкес конкурстар, олимпиадалар педагогтердің жетістіктері бағаланады.

**! Ескерту:** *4-5 өлшемшарт бойынша тек қана 514 бұйрықта қарастырылған олимпиада мен конкурстардың тізіміне сәйкес жетістіктер қана қарастырылады.*

**Алтыншы өлшемшарт** бойынша озық тәжірибе бағаланады және тәжірибе негізінде әр түрлі форумдарда сөз сөйлеу.

### *3.2 Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібі*

Біліктілік санаттарын берудің (растаудың) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестігі рәсімін жүргізу үшін әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша жеке Сараптама кеңесі (бұдан әрі – Сараптама кеңесі) құрылады. Сараптама кеңесі аттестаттаудан өту Қағидаларының 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сабақтарды/оқуларды бақылау парақтарын ескере отырып, аттестаттаудан өту Қағидаларының 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беруге (растауға) арналған педагогтердің портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын қарайды және бағалайды. Сараптама кеңесі аттестаттаудан өту Қағидаларының 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беру (растау) үшін педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын және Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде (осы жылдың 5 маусымына және 5 желтоқсанына дейін) Комиссияға әрбір педагог бойынша өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестік/сәйкессіздік туралы ұсыныс жасайды. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы соңғы шешімді Комиссия қабылдайды.

Әрбір педагог бойынша Сараптама кеңесінің ұсынымдарын қарағаннан және алғаннан кейін Комиссия педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген бір деңгейге төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) "педагог" біліктілік санатына сәйкес келеді (өтініш берілген біліктілік санаты сәйкес келмеген кезде);
- 4) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

Комиссияның шешімі аттестаттау Қағидаларының 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Аттестаттаудан сәтті өткен



педагогтердің тізімі аттестаттауды өткізген мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымының Интернет-ресурсында жарияланады.

### *3.3 Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі*

Педагогке біліктілік санатын мерзімінен бұрын кезекті аттестаттаудан кейін екі жыл өткен соң беріледі. Педагог Біліктілік тестілеуін сәтті тапсырғаннан соң және соңғы екі жыл ішінде тиісті қызмет нәтижелері жиналғаннан кейін аттестациядан өту Қағидасының 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш береді.

**"Педагог-модератор"** біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге педагогтер кемінде мынадай екі талапқа сәйкес болған жағдайда қатысады:

1) **пәнді ағылшын тілінде оқыту құқығымен жоғары оқу орнын бітірген, ағылшын тілін C1 деңгейінен төмен емес (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) білетіндігін растайтын сертификаты (куәлігі) бар** немесе ғылыми-педагогикалық бейіні бойынша **"магистр" академиялық дәрежесі** бар педагогтер;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық/республикалық маңызы бар қала) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған педагогтер.

**"Педагог-сарапшы"** біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер (осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген адамдарды қоспағанда) қатыса алады:

1) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары немесе жүлдегерлері;

3) ағылшын тілін C1 (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) деңгейінен төмен емес деңгейде меңгерген және **пәндерді ағылшын тілінде оқытатындар**;

4) жоғары оқу орнынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде екі жыл педагогикалық жұмыс өтілі болуы тиіс;

5) білім беру ұйымдарына өндірістен (білім беру ұйымдарында кадрларды даярлау бейініне сәйкес келетін ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар), бейінді ұйымдардан педагогикалық жұмысқа ауысқан, мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар мамандар;

6) бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері;

7) бейіні бойынша ең жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері;

8) аудандық/қалалық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;

9) білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

10) облыс, ел телевидениесінде трансляциялауға енгізілген бейне-, теле сабақтар дайындаған педагогтер.

**"Педагог-зерттеуші"** біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер қатысады:

1) Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары;

2) республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері;

3) Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген, басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) ;

4) ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

5) кәсіпорыннан, бейінді ұйымнан педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар мамандар;

6) Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

7) еліміздің, облыстың телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне -, телесабақтар дайындағандар;

8) облыстық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болғандар;

9) "Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы;

**"Педагог-шебер"** біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер қатысады:

1) Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрықтың тізіміне енген халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары немесе жүлдегерлері;

2) халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары немесе жүлдегерлері ;

3) Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламаларды әзірлеген педагог;

4) Оқу-ағарту министрлігі бұйрығымен бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары);

5) еліміздің телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне -, телесабақ дайындауға қатысқан педагогтер;

6) Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына енгендер;

7) ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

8) Қазақстан Республикасының "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;

9) "Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы [3].

#### *1.4 Педагогтерге оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру*

Президенттің кадр резервіне кірген тұлғаларға, "Болашақ" бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне жұмысқа орналасу сәтінде жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бес жылдан кешіктірілмей біліктілік санатын беру рәсімінсіз Комиссия шешімімен "педагог-сарапшы" біліктілік санаты беріледі. Кезекті аттестаттау осы Қағидаларда белгіленген мерзімде өткізіледі.

Сонымен қатар, тек қана шетел тілі мұғалімдеріне ғана келесі біліктілік талаптары бойынша оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санаттары беріледі:

1) **"Педагог-модератор"** біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 6,5 балл; тойфл (TOEFL) – 60 - 65 балл;

француз тілі: дельф (DELFI) - C1;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C1.

2) **"Педагог-сарапшы"** біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 6,5 балл; тойфл (TOEFL) – 66 - 78 балл;  
француз тілі: дельф (DELFI) - C1;  
неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C1.

3) **"Педагог-зерттеуші"** біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 7 балл; тойфл (TOEFL) - 79-95 балл;  
француз тілі: дельф (DELFI) - C2;  
неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C2.

4) **"Педагог-шебер"** біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 7,5 балл; тойфл (TOEFL) – 96 - 110 балл;  
француз тілі: дельф (DELFI) - C2;  
неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C2.

Жоғарыда аталған сертификаттары жоқ шет тілдерінің педагогтері біліктілік санатын беру рәсімінен жалпы негізде өтеді [3].

## 2. Авторлық бағдарлама туралы

Қазіргі уақытта мектеп педагогтерін алаңдатын мәселе – авторлық бағдарлама. «Педагог -шебер» санатына өткенде, педагогтің авторлық бағдарламасы болуы шарт және авторлық бағдарлама Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлдануы қажет. Сондықтан педагогтер арасында келесі сұрақтар туындауы мүмкін:

- Авторлық бағдарлама деген не?
- Авторлық бағдарлама қандай болуы керек?
- Авторлық бағдарламаны әзірлеуді неден бастау қажет?
- Оның құрылымы қандай?
- Ол қалай рәсімделеді?
- Курс бағдарламасы білім алушыларды қандай нәтижеге жеткізеді?

Сондықтан бұл әдістемелік ұсынымдаманың мақсаты – педагогтерде авторлық бағдарлама бойынша түсінік қалыптастыру. Білім саласына қатысты қазақстандық нормативтік құқықтық актілерде «авторлық бағдарламаның» анықтамасы берілмеген. Алайда, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында **оқу бағдарламаларына, жоспарларына** анықтамалар ұсынылған. Сондықтан бағдарлама бойынша түсінік қалыптастыру үшін, ең біріншіден, аталған терминдердің сипаттамасына тоқталайық:

1) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені [2];

2) үлгілік оқу бағдарламасы – әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиіс білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама [5];

3) оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

4) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің (сабақ) тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат[5].

Қазіргі таңда педагогтер **элективті курс** бойынша сабақ өткізеді. Сондықтан элективті курстың да анықтамасын анықтап алайық. Элективті курс – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі [5]. Элективті курс таңдау курсы болғандықтан, оған әр педагог авторлық бағдарлама жасайды. Сондықтан авторлық бағдарлама не екенін ұғынып алайық.

Шетелдік тәжірибеде авторлық бағдарламаға әр түрлі анықтама берілген. Олар төмендегіндей:

**Авторлық бағдарлама** – жеке ғалымдар немесе ұжым құрастырған, оқыту мен тәрбиелеу саласындағы авторлық тұжырымдаманы іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламасы [6].

**Авторлық бағдарлама** белгілі бір білім шеңберінің авторлық нұсқасы және білімді игеруге жеке көзқарас [6].

**Авторлық бағдарлама** – бұл мұғалім өзінің әдістемелік жүйесі негізінде өткізілген оқу-тәрбие процесі. Ол білім беруде инновациялар енгізуге және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге арналған.

**Авторлық бағдарлама** – бұл мұғалімнің ұзақ мерзімді зияткерлік қызметінің нәтижесі, оның үнемі өзін-өзі жетілдіруі мен өзін-өзі дамытуының көрінісі [6].

### *2.1 Авторлық бағдарламаны әзірлеу технологиясы*

Автор оқу бағдарламасын әзірлеуге толық дайын болуы тиіс. Ол үшін автор авторлық бағдарламаның теориялық және әдістемелік негіздерін білуі тиіс. Егер педагог дайындалмаса, ізденбесе, онда аталған аспектілерді білмеуі көптеген кемшіліктерге апарды. Олардың негізгілері:

- мектептің мақсат, міндеттерін есепке алмайды;
- бағдарламаның құрастыру негіздемесі толық болмайды. Мысалы: курстың мақсат-міндеттері, білім, икем, дағдыға қойылатын талаптар, т.б.;
- ұсынылған бағдарламаны қажетті оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету қарастырылмайды;
- білім аумағындағы өзге бағдарламалармен сабақтастық принципін сақтамайды.

Бағдарламаны әзірлемес бұрын, педагог бағдарлама жасаудың типтік алгоритмін ескеріп және авторлық бағдарламаның құрылымын білуі тиіс. Ең маңыздысы, педагог келесі сұрақтарға жауап бере алуы тиіс:

-Қандай мақсатта бағдарлама жасалуда (типтік бағдарламаның жоқтығы, педагог өз әдістемесімен оқу процесін ұйымдастыруы және т.б.)?

-Педагог бағдарламаны қай тұрғыдан жасауда (типтік білім беру ұйымдары, балаларға қосымша білім беру мекемелері үшін немесе аналогі жоқ өз іс тәжірибесі, әдістемесі және өзіндік ерекшелігі арқылы жасау, бөлісу)?

-Бағдарламаның ерекшелігі мен жаңалығы неде?

-Бағыты ұқсас басқа да авторлық бағдарламаларға қарағанда күтілетін нәтижесі (жаңашылдығы, өзгешелігі) қандай болмақ?

-Бағдарламаны жүзеге асыруда қандай қиындықтар болуы мүмкін және оларды шешу жолдары қандай?

-Қандай оқыту құралдары, ресурстар, әдіс-тәсілдер, оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары және қандай жаңа педагогикалық технология пайдаланылды?

## 2.2 Авторлық бағдарламаның құрылымы

Авторлық және жаңартылған бағдарлама келесі құрылымдық элементтерді қамтуы қажет:

Бағдарламаның құрылымы

### I. Мұқабә (титул беті)

1. Білім беру мекемесінің толық атауы;
2. Бағдарламаны бекітуге жауапты қызметкердің аты-жөні, қызметі;
3. Бағдарламаны бекіту мерзімі;
4. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі;
5. Бағдарлама қай сыныпқа арналған?
6. Бағдарлама авторының аты-жөні, қызметі;
7. Қала, аудан атауы, жасақталған жылы.

### II. Түсінік хат

- Пәннің мәні, ерекшелігі; осы сатыдағы оқушыларды оқытудың білімділік мақсатына, міндеттеріне жеткізу үлесі.

- Мақсатқа жетудің әдістемелік жүйесі, құралы. Әр сатыға байланысты мақсаты.

- Бағдарламаның өзектілігі, курстың негізгі идеялары, концепциясы.

- Оқыту сабақтастығы.

- Бағдарламаның қай пәндермен логикалық байланысы бар. Шартты белгілерді түсіндіру.

### III. Оқыту пәнінің мақсат – міндеттері

- Курс мақсаты мен міндеттері;

- Күтілетін нәтиже;

- Білім, әрекет әдісі, тәжірибе. Осы бағдарламаны меңгергенде қандай жеке тұлғаның(оқушының) құзыреттілігі қалыптасады.

### IV. Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Курсты аяқтағаннан кейін білім, құзыреттілік деңгейі. Білім, икем, дағды тізімі, оқушы шеше алатындай мәселелер тізімі.

### V. Тақырыптық жоспар

- Курс тақырыбы, оқытылу реті, оқыту формасы, сағат саны/толық курс немесе жартыжылдық курс/ Таблица түрінде беруге де болады.

## **VI. Оқу курсының тақырып мазмұны**

-Тақырып. Сағат. Негізгі сұрақтар. Тәжірибелік, сарамандық жұмыстар, экскурсия т.б. Пәнаралық байланысты көрсету. Бақылу түрі, тест.

## **VII. Тәжірибелік бөлім**

Құзыреттіліктерді қалыптастыру. Тәжірибелік, сарамандық жұмыстар, экскурсия т.б.

## **VIII. Оқу деңгейін бағалау/бақылау**

-Қорытынды,жартыжылдық,тақырыптық.  
-Бағалау/ тест, сынақ .

## **IX. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 сәйкес рәсімделуі қажет.

3.10 Иллюстрациялардағы суреттер тізімі мен мәтіндегі суреттерге сілтеме болуы тиіс.

Электрондық нұсқадағы суреттер мен иллюстрациялар TIF немесе JPG форматта ұсынылады 300 dpi аспауы керек.

3.11 Математикалық формулалар Microsoft Equation Editor редакторында жазылуы тиіс (әрбір формула бір объект).

### **Үлгі:**

1. Ұстаз жеке тәжірибесінің зерттеуі. Әдістемелік құрал/ Сагинов К.М., Атейбек С.Т., Ермагамбетова Г.Н. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 147 б.

**X. Пәнді оқу – әдістемелік жағынан қамтамасыз ету** (апробацияның 1-2 жыл өткеннен кейін, білім беру ұйымының ӘК қаралады және сыртқы рецензия алу үшін бағдарламаға қоса күнтізбелік-тақырыптық жоспар мен қолданылған материалдар қоса жолданады )

**Оқыту – теориялық :** оқулық, әдістемелік құралдар, оқу материалдары.

**Оқыту – практикалық:** жаттығулар мен тапсырмалар, тест жинағы, тәжірибелік, сарамандық жұмыстар жинағы.

**Оқыту – әдістемелік:** курсты ұйымдастыруға әдістемелік ұсыныстар, бағалау жұмысын орындауға кеңес, зерттеу жұмысын сипаттау.

**Оқыту – анықтамалық:** сөздік, анықтама.

**Оқыту – көрнекілік:** альбом, атлас.

**Оқыту – библиографиялық.**



### *Титул парағы және бағдарламаны рәсімдеуге қойылатын талаптар*

Бағдарлама– әр түрлі мақсатта (педагогтің еңбек ақысын төлеуге негіз болады, оның кәсіби деңгейінің сапасын көрсетеді, білім алушыларға білім беру мен дамытудағы педагогтің теориясы болып табылады) дайындалады және оның рәсімделуі де талаптарға сәйкес орындалуы тиіс.

Мұқаба және басқа да бағдарламаның парақтарында шет жол сақталуы (поля) тиіс.

Бағдарлама компьютерде Times New Roman шрифтiсiмен 1,5 интервал аралығында 14 кегельмен жазылғаны дұрыс.

Бағдарламаға мөр басылып, мекеме басшысының қолымен бекітілгеннен кейін, бағдарлама бойынша жұмыс жасауға рұқсат етіледі, яғни апробациядан өткізуге болады.

Бағдарлама мәтінін нөмірлеу екінші (немесе 3-4) бетінен бастауға болады. Тек мәтіні сол бетінен басталуы тиіс. Парақ беттерінің нөмірі жоғары жақтың ортасына қойылады.

### ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

Оқушылардың бағдарламаны меңгеруі.

Туындаған проблемалар.

Пән мұғалімінің пікірі

Жинақталған оқу материалдары, әдістемелік құрал

### 3. Авторлық бағдарламаны дайындау бойынша ұсынымдар

#### 3.1. Авторлық бағдарламаны дайындау жолдары

Қазіргі таңда педагогтер үшін авторлық бағдарламаны әзірлеу – өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан екінші тарауда авторлық бағдарлама ұғымына қысқаша тоқталып, оны әзірлеу жолдары мен рәсімдеу талаптарына тоқталдық.

Авторлық бағдарламаны жасар алдында, әр мұғалім өзіне мынадай сұрақтарды қоюы тиіс:

Бағдарламаның мәні неде?

Оны жүзеге асыру нәтижесі қандай болады?

Авторлық бағдарламаның жаңашылдығы неде?

Авторлық идея балалардың шынайы қажеттіліктеріне, қызығушылықтары мен күтілетін нәтижесіне сәйкес келе ме?

Бағдарлама балаларға қандай пайда береді?

Сіздің ұйымыңызда, аймағыңызда бұл бағдарламаға деген қажеттілік бар ма?

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін тиісті жағдай (материалды, техникалық, қаржылық) жасалған ба? - деген сауалдарға жауап дайын болса, онда авторлық бағдарламаны жасауға болады.

Бірақ, мұнымен қай уақыттан бастап айналысқан дұрыс?-деген сауал педагогтерді тағы мазалайды. Олай болса, келесі бөлімде берілген сұраққа жауап табасыз.

#### 3.2. Авторлық бағдарламаны дайындау мерзімі

Ең алдымен, мұғалім «педагог-сарапшы» деңгейіне жеткеннен кейін алдағы 5 жылда ол «педагог-зерттеуші» санатына дайындалуы қажет. Сондықтан мынадай жұмыстарды атқаруы тиіс:

1) Білім берудің дамуы мен стратегиясын анықтау үшін білім берудегі негізгі мәселелерге баса назар аударуы қажет. Сол арқылы мұғалім өзінің бағытын айқындауы шарт.

2) Бұдан соң педагог оқу процесіне үңіліп, бағалау құралдарын әзірлеп, білімалушының зерттеушілік қабілетін дамыту жолдарын зерделеуі қажет.

3) Аймақтық деңгейде жұмыс тәжірибесін насихаттап, облыс деңгейінде өз тәжірибесін таратады. Әріптестерімен кері байланыс жасап, өзгертулер енгізуге мүмкіндік алады. Дайын болғаннан кейін ғана «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына өтініш береді.

4) Мақсатқа жетіп, «педагог-зерттеуші» санатын алғаннан кейін, 5 жыл бойы «педагог-шебер» санатына дайындалуы қажет. Ол үшін, алдымен, қолға алған зерттеу жұмыстарын әрі қарай жалғастырады. Зерттеуді жүргізу жолдары әдістемелік ұсынымдаманың **«Педагогтердің зерттеу құзыреттілігі»** атты бірінші тарауында ұсынылған. Педагог зерттеу

нәтижесін өзінің жұмыс тәжірибесіне енгізеді. Білім беру ұйымында тәжірибені апробациядан өткізіп, нәтижеге жеткеннен кейін, бірнеше мектепте, аудан, облыс/қала деңгейінде тәжірибені таратады.

5) Инновациялық авторлық жұмыс дайын болғаннан кейін, Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жанындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мақұлдауына қала/облыс әдістемелік кабинетінің шешімімен(хаттама) жіберіледі.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мақұлдауын алу үшін төмендегі қадамдарды жасау қажет:

Біріншіден, авторлық бағдарламаны рәсімдеп, ұсыну.

Екіншіден, авторлық адалдық (плагиат)анықтаманы алу. Яғни бағдарламаны антиплагиаттан өткізіп, түпнұсқалығын дәлелдеу.

Үшіншіден, осы бағдарламаны соңғы 1-2 жылда оқу процесінде қолданғаныңызды дәлелдейтін материалдарды ұсыну.

Төртіншіден, басқа білім беру мекемелерінде қолданысқа енгенін растайтын жұмыс оқу жоспары мен ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарының сканерленген көшірмесін ұсыну.

Бұдан бөлек, бағдарламаның енгізілгені туралы актіні ұсынып, оны насихаттау барысында танысқан ғалымдардың, педагог-шебер немесе педагог-зерттеушінің пікірін жинайсыз.

Бесіншіден, ескеретін жайт, олар өзіңіз тұратын аймақтан емес, еліміздің басқа өңірінен болуы шарт.

Аймақтық әдістемелік кабинеттің сараптамалық қорытындысын алған соң, оны аймақтық білім беру басқармасы жанындағы Комиссия шешімімен бірге портфолиоға қосу қажет. Барлық құжат түгенделгеннен кейін, облыстық аттестаттаудан өткізу Комиссиясы материалдарды республикалық Сараптамалық кеңестің қарауына жібереді.

Авторлық бағдарламаны бекітудің жүзеге асыру реті осындай.

**Барша озық педагогтерге авторлық бағдарламаны әзірлеуде сәттілік тілейміз!**

### *3.3 Бағдарламаның авторы кім бола алады?*

Курс бағдарламасының авторы – жұмыс тәжірибесі мен өзіндік ізденіс, зерттеу тәжірибесі бар, жақсы нәтиже беретін білім беру ұйымының кәсіби педагогі. Бағдарламалардың авторлары тәлімгер, жаттықтырушы бола алады, өйткені олар өздерінің жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандарға сабақтарды қалай өткізу керектігін үйрете алады.

Авторлық бағдарлама әзірлеушілер не істей алуы керек?

Авторлық бағдарлама әзірлеушілердің төмендегідей білім, дағдысы болуы тиіс:

- оқу пәнінің мазмұнын, оқытудың тиімділігін бағалай білу, сарапшы болу. Әдетте, мектепте нәтижелі тәжірибесі бар орта білім беру саласындағы мамандар;

- оқыту стандарттары мен оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарды егжей-тегжей білуі тиіс;
- пән бойынша қысқа мерзімді, орта мерзімді жоспарларды құрастыра алу;
- оқытудың тәсілдері мен принциптерін білу;
- оқулықтар, оқу бағдарламалары немесе басқа оқу құралдарын, ресурстарды бағалай білу;
- оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін, жаңа стандарттарды меңгеру және авторлық оқу бағдарламаларын әзірлеу мақсатында мұғалімнің тұлғалық даму жоспарын құра алу;
- бағдарламаның тиімділігін анықтау немесе апробация кезінде кездескен мәселелерді анықтау мақсатында білім алушылардың жетістіктерін талдай және оның шешімін таба білу;
- қажет болған жағдайда мониторингтік зерттеулердің нәтижелерін дайындай алу.

#### *Авторлық бағдарламаны әзірлеушіде болуы тиіс дағдылар*

Авторлық бағдарламаны әзірлеушілер оқыту мен оқуды жақсартудың негіздемесі мен әдістерін дайындап, ұсына алуы керек. Олардың оқыту тәжірибесі, сондай-ақ, кейбір негізгі әкімшілік және үйлестіру дағдылары болуы қажет. Бұған мыналар кіруі мүмкін:

#### **Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары**

Авторлық бағдарламаны әзірлеушінің жетістігі: оның мұғалімдермен және басқалармен жақсы кәсіби қарым-қатынас құра білуі және оны әрі қарай жетілдіру қабілеті.

#### **Коммуникациялық дағдылары**

Авторлық бағдарламаны құрастырушылар әріптестеріне, басқа мұғалімдерге авторлық бағдарламаны түсіндіру үшін жеңіл және күрделі ақпараттарды ұсына алуы керек. Жазбаша, диалог арқылы түсіндіре білуі, презентация жасай білуі қажет.

#### **Сыни талдау және шешім қабылдау дағдылары**

Автор статистикалық мәліметтерді білу және тест нәтижелерін түсіндіре алуы қажет. Сондай-ақ, әр түрлі оқулықтардың, оқыту әдістерінің және басқа да зерттеулердің артықшылықтары туралы, оқу бағдарламаларындағы кейбір өзгерістерді айта білуі және сендіре білуі қажет.

## **Көшбасшылық және тәлімгерлік дағдылары**

Авторлық бағдарламаларды әзірлеушілердің көшбасшылық және тәлімгерлік дағдылары болуы керек. Олар басқа педагогтермен ынтымақтаса отырып, басқа авторлармен конструктивті қарым-қатынас жасай білуі қажет.

### *3. 4 Авторлық бағдарламаны әзірлеу алгоритмі*

Авторлық бағдарламаларды құрастырушылар – мектепте бес және одан жоғары тәжірибесі бар мұғалімдер болуы тиіс. Олар бастауыш, негізгі және орта мектепте оқыту стратегияларын жақсарту үшін бағдарламалар жасайды. Бағдарламаларды жобалауды білетін және ұсына алатын кәсіби білікті мұғалімдерге олардың оқыту әдістерін қалай жақсартуға болатындығын, педагогтерге оқу материалдарын құруға көмектесетін және олардың мазмұны академиялық стандарттарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізе алатындар.

#### **1-қадам**

##### **Оқу курсының мақсатын анықтаңыз**

Сіздің оқу жоспарыңызда нақты мақсат болуы керек. Тақырып оқушылардың жасына және оқу бағдарламасы оқытылатын ортаға сәйкес келуі керек.

\* Егер сіз курсты әзірлегіңіз келсе, өзіңізге курстың жалпы мақсаты туралы келесі сұрақтар қойыңыз:

- Неліктен мен бұл курсты жүргіземін?
- Білім алушылар нені білуі керек?
- Олар не істеді үйренуі керек?
- Оларда қандай дағды, машық қалыптасуы тиіс?
- Аталған курс қандай нәтижеге жеткізеді?

#### **2-қадам**

Қажетті тақырыпты таңдаңыз. Оқу мақсатына байланысты оқу жоспарының атауын анықтау қарапайым процесс немесе мұқият ойластыруды қажет ететін процесс болуы мүмкін.

Бағдарламаның атауы жасөспірімдер үшін тартымды болуы керек және олардың қажеттіліктерін ескеруі тиіс.

#### **3-қадам**

Уақыт шкаласын орнатыңыз. Курсты оқытуға қанша уақыт кететіні туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарымен сөйлесіңіз. Кейбір курстар бір жылға созылады, ал басқалары тек жарты жылға ғана арналған болуы мүмкін.

Сізде уақыт шкаласы болған кезде, сіз өзіңіздің оқу бағдарламаңызды кішігірім тақырыпшаға бөле аласыз.

#### **4-қадам**

##### **Талдау**

- Білім алушылардың қажеттіліктерін зерделеу;
- зерттеу нысанын, тақырыбын анықтау;
- мәселені зерттеу;
- оқыту әдістерін зерттеу, нақтылау.

Әдетте, оқу бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі бір немесе бірнеше сыныптың маңызды мәселесіне қатысты алаңдаушылықтан туындайды. Бұл қадамда мәселені анықтау үшін, кейбір сұрақтарға жауап беру қарастырылады. Сонымен қатар, мәселені шешу оқу бағдарламасының мазмұнының жалпы көлемін (не қамтылатынын) анықтауға қызмет етеді.

#### **5-қадам**

##### **Курсты дайындау**

Жиналған материал негізінде курс құрастыру. Содан кейін оны бағалау және қажет болса түзетулер енгізу.

Мәселе анықталғаннан кейін, авторлық топ құрылып, қажеттіліктер бағаланып, талданып және басымдықтар нақтыланғаннан кейін, курстың мақсат-міндеттерін, күтілетін нәтижені анықтау.

Бұл қадам мыналарды қамтиды:

- (1) болжамды нәтижелерді анықтау;
- (2) күтілетін нәтижелердің құрамдас бөліктерін (шарттар, көрсеткіштер ) нақтылау;
- (3) болжанған нәтижелердің мысалдарын келтіру;
- (4) оқыту модельдеріне шолу жасау;
- (5) оқыту материалын тақырыптарға бөлу;
- (6) курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспарын құру;
- (7) курсқа қатысты барлық материалдарды зерделеп шығу, қажет болған жағдайда, өзгерістер енгізу.

#### **6-қадам**

##### **Пайдаланыңыз**

- контент;
- педагог өзі дайындаған контент;

- үшінші тараптың лицензияланған контенті.

Авторлық бағдарламаны әзірлеу процесіндегі негізгі міндеттердің бірі – білім алушының білім сапасын өзгертетін, жақсартатын мазмұнды тандау. Бұл кезеңде негізгі сұрақ: «Білім алушыда қандай білім, дағды, көзқарас пен мінез-құлық қалыптасады?»

## **7-қадам**

### **Жүзеге асыру**

Курсты бастаңыз. Оның жоспарын бағалаңыз, түзетіңіз және қайта бағалаңыз. Курсты бастау-үздіксіз жетілдіруді қажет ететін үздіксіз процесс.

Қорытындылай келе, егер бәрі дұрыс жасалса, онда процеске бағытталған оқу жоспарын әзірлеу стратегиялары сіздің курсыңызды ұзақ мерзімді нәтижеге жеткізетінін атап айтқымыз келеді. Қолыңызда курстың дұрыс құрылымы, мазмұны болса, сіз білімалушыраңызбен бірге жақсы нәтиже беруге дайын боласыз.

Бағалау – бұл авторлық бағдарламаны әзірлеу моделіндегі кезең, сонымен қатар, нақты қадам. Авторлық бағдарламаны әзірлеу кезінде бағалаудың түрін анықтаңыз.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының нәтижелерін өлшеу және есеп беру үшін жүргізіледі. Бұл кезеңде бағалау стратегиялары қарастырылады және нақты ақпарат алу үшін қарапайым процедуралар ұсынылады.

Қорытынды бағалау процесін бағыттау үшін бірқатар сұрақтар қойылады және болжалды бағалау форматы ұсынылады.

Нәтижесінде:

Авторлық бағдарламаны құрастырушы өз сабағын бағалай білуі, өз сабағы мен әріптестерінің сабақтарының артықшылықтары мен айырмашылығын білуі керек. Курс нәтижелі болып, жетістіктерге жеткен жағдайда педагог:

1. Авторлық бағдарламаны әзірлейді;
2. Курс мазмұнын апробациядан өткізгеннен кейін, әріптестерімен талқылайды, бөліседі. Қажет болған жағдайда автор оқу бағдарламасына өзгерістер енгізеді;
3. Әріптестер арасында жұмыс тәжірибесін таратады және олармен кері байланыс жүргізеді, толықтырады.

**Жалпы,** курсқа авторлық бағдарламаларды әзірлеушілер аталған қадамдарды жасауы тиіс.

## Қорытынды

Әдістемелік ұсынымдама – педагогтерге көмекші құрал ретінде дайындалды. Ұсынымдамада педагогтер аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен таныстырылып, «біліктілік», «авторлық бағдарлама», «озық тәжірибе» ұғымдарының анықтамасы берілді. Сонымен қатар, авторлық бағдарламаны дайындау және озық тәжірибені жинақтау алгоритмі ұсынылды.

Педагогтерге біліктілік санатын беру қағидалары "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес әзірленеді және педагогтерге біліктілік санаттарын беру тәртібін айқындайды. Білім беру ұйымы жыл сайын 1 қыркүйекке дейін алдағы қаржы жылына біліктілік санаттарын берудің (раस्ताудың) перспективалық жоспарын жасайды және бекітеді, сонымен қатар, қажеттілігіне қарай түзетіледі.

Педагогтерге санаттар беру тәртібін жүзеге асыру үшін Сараптамалық кеңестің және аттестаттаудан өткізу Комиссиясының отырыстары өткізіледі. Авторлық бағдарламалар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған Сараптамалық кеңес Ережесінде көрсетілген өлшемдерге сәйкес бағаланады.

Авторлық бағдарлама оң пікір алып, мектепте апробациядан өтіп, нәтижесін берсе, бұл бағдарлама аудан немесе қаланың бірнеше мектептерінде озық тәжірибе ретінде таратылады. Содан кейін курс бойынша мониторингілеу зерттеулері жүргізіледі. Ауданның, қаланың бірнеше мектептерінде осы бағдарлама іс жүзінде оң нәтиже берсе, бұл жағдайда Сараптамалық кеңес авторлық бағдарламаны облыстың Сараптамалық кеңесінің қарауына жібереді, одан кейін мақұлдау алынғаннан кейін, авторлық бағдарлама Комиссияның шешімімен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанындағы Сараптамалық кеңестің қарауына ұсынылады.

Сондай-ақ, ұсынымдамада авторлық бағдарламаның анықтамасы, дайындау алгоритмі және құрылымы ұсынылды.

Кез келген педагог аталған ұсынымдамада берілген ұсыныстарды ескере отырып, авторлық бағдарламаны әзірлеп, жүйелеп, апробациядан өткізіп, нәтижеге жететініне сенімдіміз.

**Барша педагогтерге сәттілік тілейміз!**



## Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5750 болып енгізілді

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ҚР Білім және ғылым министрінің 12.11.2021 № 561 бұйрығы

4. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 желтоқсанда № 7355 тіркелді.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

6. Авторская программа – это что такое, определение, описание и структура. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://fb.ru/article/453042/avtorskaya-programma---eto-chto-takoe-opredelenie-opisanie-i-struktura>

7. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

8. Всемирный банк. [Электронный ресурс]. Режим доступа: [worldbank.org/ru/country](http://worldbank.org/ru/country)

9. Киселева Т.В. Профессиональное становление педагога в инновационной образовательной среде общеобразовательной школы. / дисс.

канд. пед. наук. – СПб. 2002. – 217 с.

10. «Правила проведения аттестации педагогических работников и приравненных к ним лиц в филиалах автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы» //nis.edu.kz

11. Setting Up and Revising Curriculum. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://teaching.unsw.edu.au/setting-and-revising-curriculum>

12. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://teaching.unsw.edu.au/setting-and-revising-curriculum>

13. Planning the Best Curriculum Unit Ever. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.edutopia.org/blog/planning-best-curriculum-unit-ever-todd-finley>

14. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.cde.ca.gov/re/cc/>

15. K-12 online school curriculum. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.connectionsacademy.com/curriculum>

16. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.pdesas.org/ContentWeb/Content/Content/6095/UnitPlan>

17. Turning Points Transforming Middle Schools. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://files.eric.ed.gov/fulltext/ED509803.pdf>

18. How to Craft a Learning Objective from a Common Core State Standard. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://dataworks-ed.com/blog/2014/07/how-to-craft-a-learning-objective-from-a-common-core-state-standard/>

19. How to Develop a Curriculum. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.wikihow.com/Develop-a-Curriculum>

**Орта білім беру саласындағы  
РОӘК**

**төрайымы** \_\_\_\_\_

**Мұғалімнің ТАӘ** \_\_\_\_\_

**мекенжайы** \_\_\_\_\_

**байланыс телефоны/электрондық  
поштасы**

### **ӨТІНІШ**

РОӘК-тің

сараптамалық

кеңесінің

отырысында

---

мәселесі (тақырыбы) бойынша педагогикалық жұмыс тәжірибемді қарастыруыңызды сұраймын.

Тиісті құжаттар қоса берілді. Беттердің жалпы саны \_\_\_\_\_.

Мерзімі «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қолы \_\_\_\_\_

<b>№ р/ с</b>	<b>Тіркеу мерзім і</b>	<b>Мате риал атау ы</b>	<b>Матери алды ұсынуш ының ТАӘ</b>	<b>Матери алды тапсыр ушы қолы мен мерзімі</b>	<b>Материалды қабылдаған хатшының ТАӘ</b>	<b>Хатшы қолы және матери алдарды қабылд аған мерзімі</b>	<b>Хатшы қолы және рецензиялан ған материалдар ды қайтару мерзімі</b>	<b>Ескерту (СК шешімі)</b>

**Инновациялық педагогикалық тәжірибенің ақпараттық картасы**  
(ұсынушы тараппен толтырылады (әдістемелік бірлестіктің,  
аудандық/қалалық әдістемелік кабинеттің басшысы, әкімшілік / конкурстың  
қазылар алқасы)

**I. Жалпы мәліметтер**

Тәжірибе авторының ТАӘ	Тәжірибе авторының жұмыс істейтін оқу орны, индексі бар мекенжайы	Оқытылатын пәні немесе орындалатын функционалы көрсетілген лауазымы	Лауазымдағы жұмыс өтілі
------------------------------	--	---	----------------------------

**II. Тәжірибенің маңызды сипаттамалары**

1. Инновациялық педагогикалық тәжірибе (ИПТ) тақырыбы	
2. Өзгерістер дереккөзі (қарама-қайшылықтар, оқытудың жаңа құралдары, білім беру қызметінің жаңа шарттары т.б.)	
3. Өзгерістер идеясы (ИПТ мәні неде: білім беру, коммуникациялық-ақпараттық немесе басқа да технологияларды пайдалануда, білім беру мазмұнын өзгертуде, оқу немесе тәрбие процесін ұйымдастыруда т.б.)	
4. Өзгерістер тұжырымдамасы (тәсілдері, олардың баламаларынан артықшылықтары және жаңалығы, шектеулері, еңбек сыйымдылығы, тәуекелдер)	
5. Өзгерістерді іске асыру шарттары (педагогтің жеке-кәсіби сапасын және ол қол жеткізген кәсібилік деңгейін қоса алғанда)	
6. Өзгерістер нәтижесі	
7. Ұсынылған инновациялық педагогикалық тәжірибе туралы жарияланымдар	

### III. Оқытушының инновациялық тәжірибесінің сипаттамасы

Еркін түрде орындалады, оқытушының өзінің инновациялық тәжірибесін 1 бетке дейін деректермен сипаттауы (1800-2000 б.)

### IV. Рецензия

Өзгерістерді таратудың болжамды ауқымы мен формалары	
Рецензенттің тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы, пошталық мекенжайы	

### V. Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары \*\*

Инновациялық сипаттамасы	тәжірибенің	Оқыту	Тәрбиелеу	Қосымша білім беру
1. Құндылықтар мен құндылықты бағдарлар				
2. Мақсаты мен міндеттері				
3. Білім беруді басқару (ОО үшін, оқытушылар мен кураторлар үшін)				
4. Білім беру мазмұны				
5. Технологиялар, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
6. Құралдар				
7. Әдістер				
8. Ұйымдастыру формалары				
9. Білім беру ортасы				
10. Ақпараттық-әдістемелік орта				
11. Ақпараттық ресурстар				
12. Ұйымдастырушылық ресурстар				
13. Мотивациялық ресурстар				
14. Кадрлық ресурстар (оқу орындарында іске асырылатын инновацияларды сипаттау үшін)				
15. Ғылыми-әдістемелік ресурстар (оқу орнына да, оқытушылар үшін де маңызды)				

16. Материалдық-техникалық ресурстар (оқу орны үшін де, оқытушылар үшін де маңызды)			
17. Нормативтік-құқықтық ресурстар (оқу орнында іске асырылатын инновацияларды сипаттау үшін)			

«Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары» кестесі тәжірибенің мазмұнын білдіретін білім құрауыштарына сәйкес тәжірибенің мазмұнды сипаттамалары негізінде толтырылады (II тармақ). Оқытушының инновациялық педагогикалық тәжірибесін ұсынған кезде 3, 14, 17 тармақтары толтырылмайды.

Баған тәжірибе мазмұнын білдіретін білім құрамдастарын қамтиды.

Таңдалған ұяшыққа ұсынылған тәжірибенің маңыздылығын құрайтын өзгерістерді көрсететін 3-5 кілт сөзді жазыңыз.

\_\_\_\_\_

(оқу бағдарламасына, концепцияға, ТСЖ бағдарламасына, даму бағдарламасына және т.б.)

## ШІКІР

Білім беру ұйымы: \_\_\_\_\_

Автор \_\_\_\_\_

Тақырыбы \_\_\_\_\_

1. Жұмыстың өзектілігі (тұжырымдамалар, бағдарламалар, зерттеу немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тақырыптары және т.б.)

\_\_\_\_\_

2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде (қала / аудан, аймақ, республика, шетелде) үйлесімділіктің болуы немесе болмауы): \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

4. Жұмыстың ғылымилығы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы (логикалық, нәтижелердің әдіснамалық негіздермен өзара байланысы, қарама-қайшы еместігі). \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

6. Әрбір нәтиженің, ғылыми жағдайдың, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің дәрежесі. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



8. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну формалары мен тәсілдері: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

9. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

10. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Рецензент:**  
**Ұйымның атауы,**  
**ғылыми дәрежесі,**  
**ғылыми атағы көрсетілген лауазымы** \_\_\_\_\_  
**ТАӘ**  
қолы, күні

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ БІЛІМ БЕРУДІ  
ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ**

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№66 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**АЛГЕБРА ӘЛЕМІ**

*Таңдау курсының бағдарламасы*

**7-сынып**

**НҰР-СҰЛТАН, 2021**

Қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысында қарастырылып, Республикалық Сараптамалық кеңесте қарастыруға жіберілді (хаттама №1, 12.11.2021 ж.)

**Пікір берушілер:**

Тілеулесова А.Б. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің физика-математика ғылымдарының кандидаты, «Іргелі математика» кафедрасының доценті

Нагашбекова А.Т. – Алматы қаласы Республикалық Физика – Математика Мектебінің математика пәнінің шебер-педагогі

**Құрастырушы:** Парманова С.К. Алгебра әлемі. Таңдау курсының бағдарламасы - Нұр-Сұлтан, 2021.-16б.

Бұл бағдарлама негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және жаңартылған білім беру мазмұнын негізге алып құрастырылды. 7-ші сыныпқа арналған «Алгебра әлемі» атты таңдау курсының бағдарламасы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған. Таңдау курсы оқушыларға алгебраның ережелері мен формулаларын дұрыс қолдануды үйретеді, қиындығы жоғары есептерді тиімді шығаруға дағдыландырады, оқушылардың ақыл-ой өрістерін, математикалық сауаттылықтарын дамытады.

## ТҮСІНІК ХАТ

Бұл бағдарлама негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және жаңартылған білім беру мазмұнын негізге алып құрастырылды. 7-ші сыныпқа арналған «Алгебра әлемі» атты таңдау курсының бағдарламасы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған. «Алгебра әлемі» атты таңдау курсы оқушылардың өмірмен байланысты есептерді шығару дағдыларын дамытуға, оқушылардың ақыл-ой өрістерін, математикалық сауаттылықтарын дамытуға арналған.

Адамның жалпы кең ауқымды, жан-жақты білім алу, біліктілігін жетілдіру күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып отыр. Олардың біліктілігін, дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі еліміздегі ғылым мен техниканың және әлеуметтік мәдени жетістіктерінің қарыштап дамуынан туындайды. Мектеп қабырғасында берілетін білім терең де, жан-жақты болуы керек. Сондықтан математиканы оқыту жүйесі болашақ жастарымызды оқыту мен тәрбиелеудің жалпы теориясын осы технологияның көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Математиканы оқытудың негізгі міндеті – қазіргі қоғамның әрбір мүшесінің күнделікті тынысы мен еңбек әрекетіне қажетті білімін одан әрі жалғастыруға, жеткілікті математикалық білім мен біліктілікті жүйелі түрде тиянақты әрі саналы меңгеруін қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларымыз математика пәнінің жалпы заңдылықтарын, мақсаттары мен мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, әдістемелік зерттеулерді, есеп шығарудың және оларды түсіндірудің жолдарын мектеп қабырғасында жүргенде-ақ тиянақты да жоғары дәрежеде игерулері тиіс. Әрбір сынып бойынша алынған білім негізі дұрыс қалыптасқан жағдайда ғана әрбір шәкірттің келешегі зор болмақ. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын жақсы меңгерген оқушылар өмірмен математиканы байланыстыра алатын болады, өмірде, үй шаруасында, техникада, құрылыста тағы басқа түрлі ортада математиканың заңдылықтарын біле отырып, түрлі мәселелерді шеше алатын болады. Сонымен қатар ұлттық бірыңғай тест кезінде жақсы білім нәтижесін көрсетуге мүмкіндігі зор.

**Бағдарлама мақсаты** – Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын негізге ала отырып, білім алушылардың есептерді шығаруда алгебраның ережелері мен формулаларын дұрыс қолдану мен талдауға үйрету, қиындығы жоғары есептерді тиімді жолмен шығаруға дағдыландыру, оқушылардың ақыл-ой өрістерін, математикалық сауаттылықтарын дамыту.

### **Міндеттері:**

- алгебра пәнін Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолдану арқылы үйрету;
- «Бүтін көрсеткішті дәреже», «Көпмүшелер», «Функция», «Функция графигі», «Қысқаша көбейту формулалары», «Алгебралық бөлшектер» тақырыптарының ережелері мен формулаларын тиімді қолдану мен талдауға үйрету;

- қиындығы жоғары есептерді тиімді шығаруға дағдыландыру, оқушылардың ақыл-ой өрістерін, математикалық сауаттылықтарын дамыту.

**Күтілетін нәтиже:**

- Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын алгебра пәнін меңгеруде қолдана алады.
- «Бүтін көрсеткішті дәреже», «Көпмүшелер», «Функция», «Функция графигі», «Қысқаша көбейту формулалары», «Алгебралық бөлшектер» тақырыптарының ережелері мен формулаларын қолданады, талдайды;
- қиындығы жоғары есептерді тиімді жолмен шығаруға дағдыланады, оқушылардың ақыл-ой өрістері дамиды.

## ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- ❖ Алгебралық тақырыптарды сатылай кешенді талдай отырып, ауызша сөйлей білуге, өз ойын тұжырымдай алуға ынтасы;
- ❖ өздігінен жұмыс жасауға дағдысы;
- ❖ топпен жұмыс жасау арқылы белсенділікке тартылуы;
- ❖ біріне-бірі көмек көрсетуге, сыни пікір айтуға, бірін - бірі түзете алу дағдысы;
- ❖ ережелер мен теоремаларды қорытып жазуға, тақырыптың маңызды түйінін анықтай білуге ынтасы;
- ❖ өз бетінше ізденуге машықтану, өзіне деген сенімділігі мол болып, күзіретті тұлға болуға ұмтылысы;
- ❖ қиындығы жоғары есептерді тиімді шығаруға дағдыландыру; ❖ ақыл-ой өрістерін, математикалық сауаттылықтарын дамыту.

## «АЛГЕБРА ӘЛЕМІ» КУРСЫ БОЙЫНША ИГЕРГЕН БІЛІМДЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕЛЕСІДЕЙ ҚАБІЛЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

- ❖ натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін біледі;
- ❖ санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтайды;
- ❖ натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолданады;
- ❖ шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгертінін бағалайды;
- ❖ бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін біледі;
- ❖ алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолданады;
- ❖ бірімүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табады;
- ❖ бірімүшені стандарт түрде жазады;
- ❖ бірімүшелерді көбейтуді орындай алады және бірімүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсете алады;
- ❖ көпмүше анықтамасын біледі және оның дәрежесін табады;
- ❖ көпмүшені стандарт түрге келтіре алады;
- ❖ көпмүшелерді қосу және азайтуды орындай алады;
- ❖ алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;
- ❖ қысқаша көбейту формулаларын біледі және қолдана алады;
- ❖ алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктей алады;
- ❖ қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындай алады
- ❖ алгебралық бөлшектерді танып біледі;
- ❖ алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындай алады;

- ❖ алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындайды;
- ❖ құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындайды;
- ❖ көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындауды үйренеді;
- ❖ қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындауды біледі;
- ❖ құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындай алады;
- ❖ алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындайды;
- ❖ алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындайды;
- ❖ құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындайды;
- ❖ көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындайды;
- ❖ алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау;
- ❖ құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау;
- ❖ функциясының графигін салуды үйренеді және оның қасиеттерін біледі.

**«АЛГЕБРА            ӘЛЕМІ»            КУРСЫ            БОЙЫНША  
ТАҚЫРЫПТЫҚКҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР**

**7-сынып**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Тақырыптар мазмұны</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Шығармашылық жұмыс</b>	<b>Сағат саны</b>
1.	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау.	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін білу	7.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу	Натурал көрсеткішті дәреженің өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу	1
2.	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау.	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін білу	7.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін білу, есептеулер жүргізу	1

3.	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау.	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін білу	7.4.2.3 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгертінін бағалау	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін білу, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу	1
4.	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау.	Дәрежелерді көбейту және бөлу, көбейтіндіні, бөліндіні, дәрежені дәрежеге шығару, бүтін көрсеткішті дәреженің қасиеттерін білу.	7.1.2.3 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау.	1
5.	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау.	Санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану;	7.1.2.4 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету	Санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану. Өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу, есептеу жүргізу.	1

		көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу;			
6.	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау	Алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану;	7.1.2.6 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу	Өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1



7.	Бірмүшені және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау	Бірмүше және оның стандарт түрін білу, бірмүшелерді көбейту, бірмүшелерді дәрежеге шығару	7.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану	Бірмүшені және оның қасиеттерін сатылай кешенді талдау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
8.	Көпмүшелер, көпмүшелерді қосу және азайтуды сатылай кешенді талдау	Көпмүшелерге амалдар қолдана білу, көпмүшелерді топтау тәсілімен көбейткішке жіктей алу.	7.2.1.5 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу; 7.2.1.6 көпмүшені стандарт түрге келтіру	Көпмүшелер, көпмүшелерді қосу және азайтуды сатылай кешенді талдау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
9.	Көпмүшелер, көпмүшелерді қосу және азайтуды сатылай кешенді талдау	Көпмүшелер. Көпмүшенің дәрежесі және стандарт түрге келтіру	7.2.1.7 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау	Көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау, есептеулер жүргізу	1
10.	Көпмүшелер, бірмүшеге көпмүшені , көпмүшеге көпмүшені көбейту және көпмүшені көбейткіштерге жіктеуді сатылай кешенді талдау	Көпмүшелерге амалдар қолдана білу, көпмүшелерді топтау тәсілімен көбейткішке жіктей алу.	7.2.1.8 көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау; 7.2.1.9 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау	Көпмүшелер, бірмүшеге көпмүшені , көпмүшеге көпмүшені көбейту және көпмүшені көбейткіштерге жіктеуді сатылай кешенді талдау	1
11.	Көпмүшелер, бірмүшеге көпмүшені , көпмүшеге	Көпмүшелерге амалдар қолдана білу, көпмүшелерді	7.2.1.12 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті	Көпмүшелер, бірмүшеге көпмүшені көпмүшеге	1

	көпмүшені көбейту және көпмүшені көбейткіштерге жіктеуді сатылай кешенді талдау	топтау тәсілімен көбейткішке жіктей алу.	жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу	көпмүшені көбейту және көпмүшені көбейткіштерге жіктеуді есептеулер жүргізу	
--	---	--	---	---	--

12.	$y = ax^2$ және $y = ax^3$ түріндегі функцияларының графиктері мен қасиеттерін сатылай кешенді талдау	Функциялардың түрлерін білу, тәсілдерін білу, координаталық жазықтықта графикін сыза білуге үйрету.	7.4.1.10 $y = ax^2$ ( $a \neq 0$ ) функциясының графикін салу және оның қасиеттерін білу	Өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
13.	$y = ax^2$ және $y = ax^3$ түріндегі функцияларының графиктері мен қасиеттерін сатылай кешенді талдау	Функциялардың түрлерін білу, тәсілдерін білу, координаталық жазықтықта графикін сыза білуге үйрету.	7.4.1.11 $y = ax^3$ ( $a \neq 0$ ) функциясының графикін салу және оның қасиеттерін білу	Функциялардың түрлерін білу, тәсілдерін білу, координаталық жазықтықта графикін сызу. Өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
14.	$k$ $y = \frac{k}{x}$ функциясы және оның графикін сатылай кешенді талдау	Функциялардың түрлерін білу, тәсілдерін білу, координаталық жазықтықта графикін сыза білуге үйрету.	$y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) 7.4.1.12 функциясының графикін салу және оның қасиеттерін білу	$y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) функциясының графикін салу және өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
15.	$k$ $y = \frac{k}{x}$ функциясы және оның графикін сатылай кешенді талдау	Функциялардың түрлерін білу, тәсілдерін білу, координаталық жазықтықта графикін сыза білуге үйрету.	7.4.1.12 $y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) функциясының графикін салу және оның қасиеттерін білу	$y = \frac{k}{x}$ ( $k \neq 0$ ) функциясының графикін салу және өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
16.	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадратын түрге айыру және түрлендіру арқылы сатылай кешенді талдау	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадратын түрге айыру және түрлендіру	7.2.1.10 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$ , $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадратын түрге айыру және түрлендіру; өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
17.	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының	7.2.1.10 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$ ,	Тақырыпты сатылай кешенді талдау, практикалық	1

	квадратын түрге айыру және түрлендіру арқылы сатылай кешенді талдау	квадратын түрге айыру және түрлендіру	$(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	жұмыс жасау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	
18.	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадратын түрге айыру және түрлендіру арқылы сатылай кешенді талдау	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадратын түрге айыру және түрлендіру	7.2.1.10 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$ , $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	Тақырыпты сатылай кешенді талдау, практикалық жұмыс жасау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
19.	Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадратын түрге айыру және түрлендіру арқылы сатылай кешенді талдау	қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепетең түрлендірулерді орындау;	7.2.1.10 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$ , $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	Тақырыпты сатылай кешенді талдау, практикалық жұмыс жасау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
20.	Екі өрнектің квадраттарының айырмасы және екі өрнектің кубтарының қосындысы мен айырмасын сатылай кешенді талдау	қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепетең түрлендірулерді орындау;	7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 + ab + b^2)$ , $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	Тақырыпты сатылай кешенді талдау, практикалық жұмыс жасау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
21.	Екі өрнектің квадраттарының айырмасы және екі өрнектің кубтарының қосындысы мен айырмасын сатылай кешенді талдау	тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану;	7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 + ab + b^2)$ , $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; сатылай кешенді талдау, өмірмен байланысын табу	1

22.	Екі өрнектің квадраттарының айырмасы және екі өрнектің кубтарының қосындысы мен	қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-	7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 + ab + b^2)$ , $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$	тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; сатылай кешенді талдау,	1
-----	---	--	--	---	---


	айырмасын сатылай кешенді талдау	тең түрлендірулерді орындау;	қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	өмірмен байланысын табу	
23.	Екі өрнектің қосындысы мен айырмасының кубын сатылай кешенді талдау	қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепетең түрлендірулерді орындау;	7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 + ab + b^2)$ , $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	Тақырыпты сатылай кешенді талдау, практикалық жұмыс жасау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
24.	Екі өрнектің қосындысы мен айырмасының кубын сатылай кешенді талдау	қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;	7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 + ab + b^2)$ , $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	Тақырыпты сатылай кешенді талдау, практикалық жұмыс жасау, өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
25.	Бүтін рационал өрнектерді түрлендіруді сатылай кешенді талдау	Алгебралық өрнектерді тепетең түрлендіру	7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу	Алгебралық өрнектерді тепетең түрлендіру. Өмірмен байланысын табу	1
26.	Бүтін рационал өрнектерді түрлендіруді сатылай кешенді талдау	Алгебралық өрнектерді тепетең түрлендіру	7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу	Алгебралық өрнектерді тепетең түрлендіру; талдау, зерттеу жүргізу	1

27.	Рационал өрнектерді түрлендіруді сатылай кешенді талдау	Рационал өрнектерді түрлендіру	7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу; 7.2.1.18 алгебралық бөлшектің негізгі $\frac{ac}{bc} =$ қасиетін қолдану: $\frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$	Рационал өрнектерді түрлендіру; өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
28.	Рационал өрнектерді түрлендіруді сатылай кешенді талдау	Рационал өрнектерді түрлендіру	7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу; 7.2.1.18 алгебралық бөлшектің негізгі $\frac{ac}{bc} =$ қасиетін қолдану: $\frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$	Рационал өрнектерді түрлендіру; өмірмен байланысын табу; талдау, зерттеу жүргізу.	1
29.	Рационал бөлшектердің қосындысы мен айырмасын сатылай кешенді талдау	Рационал бөлшектердің қосындысы мен айырмасын түрлендіру	7.2.1.19 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау	Рационал бөлшектердің қосындысы мен айырмасын түрлендіру. Өмірмен байланысын табу;	1
30.	Рационал бөлшектердің қосындысы мен айырмасын сатылай кешенді талдау	Рационал бөлшектердің қосындысы мен айырмасын түрлендіру	7.2.1.19 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау	Рационал бөлшектердің қосындысы мен айырмасын түрлендіру. Өмірмен байланысын табу;	1
31.	Рационал өрнектерді көбейту және бөлуді скт	Рационал өрнектерді көбейту және бөлуді түрлендіру	7.2.1.20 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау	Рационал өрнектерді көбейту және бөлуді түрлендіру. Сатылай кешенді талдау, зерттеу жүргізу	1

32.	Рационал өрнектерді көбейту және бөлуді скт	Алгебралық өрнектерді тепетен түрлендіру	7.2.1.20 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау	Алгебралық өрнектерді тепетен түрлендіру. Сатылай кешенді талдау, зерттеу жүргізу.	1
33.	Бөлшекрационал өрнектерді тепетен түрлендіруді скт	Бөлшекрационал өрнектерді тепетен түрлендіру	7.2.1.21 құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау	Бөлшек-рационал өрнектерді тепетен түрлендіру  Сатылай кешенді талдау, зерттеу жүргізу.	1
34.	Бөлшекрационал өрнектерді тепетен түрлендіруді скт	Алгебралық өрнектерді тепетен түрлендіру	7.2.1.21 құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау	Алгебралық өрнектерді тепетен түрлендіру Сатылай кешенді талдау, зерттеу жүргізу.	1

## ҚЫСҚАША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

Адамдар күнделікті тіршілікте, өмірде, ғылымды игеруде болсын, еңбек ету саласында болсын, үй шаруасында болсын - математикалық теорияны, тәсілдерді қолданып, талдау жүргізу арқылы пайда болған сұрақтарына жауап алады. Математиканы өмірде қолдана алатын тұлға - жетістікке, үлкен нәтижеге жететін кемелденген адам. Барлық ғылымның, техниканың дамуына математиканың маңызы зор. Жас өспірімдердің математикалық ой өрісін, логикасын, ойлау қабілеттерін шындап, математикалық сауаттылықты дамыту мақсатында осы таңдау курсы бағдарламасын әзірлеп ұсынып отырмын. Бұл курсты жүргізетін ұстаздар «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының тірек сызбаларын дұрыс қолданулары аса маңызды. Ал білім алушылар әр талдау сатысын тізбектеп, алгоритммен қолдана отырып, білім, іскерлік дағдылары қалыптасып, сыни ойлауға, талдап, саралауға, өмірде кездесетін математиканың сырларын шешуге үйренеді. Сатылай кешенді талдау сатылары а) тақырыптың шығу тарихы, ә) теориялық саты (Анықтама. Теоремалар. Салдар). б) қасиеттері, в) түрлендіру, г) өмірде қолданысы.



Теориялық

**саты (Анықтама. Теоремалар. Салдар).**

I.	Тақырыптың шығу тарихы.	Оқушыларды математика пәніне қызықтыру мен зерттеуге баулу мақсатында	PBL элементтерін қолдану
II.	Теориялық саты (Анықтама. Теоремалар. Салдар).	Оқушыларға математикалық білім беру	Білу, түсіну (Блум таксономиясы)
III.	Қасиеттері	Практикалық жұмыстар	Қолдану (Блум таксономиясы)
IV.	Түрлендіру	Зерттеу жұмыстары, жоғары деңгейдегі тапсырмалар орындау	Талдау, жинақтау (Блум таксономиясы)
V.	Өмірде қолданысы	Математикалық сауаттылық, PISA есептерін талдау	Бағалау (Блум таксономиясы)

Тақырыптың шығу тарихы.	Оқушыларды математика пәніне қызықтыру мен зерттеуге баулу мақсатында	PBL элементтерін қолдану
Теориялық саты (Анықтама. Теоремалар. Салдар).	<p><b>Анықтама.</b> Егер <math>a</math> – кез келген сан, ал <math>n</math> – бірден үлкен немесе бірге тең натурал сан болса, онда <math>a</math> санының <math>n</math> рет көбейтіндісі <math>a</math> санының <math>n</math>-ші дәрежесі деп аталады.</p> <p><b>Тану. Жазылуы:</b> <math>a^n</math></p> <p><b>Оқылуы:</b> <math>a</math>-ның <math>n</math>-ші дәрежесі</p> <p><b>Мағынасы:</b> Бірнеше тең көбейткіштердің көбейтіндісі, яғни <math>a</math> санының <math>n</math> рет</p>	Білу, түсіну (Блум таксономиясы)

	<p><b>Математикалық белгісі:</b> <math>a^n</math> көбейтіндісі</p> <p>Мысалы, <math>4 = 4 \cdot 4 \cdot 4 = 64</math>, <math>(-2)^3 = (-2) \cdot (-2) \cdot (-2) = -8</math></p>	
<b>Қасиеттері</b>	<p><b>Практикалық жұмыстар (қасиеттерді қолданып, оқулықтардан есептер шығарады)</b></p> <p>+ <b>Қасиеттері:</b></p> <p><b><u>Дәрежелерді көбейту.</u></b> <math>a^m \cdot a^n = a^{m+n}</math> <b>Негіздері бірдей дәрежелерді көбейткенде,</b> олардың дәреже көрсеткіштерін қосып, негізін өзгеріссіз қалдырамыз.</p> <p>Мысалы, <math>t^3 \cdot t^5 = t^8</math></p> <p><b><u>Дәрежелерді бөлу.</u></b> <math>m &gt; n</math> болатын <math>m</math> және <math>n</math> натурал сандары мен кез-келген <math>a \neq 0</math> саны үшін <math>a^m : a^n = a^{m-n}</math> теңдігі орындалады.</p> <p><b>Негіздері бірдей дәрежелерді бөлгенде,</b> бөлінгіштің дәреже көрсеткішінен бөлігіштің дәреже көрсеткішін азайтып, негізін өзгеріссіз қалдырамыз.</p> <p>Мысалы, <math>k^5 : k^2 = k^3</math></p>	Қолдану (Блум таксономиясы)



$a^0 = 1, a \neq 0$  теңдігі орындалады.

**Нөлден өзге  $a$  санының нөл дәрежесі 1ге тең.** Мысалы,  $3^0 = 1$ .

**Көбейтіндіні дәрежеге шығару.** Кез келген  $a, b$  сандары мен кез келген натурал  $n$  саны үшін

$$(ab)^n = a^n b^n$$

теңдігі орындалады. Себебі, көбейтіндіні дәрежеге шығару үшін көбейткіштердің әрқайсысын осы дәрежеге шығарып, нәтижелерін көбейтеміз.

Мысалы,  $(2ab)^3 = 2^3 a^3 b^3 = 8a^3 b^3$

**Теріс санның жұп дәрежесі – оң сан, ал теріс санның тақ дәрежесі – теріс сан** болады. Мысалы, 1)  $(-5cm^2)^2 = 25c^2m^4$

**Бөлшекті дәрежеге шығару.**

$$\left(\frac{a}{b}\right)^n = \frac{a^n}{b^n}$$

Кез келген  $a$  және  $b$  ( $b \neq 0$ ) сандары мен кез келген натурал  $n$  саны үшін

$\left(\frac{a}{b}\right)^n = \frac{a^n}{b^n}$  теңдігі орындалады, яғни

**бөлшекті дәрежеге шығарғанда, оның алымын да, бөлімін де жеке-жеке сол дәрежеге**

$$\left(\frac{2y}{3z}\right)^2 = \frac{(2y)^2}{(3z)^2} = \frac{4y^2}{9z^2}$$

**шығарамыз.**

**Мысалы, 1)**

2)  $\left(-\frac{3x}{4y}\right)^3 = -\frac{(3x)^3}{(4y)^3} = -\frac{27x^3}{64y^3}$

**Дәрежені дәрежеге шығару** Кез келген  $a$  саны мен кез келген  $m$  және  $n$  сандары үшін  $(a^m)^n = a^{mn}$  теңдігі орындалады.

**Дәрежені дәрежеге шығарғанда, негізін өзгертпей дәреже көрсеткіштерін өзара көбейтеміз.** Мысалы, 1)  $(m^7)^3 = m^{7 \cdot 3} = m^{21}$

2)  $(2xy^3)^5 = 2^5 \cdot x^5 y^{3 \cdot 5} = 32x^5 y^{15}$



**«АЛГЕБРА ӘЛЕМІ» курсы жүргізу барысында ұсынылатын  
әдебиеттер тізімі:**

**Мұғалімдер үшін:**

1. Ә.Н.Шыныбеков Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналға оқулық / 4-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2017.-200 б.
2. А.Әбілқасымова Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналға оқулық, Алматы: Мектеп, 2018ж.-261б.
3. Н.А.Оразахынова, К.Ә.Әбдреймова, Қ.Ш.Молдасан Сатылай кешенді талдау, Алматы.: - 2005ж.-165б.
4. Н.Я.Виленкин, А.Н.Виленкин, Г.С.Сурвилло, Ю.А. Дробышев, И.В.Дробышев, А.И. Кудрявцев Алгебра 8 класс: учебник для учащихся общеобразовательных учреждений и с углубл.изучением математики - М.: Просвещение, 2010. – 303 с.
5. М.Л.Галицкий, А.М.Гольдман, Л.И.Звавич.-Сборник задач по алгебре. 8-9 классы- 16-е изд.-М.:Просвещение, 2011.-301с.
6. А.Г.Мордкович, Е.Е.Тульчинская Алгебра. 7-9 классы.Тесты для учащихся общеобразовательных учреждений- 9–е изд., - М.:Мнемозина, 2011.- 191б. 119с.
7. А.П.Ершова, В.В Голобородько, А.С.Ершова, Самостоятельные и контрольные работы по всем важнейшим темам курса алгебры и геометрии 8 класса. -8 –е изд., испр. и доп. – М.:-2014,-240 с.

**Оқушылар үшін:**

1. Ә.Н.Шыныбеков Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналға оқулық / 4-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2017.-200 б.
2. А.Әбілқасымова Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналға оқулық, Алматы: Мектеп, 2018ж.-261 б.
3. Н.А.Оразахынова, К.Ә.Әбдреймова, Қ.Ш.Молдасан Сатылай кешенді талдау, Алматы.: - 2005ж.-165 б.
4. Н.Я.Виленкин, А.Н.Виленкин, Г.С.Сурвилло, Ю.А. Дробышев, И.В.Дробышев, А.И. Кудрявцев Алгебра 8 класс: учебник для учащихся общеобразовательных учреждений и с углубл.изучением математики - М.: Просвещение, 2010. – 303 с.
5. М.Л.Галицкий, А.М.Гольдман, Л.И.Звавич.-Сборник задач по алгебре. 8-9 классы- 16-е изд.-М.:Просвещение, 2011.-301 с.
6. А.Г.Мордкович, Е.Е.Тульчинская Алгебра. 7-9 классы.Тесты для учащихся общеобразовательных учреждений- 9–е изд., - М.:Мнемозина, 2011.- 119 с.
7. А.П.Ершова, В.В Голобородько, А.С.Ершова, Самостоятельные и контрольные работы по всем важнейшим темам курса алгебры и геометрии 8 класса. -8 –е изд., испр. и доп. – М.:-2014-240 с.

## **ЭССЕ ЖАЗУ**

## Кіріспе

Білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімімен педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары өзгерді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) өзгерістер енгізілді. Жаңа өзгерістегі жаңалық – педагогтерді аттестаттау тәртібіне «эссе» кезеңі енгізілді. Нәтижесінде аттестаттаудан өтетін барлық педагогтерден эссе жазу талап етіледі.

Қағидаларға сәйкес педагогтер аттестаттаудың 4 кезеңінен өтеді:

- 1) біліктілік тестілеу;
- 2) эссе;
- 3) біліктілік бағалау;
- 4) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау.

Эссенің басқа кезеңдерден ерекшелігі – бағаланбайды. Бірақ, аттестаттаудан өтетін педагогтерден эссе жазу талап етіледі және жұмысты аттестаттау комиссиясы қарайды. Эссе арқылы педагогтің тақырыпты құрылымдай білуі, ойды дәйектеуі мен ақпаратты сауатты жеткізу, өз көзқарасын білдіру, оның дәлелдеу қабілеттері бағаланады. Егер педагогтердің біліктілік санаттарын алудағы біліктілік тестілеу, біліктілік бағалау және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңдері педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім болса, эссе жазу арқылы педагогтің өз көзқарасын негіздеу, ойын жүйелі жеткізу және сыни ойлау қабілетін байқауға болады.

Эссе – прозалық әдеби жанр. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «Эссе – бұл философиялық, әдеби-сыни, тарихи-өмірбаяндық, публицистикалық прозаның жанры, ол автордың жеке ұстанымын көрсетеді» [1]. «Эссе» сөзі француз тілінен енген және тарихи түрде латынның *exagium* (өлшеу) сөзінен шыққан. Француз тілінен аударғанда «очерк» немесе «нобай» деген мағынаны білдіреді.

Эссе автордың субъективті көзқарасын, белгілі бір мәселеге қатысты ұстанымы мен ойын көрсетеді. Жазудың бұл стилі автордан белгілі бір сұраққа толық жауап беруді талап етпейді, тек сол мәселеге қатысты өз ойын нақты жеткізуін және оны негіздермен дәйектеуін талап етеді. Сол себепті эссе жазу арқылы автор өз ойын қисынды, нақты, дәйекті және оқырманға сауатты жеткізу қабілетін дамытады. Бұл жанр педагогтердің өз ойын қағазға сауатты түрде түсіріп жеткізе білу қасиетін ашады.

Әдістемелік ұсынымдарда педагогтерге эссе жазуда ескерілетін үлгілер

ұсынылған, эссенің түрлері, құрылымы, стилі туралы ақпарат берілген.

Әдістемелік ұсынымдар үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда эссе және оның түрлері туралы түсінік жазылған. Екінші тарауда мазмұны, құрылымы және оған қойылатын талаптар көрсетілген. Үшінші тарауда эссе жазу бойынша педагогтерге ұсынымдар мен үлгілер ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беру ұйымдардың педагогтеріне, әдіскерлеріне және эссе жазуға қызығушылық танытқан көпшілікке арналған.

## 1. Шетелдік және отандық тәжірибеге шолу: эссе туралы түсінік

Эссе деген терминге әртүрлі түсініктемелер беріледі. «Қазақ әдебиеті тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздігінде «Эссе – әдеби, философиялық, әлеуметтік және басқа да тақырыпта еркін түрде жазылған жүйеге салынбаған, ғылыми емес очерк» [2] деп анықталған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма» [3], ал баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігінде «Эссе – берілген тақырып бойынша өз ойы мен пайымдауын жеткілікті еркін формада баяндай алатын шағын жазба жұмысы» [4] деп көрсетілген. Жетекші эссеист Олдос Хаксли эссе дегенімізге «Эссе – бұл кез-келген нәрсені айтуға мүмкіндік беретін әдеби әдіс» [5] және «Дәстүр бойынша, эссе-бұл қысқа үзінді» деп түсініктеме берген.

Эссе жанрының негізін қалаушы француз жазушысы, философ Мишель Монтень болды. Ол 1580 жылы «Тәжірибелер» атты еңбегінде қоғам мен адамның тағдыры туралы ойларымен бөлісті [6]. Дегенмен басқа да авторлардың да осындай жанрлық шығармалары болғанын айтып өткен жөн. Мысалы, орта ғасырда заманауи Қытай аумағында мемлекеттік қызметшілер жұмысқа тұруға үміткерлерден алынатын сегіз кезеңнен тұратын жазбаша емтихан эссе болатын [7]. Бұл емтиханда үміткерлердің Конфуций ілімін, үкіметтік идеалдарды білуі тексерілді, сонымен қатар дәйекті жазу, дәлел келтіру сияқты басқа да дағдыларына мән берілді. Ал, эссеге жақын жазу стилі Жапонияда «дзуйхицу» деп аталатын әдеби жанрмен дамыған. Бұл жанрдағы шығармалар автордың жеке ойлары мен фрагменттік идеяларымен ерекшеленеді [8].

Эссе соңғы жылдары емтихандарда, аттестаттаулар мен сынақтарда кең қолданылады. Бүгінгі таңда эссе жазу білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларына енгізілген және жұмысқа орналасуда талап етіледі [9]. Мысалы, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания сияқты елдерде эссе жазу білім алушылар мен студенттердің білімін тексерудің маңызды құралы болып табылады [10]. Сондай-ақ, кейбір жұмыс орындарына, әсіресе Америка Құрама Штаттары мен еуропалық елдердегі мемлекеттік және жеке ұйымдардағы лауазымдарға тұру үшін үміткерлерден эссе жазу талап етіледі. Осы арқылы жұмыс берушілер үміткерлердің өз ойын жазбаша жеткізу, дәйектеу, аргументтер мен контраргументтер келтіру қасиеттерін сынайды.

### Эссе түрлері

Эссені дұрыс жазу үшін, алдымен, оны басқа жанрлардан ажырататын ерекшеліктерін білу қажет. Эссенің кейбір белгілері:

– өрбітетін нақты тақырыптың немесе сұрақтың болуы. Эссе жанрындағы жазба бір мәселе төңірегінде дамып, көтеріліп отырған тақырыпты ашуға, талдауға, ойды аргументтеуге арналады.

– эсседе белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша автор жеке көзқарасын білдіреді және оны аргумент арқылы дәлелдейді, тақырыпты толық түсіндіру, жан-жақты ашу талап етілмейді.

– әдетте, эссе дәлелдеуді, сол мәселеге субъективті көзқарасты қажет етеді, мұндай жұмыс философиялық, тарихи-өмірбаяндық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе таза көркемдік сипатта болуы мүмкін;

– эссе мазмұнында ең алдымен автордың жеке көзқарасы, оның дүниетанымы, ойлары мен сезімдері көрсетіледі [11].

Жоғарыдағы белгілерден шығатын түйін – эссе жанры авторға шығармашылық еркіндік беріп, авторға өз ойын еркін білдіруге, берілген тақырыпты субъективті бағалауға, материалды біржақты ұсынуға мүмкіндік береді. Эсседе авторлық көзқарас және ол көзқарастың қалыптасуына негіз болған аргументтер келтіріледі. Басқа жазба жанрлардан, оның ішінде шығармадан айырмашылығы, эссе оқырманды ойлануға, автордың көзқарасына қарай бейімделуіне бағыттайды.

Төменде эссенің кең тараған түрлері және олардың арасындағы айырмашылықтар туралы қысқаша ақпарат ұсынылған (1-сурет).



1-сурет. Эссенің түрлері

**Сипаттамалық эссе** – бұл кез-келген нысанды (зат, адам, жануар, құбылыс, процесс және т.б.) сипаттауға арналған эссе жанрының бір түрі. Эссе жазу барысында нысанның негізгі сипаттамаларын ғана емес, сонымен қатар автордың сезімдері мен эмоцияларын көрсету маңызды. Мәтінде сынға алу және талдау болмайды.

Сипаттамалық эссе жазудың негізгі критерийлері – оқырмандар үшін тақырыпты жаңа қырынан көрсету жолдарын табу, қызықтыру. Оқырмандарға автордың не айтқысы келетініне елестетуге және сезінуге мүмкіндік беру.

Сипаттамалық эссе жазбас бұрын, ең бірінші, нақты тақырып таңдап алу қажет, себебі жалпылама немесе нақты емес тақырып болса, бұл авторға



тақырып мазмұнын толық ашуға және мәтін көлемін сақтауға қиындық туғызады. Тақырыпты анықтағаннан кейін әдебиеттерге шолу жасап, әртүрлі дереккөздерден қызықты фактілерді іздестіру қажет.

Эссе мазмұны оқырманды қызықтыруға арналғандықтан, алғашқы жолдардан бастап эссені әрі қарай оқығысы келетін маңызды, құнды, қызықты нәрсе айту керек. Бұл қандай да бір өзекті мәселе туралы тың мәліметтер, статистика, ерекше ақпараттар, қызықты оқиғалар, дәйексөздер болуы мүмкін.

**Хабарламалық эссе** – оқиғаларды белгілі бір ретпен сипаттайды, көбінесе хронологиялық, белгілі бір оқиғаны баяндайды. Әдетте, автор оқиғалардың реттілігін көрсетіп қана қоймай, оларға деген көзқарасын да білдіреді.

**Аргументативті эссе** – логикалық негізделген фактілерге сүйене отырып, оқырманды белгілі бір пікірмен келісуге, кейбір әрекеттерді орындауға немесе екеуін де жасауға көндіруге тырысады. Бұл эсседе автор пікір ғана білдіріп қоймай, бір нәрсені жақтап немесе оған қарсы дәлел келтіреді және бұл дәлелді фактілермен растайды. Аргументативті эссенің авторлары өз мақсатына беделді тұлғалардың пікіріне, статистикалық мәліметтерге және т.б. пайдаланып ұтымды әсер беруге қол жеткізеді. Кәсіби салаларда кең таралған жазбаша шығармашылықтың түрі.

Эссенің бұл түрінің мақсаты – кез келген мәселені немесе тақырыпты терең қарастырып, дәлелдер келтіру арқылы шешу жолдарын көрсету. Мұндай эсседе әр түрлі көзқарастарды келтіре отырып, талқыланатын тақырыптың барлық аспектілерін жан-жақты зерттеу керек.

Аргументативті эсседе автор өз көзқарасын нақты білдіріп, оның басқа көзқарастардан артықшылықтарын көрсетіп, осыған негізделген қорытынды жасауы керек.

**Салыстырмалы эссе** – қарастырылып отырған нысанның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Тақырыптағы ұқсастығын көрсету – салыстырмалы эссенің мәні. Алайда, айырмашылықтарды атап өту қажет. Содан кейін тиімді салыстыру үшін екі нысанның да айырмашылықтарын зерттеу керек. Екеуінің арасындағы айырмашылықтарды зерттей отырып, олардың байланысы туралы түсініктеме беру қажет. Бастаудың ең тиімді тәсілі – салыстырып отырғандардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарының тізімін жазу.

Қорытындылай келе, эссе – бұл академиялық жазба. Автордың белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша жеке көзқарасы мен ойын білдіреді.

Эссе жазу авторға ойларын анық және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, талдауға, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға, ұғымдарды тиісті мысалдармен суреттеуге, өз тұжырымдарын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

## 2. Эссенің құрылымы мен талаптарының негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) өзгерістер енгізілді. Қағидалардың «Аттестаттауды өткізу тәртібі» деп аталатын 2 тарауына сәйкес аттестациядан өту барысында педагогтерге эссе жазу кезеңі енгізілген<sup>6</sup>.

Қағидалардың «Эссе жазу тәртібі» деп аталатын 2-параграфында эссе бойынша аттестаттаудан өтушілерге қойылатын негізгі шарттар көрсетілген. Осы параграфтың 54 тармағына сәйкес «Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады.

Берілетін уақыт – 30 минут.

Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз.

Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде [ngt.testcenter.kz](http://ngt.testcenter.kz) сілтемесі бойынша көрсетіледі» және Қағидалардың 55 тармағына сәйкес жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады.

Эссе жазу шарттары:

– эссе жазуға берілетін уақыт – 30 минут, жазбаны мерзімінен ерте аяқтауға болады, алайда одан асыруға болмайды;

– эсседегі сөз саны 250-ден кем болмауы және 300-ден аспауы тиіс;

– аттестаттаудан өтушілер жазуы тиіс эссе тақырыбын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекітеді;

– эссе педагогтің жеке кабинетінде сақталады, сондықтан ол кабинетке кіруге рұқсаты бар тұлғалардан (уәкілетті органдардың қызметкерлері мен аттестаттау комиссиясы мүшелері) басқаларға жазба қолжетімсіз.

### Эссе құрылымы

Эссе көп жағдайда бір тақырып аясындағы мәселені қозғайды. Сондықтан эссенің құрылымы бірнеше абзацқа бөлінеді, себебі бір тақырыпты бір абзацпен жазу күрделі және оқырманға түсінуге ауыр. Әр абзацта тақырып аясындағы бір ой жазылады, сол арқылы автордың көзқарасы негізделеді. Барлық абзацтар кіріспе және қорытынды бөлімдер арқылы біріктіріледі. Егер

---

<sup>6</sup> Ескертпе: Эссе тек педагогтердің – педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші және педагог-шебер біліктілік санатына өту үшін ғана жазылады.

автор жазбаны дұрыс құрылымдай алса, онда эссе сапалы шығады. Сондықтан эссені жазғанда, оның құрылымын дұрыс қарастыру, абзацтарға тиімді бөлу маңызды.

Алдыңғы тарауда жазылып кеткендей эссенің ортақ қабылданған стандартты құрылымы жоқ. Бұл еркін жанр болғандықтан, оны автор өзінің еркіне қарай құрылымдай алады. Алайда, эссенің құрылымы қисынға сай болуы керек. Эссе құрылымын анықтайтын жалғыз шарт – логика. Көп жағдайда эссе Кіріспеден, автордың көзқарасы дәйектелетін абзацтардан (Негізгі бөлім) және жалпы ой түйінделетін Қорытындыдан тұрады.

## **Кіріспе**

Бұл бөлімде тақырыптың негізгі мәні, автордың ұстанымы және эссенің құрылымы немесе автордың ойы бұдан әрі қалай өрбитіні көрсетіледі. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйексөз т.б. болуы мүмкін. Кіріспе бөлімінің мазмұнын мынандай бағытта өрбіту ұсынылады:

- тақырып және эссенің мақсаты жазылады;
- оқырманды қызықтырады;
- автордың тақырыпқа қатысты ұстанымы ұсынылады;
- автор өз ұстанымын қалай дәйектейтінін баяндайды.

Кіріспе оқырманды баурап алатындай болғаны жөн. Бұл бөлім оқырманға эссе жайлы алғашқы пікірді қалыптастырады, сондықтан басынан бастап қызықтыруға тырысу қажет. Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссені аяғына дейін оқуға итермелейді. Сондықтан, осы абзацты жазуға ерекше ықылас қойып, оқырманды қаралатын мәселеге тарту маңызды.

## **Негізгі бөлім**

Бұл бөлім көп жағдайда екі немесе одан да көп абзацтан тұрады. Негізгі бөлімде автордың ойлары тезистермен ұсынылуы керек, әр тезис дәлелдермен расталуы қажет. Әр абзацта бір тезис дамытылады, автордың ұстанымы дәлелдермен нақтыланады. Әдетте, негізгі бөлімдегі абзац бірнеше тармақшалардан тұрады:

- тезис;
- дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын деректер);
- тұжырым (негізгі мәселеге жауап).

Көбіне абзацтың алғашқы сөйлемі автордың көзқарасын, ойын білдіретін тезиспен басталады. Келесі сөйлемдерде сол пікірді негіздейтін дәлелдер (аргументтер) беріледі. Дәлелдерге оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіруге бағытталған фактілер жатады. Бұл жағдайда дәлел ретінде статистикалар, өмірлік мысалдар, түрлі зерттеулердің нәтижелері, ғалымдардың пікірлері, құбылыстар мен оқиғалардың салдарлары, заттар т.б. қарастырылады. Автордың жеке ойы, жалаң фактілер

дәлел ретінде қарастырылмайды. Әдетте негізгі бөлімдегі әрбір абзац жалпы тұжырыммен аяқталады. Мұндай жағдайда абзацтың формуласы былай болады:

### **ТЕЗИС + ФАКТ/ДӘЛЕЛ + ТАЛДАУ + ТҰЖЫРЫМ**

Осы формула негізгі бөлімдегі абзацтардың санына байланысты 2-3 рет қайталанатын.

Эсседе автор өз ойын түрлі аргумент арқылы дәлелдеуі маңызды болғандықтан, келтіретін дәлелдер мен мысалдардың нақтылығы өзекті. Дәлел келтіргенде мыналарды ескерген жөн:

- дәлел мағыналы, логикалық, оқырманды сендіретін болуы тиіс;
- дәлел эссе авторының пікірімен ұштасуы керек;
- дәлелдің түсіндірмесі аясында толық мағлұмат беру маңызды;
- мысалдар арқылы дәлелдеу және өз дәлелдерін негізгі идеямен байланыстыру өзекті;
- алынған мысалдардың тақырыпқа сай, орынды қолданылуын ескеру қажет.

### **Қорытынды бөлім**

Соңғы абзац негізгі бөлімде талқыланған мәселелерді қорытып, бір тұжырымға келген сөйлемдерден тұрады. Бұл тармақта негізгі бөлімде ұсынылған және дәйектелген барлық тұжырымдар біріктіріледі. Соңында мәселе қайта қайталанатын және қорытынды шешім жасалады. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде автордың қисынды көзқарасын түсінеді.

### **Эссе жазудың алгоритмін құру қадамдары**

Эссе жазу процесі жоспарлы түрде жүзеге асады (жоспарға бағынады, немесе жоспарлауды қажет етеді), автор жазбаны қағазға түсірудің әрбір қадамын алдын ала білгені абзал. Қағидаларға сәйкес аттестаттаудың эссе кезеңіне берілетін уақыт 30 минут. Бұл эссе жазушының әдебиеттер, материалдар мен дереккөздер іздеуіне қосымша уақыты болмайтынын білдіреді. Сондықтан педагог өзінің осыған дейін жинаған білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, эссе жазуды жоспарлайды.

Жазу процесін жоспарлау белгілі бір алгоритмнен тұрады. Қағидаларда көрсетілген талаптарға икемделіп жасалған эссе жазудың алгоритмі 1-кестеде берілген. Эссені ұсынылған алгоритм қадамдары негізінде жазуға болады. Кестеде әр кезең үшін жұмсалатын ықтимал уақыт көлемі де берілген, педагогтердің эссе барысында уақытты ұқыпты есептеуі өте маңызды.

## 1-кесте. Эссе жазудың алгоритмі

№	Кезең	Ықтимал уақыт
1	Тақырып таңдау, мәселені түсіну	1 минут
2	Тақырып бойынша идеяларды, ақпаратты жүйелеу	3 минут
3	Кіріспе бөлімін жазу	3 минут
4	Негізгі бөлімнің бірінші абзацын жазу	7 минут
5	Негізгі бөлімнің келесі абзац(тар)ын жазу	8 минут
6	Қорытынды бөлімді жазу	3 минут
7	Мәтінді сыни көзқараспен қайта оқып шығу	5 минут

Бұл алгоритмдегі ең бірінші қадам – тақырып таңдау. Себебі кез келген жазба жұмысы, алдымен, тақырыпты таңдаудан және тақырыпта нақты қандай мәселе көтеріліп отырғандығын анықтаудан және түсінуден басталады. Тақырып таңдағанда автор төмендегі сұрақтарды өзіне қоюы маңызды:

- Тақырып қай салаға қатысты?
- Не туралы жазуды талап етіп отыр?
- Тақырыптағы кілт сөздер қандай?
- Тақырып туралы не білемін?

Мысалы: «Көшбасшы педагог қандай болуы керек?» тақырыбында эссе жазу керек. Алдымен, тақырыптың негізгі кілт сөздерін анықтап алу керек. Бұл жағдайда кілт сөздер «көшбасшы» және «педагог» болып тұр. Эссе заманауи педагогті басқа әріптестерінен ерекшелейтін, озықтығын көрсететін қасиеттері туралы жазуы қажет. Тақырыпты деконструкциялау арқылы ондағы сөздердің ара-жігін ажыратқан адам ғана эссені жақсы жазады.

Эссе жазудың екінші кезеңі – тақырып бойынша ақпараттарды бір жүйеге келтіру. Бұл тұста уақыт тапшылығына байланысты педагогтерге тақырып бойынша жазылатын ақпаратты ойында жүйелеу туындайды. Автор ақпаратты оқырманға қалай жеткізетінін, эссені қалай құрылымдайтынын, қандай тезистер мен аргументтер келтіретінін, мәтіндегі сөйлемдерді ауызша құрастыра бастайды. Сондықтан бұл жазбаның архитектуралық үлгісі сызылатын кезең.

Автор тақырып бойынша өз білімі мен тәжірибесіндегі ақпаратты ауызша жүйелегеннен кейін, оларды қағазға түсіру кезеңдері басталады. Бұл кезең эссе жоспарындағы абзацтарға сәйкес жазылады. Осы кезеңде педагог әр абзацті жазу барысында ойындағы жоспарды қайта қарап, түзетіп отыруы маңызды. Алайда түзету барысында жалпы құрылым сақталып, берілген тақырыптан ауытқымау қажет.

Эссе жазудағы ең соңғы қадам – жазылған мәтінді сыни көзқараспен шолып шығу. Автор міндетті түрде осы кезеңге уақыт қалдыруы тиіс. Себебі соңғы шолу кезеңінде автор мәтіндегі сөз тіркестерінің, терминдер мен анықтамалардың орынды пайдаланылғандығын тексереді. Сөйлемдердегі орфографиялық, стилистикалық және пунктуациялық қателерді түзетеді. Сонымен қатар, жалпы идеяны дұрыс беру мақсатында эсеге кішігірім өзгерістер енгізуге мүмкіндігі болады. Осындай себептерге байланысты соңғы кезеңде түзетуден өткен эссенің сапасы жоғары болады.

Сондай-ақ, эссе сапалы шығуы үшін төмендегі параметрлерге де назар аударған жөн:

- автордың жеке көзқарасын білдіру;
- мәтінді жинақы, анық, түсінікті етіп жазу;
- логикалық заңдылықты және ойдың бірізділігін сақтау;
- креативтілік, тың және жаңа идеяларды қолдану, басқалардан ерекшелену;
- сөз тіркестерін, синонимдерді, терминдерді қолдану (алайда қысқарған және ауызекі сөздерді пайдаланбау);
- жалғаулық шылаулар мен есімдіктерді (сілтеу, жалпылау, т.б.) орынды қолдану;
- сауатты жазу (грамматикалық, пунктуациялық, орфографиялық және стилистикалық);
- аргументтерді дәйекті етіп беру (ғылыми негіз, статистикалық фактілер, нақты өмірлік мысалдар).

